



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2022 ЖЫЛ

2-бөлім

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ 2022 ЖЫЛ

2-бөлім

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
---------------	---

1

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

1.1 Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату аясындағы критериалды бағалау жүйесі	7
---	---

2

БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

2.1 Оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)	10
2.2 Білім беру платформалары	10
2.3 Педагогикалық шеберлік орталығының кітапханасы	15
2.4 Педагогикалық шеберлік орталығының басылымдары	15

3

ОҚУШЫЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

3.1 Тәрбие жұмысы	21
3.2 Робототехника	25

4

ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫН КӘСІБИ ДАМУ

4.1 Қазақстан Республикасының педагог кадрларының біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламалары	31
4.2 Тренерлер құрамын дайындау	38
4.3 Қазақстан Республикасының педагог кадрларының біліктілігін арттыру	39
4.4 Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары шеңберінде бағалау	40
4.5 Курстық оқыту сапасының мониторингі	43
4.6 Педагог кадрларды курстан кейін әдістемелік қолдау	46

5

ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУДАҒЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

5.1 Тәжірибені ұлттық деңгейде тарату	53
---	----

6

«АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАСЫ	67
---	----

7

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

ҚОРЫТЫНДЫ	112
ҚОСЫМШАЛАР	113
ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	118

КІРІСПЕ

Кез келген мемлекет пен қоғам экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі – тиімділігі жоғары білім беру жүйесі.

Қазіргі қазақстандық қоғам әлеуметтік жаңғыруымен және білім беру жетекші орын алатын әлемдік үдерістерге кірігуімен сипатталады. Республиканың білім беру саласындағы үрдістері мен оның әртүрлі деңгейлерінің алдында тұрған міндеттері олардың жалпы білім беру жүйесіндегі рөлін, қызметі мен орнын қайта қарау және оларды одан әрі дамытудың жаңа тәсілдемелерін әзірлеу қажеттілігін өзекті етеді.

Отандық білім беру жүйесінің жаңартылған білім беру мазмұнына толыққанды көшуі білім берудегі құзыреттілік тәсілдемесі аясында педагог мамандардың білім беру үдерісінің дербестену жағдайында жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыруға жаңа талаптар қояды.

Инновациялық және эксперименттік қызмет, апробация және практикаға енгізу іс-тәжірибені жалпылауға, таратуға және еліміздің жаппай педагогикалық практикасында қолдануға мүмкіндік беретін педагогикалық қызметтің жаңа үлгілерін жасауға алып келді.

Тиімді педагогикалық тәжірибені жалпылау және таратуға қатысты жұмыс, сондай-ақ идеяларды насихаттау жүйелі түрде ұйымдастырылған жағдайда табысты нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ал зерделенген және зерттеуден өткен тәжірибе басқа педагог мамандар мен білім беру ұйымдарына түсінікті болады және қабылданады, бұл уақыт өте келе олардың кәсіби қызметінде сапалы нәтижелерге қол жеткізуіне алып келеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 8 сәуірдегі тапсырмасына сәйкес еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне тәжірибені таратуға бағдарланған жүйелі жұмыс «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ) қызметінің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі болып саналады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» іс-тәжірибесін тарату ДББҰ-ның 2030 жылға арналған даму стратегиясына (Жоғары Қамқоршылық кеңесінің 1 желтоқсандағы 2018 жылғы шешімі), 2014-2028 жылдарға арналған білім беру мазмұнын жаңартудың жол картасына (ҚР БҒМ 2014 жылдың 18 тамызы күні бекіткен), 2014-2027 жылдарға арналған 12 жылдық білім беруге көшу жөніндегі жұмыс жоспарына (ҚР БҒМ-ның 2014 жылдың 21 тамызындағы №358 бұйрығы), ДББҰ-ның 2023 жылға дейінгі тәжірибені тарату жоспарына (ДББҰ Басқармасының 2020 жылдың 25 желтоқсанындағы №58 шешімі) сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл есепте ДББҰ-ның отандық білім беру жүйесіне және халықаралық білім беру кеңістігіне тәжірибе тарату қызметінің материалдары ұсынылған.

2022 жылы «НЗМ» ДББҰ тәжірибесін тарату жұмысының негізгі қорытындылары

2022 жылғы 14 шілдеде «Қазақстан халқына» ҚҚ және «Білім беруді тұрақты дамыту қоры» ҚҚ бірлесіп «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын жүзеге асыру туралы үшжақты меморандумға қол қойды, оған **Қазақстан Республикасының 17 ауылдық мектебі** қатысады.

2022 жылғы 21-22 қазанда әлемнің түкпір-түкпірінен білім беру саласының танымал өкілдерін біріктірген **«Оқыту, тәрбиелеу, жақсы көру: Қазақстандағы Балалар жылы»** тақырыбында XIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

2022 жылғы 4-6 қазан аралығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша «НЗМ» ДББҰ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің гуманитарлық ынтымақтастығының мемлекетаралық қорының қолдауымен **«Жаңа жағдайдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру және пандемиядан кейінгі кезеңдегі білім беру үдерісін түрлендіру»** тақырыбында мұғалімдер мен білім беру қызметкерлерінің VII съезін ұйымдастырды және өткізді.

2022 жылғы 15 тамызда Республикалық тамыз конференциясы аясында Педагогикалық шеберлік орталығы (бұдан әрі - ПШО) онлайн форматта секциялық отырыстар өткізді, оған еліміздің 20 өңірінен **6 000-ға жуық мұғалім** қатысты. **«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына қатысушылар үшін** Zoom платформасында онлайн форматта секциялар өткізілді. Еліміздің педагог мамандарына білім берудегі үздік тәжірибелер мен заманауи трендтер көрсетілді. **ДББҰ-ның 52 спикері** өз тәжірибелерімен бөлісті, Zoom платформасында **300-ден астам тірек мектептердің педагогтерін** қамти отырып, қазақ және орыс тілдерінде **13 пәндік сессия** өткізілді. БББО қызметкерлері қазақ және орыс тілдерінде **функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша 27 практикалық сессия ұйымдастырды.**

ҚР БҒМ-ның 2022 жылғы 3 наурыздағы №5-13-2/928-И хатының негізінде қазақстандық білім беру тарихында алғаш рет **орта білім беру мазмұнын әзірлеу саласындағы халықаралық маман, ЭЫДҰ сарапшысы, доктор Фил Ламберттің (Сидней қ., Аустралия) қатысуымен 229 білім беру бағдарламасын әзірлеушіге ауқымды оқыту жүргізілді.** 22 мектеп пәні бойынша оқыту семинарлары өткізілді.

«Eurasian Book Fair - 2022» V Еуразиялық Халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде «Педагогикалық диалог» журналы «Мектептің құндылықтары мен мәдениеті» (2021 жылғы №2 (36)) басылымы үшін **«Ғылым және Инновация» номинациясында II орынды және «Үздік оқу кітабы» номинациясында III орынды иеленді.**

ACQUIN (Германия) аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институтында әртүрлі санаттағы мұғалімдерге арналған 11 білім беру бағдарламасы аккредиттеу рәсімінен өтті. ACQUIN (Германия) аккредиттеу агенттігінде **«Мектеп командасы: тиімді басқару және білім беру сапасы»** атты 11 білім беру бағдарламасының **Халықаралық аккредитациясы** 2023 жылғы қаңтарда Байройт қаласында (Германия) **«Шартсыз аккредиттеу» мәртебесін алды.**

«Атырау облысының орта білім беру жүйесін дамытуға қолдау көрсету» жобасы өз жұмыс жалғастыруда.

ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы №390 қаулысымен бекітілген «Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларына (Арнаулы бағдарлама)» сәйкес конкурстық іріктеу рәсімдері алғаш рет өткізілді.

Кәсіби стандарт әзірленді және ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілді.

«Жас ұстаз: табысқа апарар жол» республикалық жобасы жүзеге асырылды. 2022 жылдың тамыз айында Астана қаласында ҚР Оқу-ағарту министрінің қатысуымен **Жас мұғалімдердің I республикалық форумы** ұйымдастырылды және өткізілді. 2022 жылдың қазан айында еліміздің 20 өңірінің әрқайсысында «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» өңірлік форумдары ұйымдастырылды және өткізілді. Оған жалпы білім беретін мектептердің **3 000-нан астам жас мамандары** қатысты.

25 елдің өкілдерінен тұратын **WALS сараптамалық кеңесі «НЗМ» ДББҰ базасында Астана қаласында WALS-2024 халықаралық конференциясын** өткізу туралы ұсынысты қарастырып, дауыс берді және ресми түрде шешім қабылдады.

1

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

1.1

Зияткерлік мектептердің тәжірибесін
тарату аясындағы критериалды
бағалау жүйесі

1.1 Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату аясындағы критериалды бағалау жүйесі

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде критериалды бағалау жүйесін жүзеге асыруды әдістемелік қолдау мақсатында Педагогикалық өлшеулер орталығы (бұдан әрі - ПӨО) пәндер мен оқыту тілдері бойынша 4, 9, 10 сыныптар үшін тоқсандық жиынтық бағалаудың 87 спецификациясын, 3, 6, 8 сыныптар үшін бір жылдық жиынтық бағалаудың 47 спецификациясын әзірледі, 2-11 сыныптардың жекелеген пәндері бойынша тоқсандық жиынтық бағалауға қатысты 23 спецификациясы жаңартылды. Спецификациялардың өзекті нұсқалары жүйелік-әдістемелік кешеннің (бұдан әрі - ЖЭК) сайтында жарияланды.


Жалпы білім беретін республикалық мектептердің 9 (10), 11 (12) сыныптарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін 2022-2023 оқу жылында 4 776 тапсырма әзірленді, Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің қатысуымен емтихан материалдарын сараптау бойынша екі жұмыс кездесуі өткізілді.

«Математика», «Физика», «Химия», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерінен қорытынды аттестаттау тапсыр-

маларының түрлеріне және оларды бағалау тәсілдеріне шолуды қамтитын қазақ және орыс тілдерінде 21 бейнеролик әзірленді.

ҚР Білім беру қызметкерлерінің «Қазақстанның Ұлттық басымдығы: балалар және білім беру» атты тамыз конференциясы аясында «Математика», «Физика», «Химия», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерінен «Білім алушыларды қорытынды аттестаттау: формат, мазмұн, тапсырмаларды әзірлеу» тақырыбында ауылдық мектеп педагогтері үшін секциялық отырыстар өткізілді. Отырыс қатысушылары емтихан жұмыстарының форматын және білім алушыларды қорытынды аттестаттау тапсырмаларының мысалдарын, ресурстарды пайдалануды, тапсырмаларды әзірлеуге қойылатын жалпы талаптарды және балл қою үлгісін қарастырды, ағымдағы бағалау мен қорытынды аттестаттаудың өзара байланысын талқылады.

ПӨО сарапшылары «Математика», «Тарих», «География» пәндері бойынша мұғалімдерінің республикалық съездеріне қатысты, онда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өзекті мәселелері талқыланды.



Республикалық мұғалімдер съезі

2022 жылғы 6 желтоқсанда Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқытудың бір бөлігі ретінде» тақырыбында

дөңгелек үстел өткізілді, оған халықаралық және қазақстандық спикерлер, сондай-ақ 2 500-ден астам мұғалім қатысты.



*«Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқытудың бір бөлігі ретінде»
тақырыбындағы дөңгелек үстел*

2022 жылғы желтоқсанда Қостанай облысының 80 жас педагог маманы үшін критериалды бағалау тәсілдерін қолдану, рәсімдерді ұйымдастыру және бағалау құралдарын жасау бойынша екі вебинар өткізілді.

ЖӘК сайтында және ПӨО ақпараттық ресурстарында қорытынды аттестаттау бойынша бейнероликтер, дөңгелек үстел және вебинар материалдары жарияланды, критериалды бағалау жүйесі мәселелері бойынша педагогтерге ақпараттық және кеңес беру бойынша жүйелі жұмыс жүзеге асырылуда.

2

БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

2.1

Оқу-әдістемелік
кешендер (ОӘК)

2.2

Білім беру
платформалары

2.3

Педагогикалық
шеберлік орталығы-
ның кітапханасы

2.4

Педагогикалық
шеберлік орталығы-
ның басылымдары

2.1 Оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)



Қорландыру циклі аясында «Қазақ тілі (Т1)», «Әдебиеттік оқу», «Қазақ тілі (Т2)», «Орыс тілі (Т2)», сондай-ақ «Дүниетану», «Математика», «Жаратылыстану», «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері бойынша қазақ және орыс тілдерінде **1-сыныпқа арналған 15 оқулық пен ОӘК қайта қаралды.**

Оқулықтардың сапасын арттыру жұмысы пәнаралық кіріктіру, неғұрлым ауқымды зерттеу тәсілін енгізу және халықаралық стандарттар мен қазақстандық тұжырымдамаларды (соның ішінде CEFR, Педагогика ғылымдары академиясының «Заманауи оқулық тұжырымдамасы», «Қазақ музыкасының теориясы») басшылыққа ала отырып, ғылыми кеңесшілер

мен салалық мамандарды тарту арқылы жүргізілді. Оқушының жас және әлеуметтік жағдайларының ерекшеліктеріне: жасына, оқу тіліне, тұрғылықты жеріне (қала - ауыл), ресурстардың қолжетімділігіне, инклюзивтілікке, оқушының жеке тәжірибесіне ерекше назар аударылды.

Қазақ және орыс тілдеріндегі «Дүниетану», орыс тіліндегі «Математика», «Жаратылыстану» және «Музыка» пәндері бойынша 2-сыныпқа арналған оқулықтар мен ОӘК орта білім беру ұйымдарына, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге арналған оқулықтар тізбесіне балама оқулықтар ретінде, оның ішінде ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 291 бұйрығына сәйкес электрондық түрде де енгізілді.



2-сыныпқа арналған оқулық мұқабалары


2.2 Білім беру платформалары

«Жүйелік-әдістемелік кешен» ақпараттық жүйесі (www.smk.edu.kz)



«NIS Ақпараттық технологиялар және сервис орталығы» жеке мекемесі (бұдан әрі - АТСО) ДББҰ Басқарма Төрайымының тапсырмасына

сәйкес 2016 жылы Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған «Жүйелік-әдістемелік кешен» ақпараттық жүйесін әзірледі <http://smk.edu.kz> (бұдан әрі - ЖӘК, жүйе).



ЖӘК-тің басты беті

2022 жылы жүйені дамыту және сүйемелдеу шеңберінде тиісті құрылымдық бөлімшенің сұранысы бойынша «Тәрбие жұмысы» жаңа бөлімі әзірленді. Материалдарды қосу бойынша

баптау жұмыстары жасалды, сондай-ақ аталған бөлімге материалдарды жүктейтін және жариялайтын қызметкерлер үшін кіру құқықтары берілді. Материалдардың жаңа түрлері енгізілді.

Тәрбие жұмысы

Тәрбие жұмысы бойынша жобалар Материал қосу

Бір немесе бірнеше сөз енгізіңіз

Пән Сыныптар Тіл

Оқу жылы Белсенді Жарияланған материалдар

Қолдану Қолданбау

Түріне қарай материалдардың саны

Тәрбие жұмысы бойынша жобалар

Мектеп кітапханасының инновациялық жобалары және әдістері

"Назарбаев Зияткерлік мектеп оқушыларына оқ..."
Авторы: Жолдасбекова Айша Калдыбаевна

"Таратуға тұрарлық идея" форматында "TED" NIS ...
Авторы: Кудайкүлова Г.С.

«Тәрбие жұмысы» бөлімі

ЖӘК беттеріне бірыңғай шешімді жүзеге асыру үшін Google Analytics тегтері қосылған. Бұл әртүрлі тегтерді алмастыруға мүмкіндік береді. Осы жұмыстың нәтижесінде веб-шолғышта атауы бойынша іздеу кезінде бұл жүйе бірінші болып көрсетіле бастады.

Педагогикалық өлшеулер орталығының сұранысына сәйкес «Критериялды баға-

лау жүйесі» бөлімінде «Білім алушыларды қорытынды аттестаттау» материалының жаңа түрі іске асырылды. Жоғарыда аталған материал түрін әзірлеу шеңберінде пән мен сыныпқа сәйкес қосу бойынша баптаулар орындалды, сондай-ақ 9, 11-сыныптардың бейнематериалдарын жүктеу және жариялау құқығы берілді.

Критериалды бағалау жүйесі

Критериалды бағалау бойынша нұсқаулықтар

Сөзді немесе бірнеше сөзді енгізіңіз

--Пән--

Сыныптар

--Тіл--

--Оқу жылы--

Белсенді

Жарияланған материалдар

Қолдану Босату

Типтер бойынша материалдар саны

Қалыптастырушы бағалауда
проактивті мұғалім болуКритериалды бағалау бойынша
нұсқаулықтарҚалыптастырушы бағалауға
арналған тапсырмалар
жинақтарыЖиынтық бағалауға арналған
әдістемелік ұсыныстарТоқсандық жиынтық
бағалаудың спецификацияларыОқу жылына арналған жиынтық
бағалау спецификацияларыБілім алушыларды қорытынды
аттестаттау

АПРОБАЦИЯ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ англ

Авторлар: Центр педагогических измерений

Система критериального оценивания

★★★★★

Ағылшын тілі

Әзірлеу жылы 2019

Орынды ж. бастап 2020-2021 оқу жылы

1 түсініктер

2338 Көрушілер

2020 ж. 9 қыркүйек, сарсенбі 15:27

АПРОБАЦИЯ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ каз

Авторлар: Центр педагогических измерений

Система критериального оценивания

★★★★★

Қазақ тілі

Әзірлеу жылы 2019

Орынды ж. бастап 2020-2021 оқу жылы

1 түсініктер

1922 Көрушілер

2020 ж. 9 қыркүйек, сарсенбі 16:49

АПРОБАЦИЯ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ

Авторлар: Центр педагогических измерений

Система критериального оценивания

★★★★★

Орыс тілі

Әзірлеу жылы 2019

Орынды ж. бастап 2020-2021 оқу жылы

1 түсініктер

1278 Көрушілер

2020 ж. 9 қыркүйек, сарсенбі 16:52

Пилоттық және бақылау мектептерінің 3-сынып...

Авторлар: Педагогикалық өлшеулер орталығы

Система критериального оценивания

★★★★★

3 сынып, Қазақ тілі

Әзірлеу жылы 2018

Орынды ж. бастап 2020-2021 оқу жылы

3 түсініктер

4371 Көрушілер


2020 ж. 9 қыркүйек, сарсенбі 16:52

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау

Білім беру бағдарламалары орталығының сұранысына сәйкес материалды қосу диалогында жариялау мерзімін көрсету мақсатында қай жылы әзірленгенін көрсету мүмкіндігі қосылды.

2022-2023 оқу жылына дайындық аясында өзекті оқу жылының техни-

калық ауысуы кезінде материалдарды «Белсенді» статусында сақтау мақсатында «Сабақты жоспарлау» және «Жұмыста пайдалануға арналған құжаттар» бөлімдерінде материалдарының карточкаларын редакциялау бойынша жұмыстар орындалды.



Тіркелген пайдаланушылар санының өсу динамикасы

Есептік кезеңде ЖӘК-ті пайдаланушылар санының өсу динамикасына сәйкес, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап тіркелген пайдаланушылар санының өсуі байқалады.

ЖӘК техникалық қолдауын іске асыру мақсатында Call-орталық, сондай-ақ пайдаланушылардың барлық өтініштерін тіркеуге бағытталған жобаларды басқару жүйесі жұмыс істейді. Осылайша, 2022 күнтізбелік жылдағы есепті деректерге сәйкес пайдаланушылардан кіру, аккаунтты қосу және парольді қалпына келтіру мәселелері бойынша 750-ден астам өтініш тіркелді және оларды мамандар өңдеді. ЖӘК жұмыс

істеген және іске қосылған сәттен бастап барлығы 14 593 өтініш тіркелді және мамандар оларды өңдеді.

Қазіргі уақытта ЖӘК-те еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің педагогтері қатарынан 428 000-нан астам пайдаланушы тіркелген. Кірген адамдар саны 22 542 012, қаралым саны - 18 412 381, жүктеу саны - 101 370 404, форумдағы хабарламалар саны - 6 614.

Қазақстан Республикасының облыстары бойынша пайдаланушылардың белсенділігіне қатысты статистикалық деректер кестеде көрсетілген.

ҚР облыстары бойынша пайдаланушылардың белсенділігі

№	Атауы облыстар	Кірген адамдар саны	Қаралым саны	Жүктелген файлдар саны	Материалға қатысты хабарламалар
1	Абай облысы	731	469	3 109	-
2	Ақмола облысы	1 389 394	1 204 800	6 822 629	251
3	Ақтөбе облысы	1 244 451	988 091	5 682 113	332
4	Алматы облысы	2 931 964	2 532 794	12 191 911	1 173
5	Алматы қ.	1 425 652	1 197 023	6 303 189	334
6	Астана қ.	690 457	546 314	3 404 917	206
7	Атырау облысы	1 065 372	805 194	4 221 119	131
8	Шығыс Қазақстан облысы	1 490 635	1 305 948	7 805 657	417
9	Жамбыл облысы	1 651 054	1 269 822	7 070 758	469
10	Жетісу облысы	1 263	964	4 990	1
11	Батыс Қазақстан облысы	1 037 965	759 215	5 047 562	337
12	Қарағанды облысы	1 530 871	1 335 624	7 051 746	520
13	Қостанай облысы	1 218 822	954 169	6 152 158	275
14	Қызылорда облысы	1 297 503	880 166	5 054 171	392
15	Маңғыстау облысы	703 519	612 668	2 562 439	312
16	Павлодар облысы	900 587	847 952	4 473 071	415
17	Солтүстік Қазақстан облысы	1 088 784	994 081	5 835 835	251
18	Түркістан облысы	2 013 566	1 577 328	8 264 714	601
19	Ұлытау облысы	173	143	683	-
20	Шымкент қ.	859 249	599 616	3 417 633	197
Барлығы		22 542 012	18 412 381	101 370 404	6 614

Тіркелген пайдаланушылардың жалпы саны - 428 287 адам.

«Online Mektep»**(<https://onlinemektep.org/login>)****Online Mektep - www.bilimland.kz**

білім беру порталының модулі, ол бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес барлық оқу пәндерінен цифрлық білім беру мазмұнын қамтиды. Мәселен, 2020-2021 оқу жылында қазақ және орыс тілдерінде 1-11 сыныптар үшін барлығы 24 074 сабақ сценарийі әзірленді.

Bilim Land ЖШС-мен бірлесіп әзірленген цифрлық білім беру платформасы (бұдан әрі - ЖШС) 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап жұмыс істейді және оқу үдерісінде өзінің тиімділігін көрсетті: Online Mektep платформасын пайдаланатын мұғалімдер саны - 304 792, Online Mektep платформасын пайдаланатын оқушылар саны - 2 626 775, қаралым саны - 3,55 миллиардтан астам.

Zero.kz деректеріне сәйкес қашықтан оқыту кезеңінде Online Mektep білім беру платформасы Қазнеттің ең көп қаралатын порталы болды. Қазіргі уақытта платформа оқушыларға аралас оқытуды (төңкерілген оқытуды) қамтамасыз ете отырып, жұмысты қарқынды жалғастыруда.

Қазіргі уақытта платформаға 5 105 жалпы білім беретін мектеп, оның ішінде 5 061 мемлекеттік және 44 жекеменшік мектеп қосылған. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің деректері бойынша елімізде 7 694 мектеп жұмыс істейді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ келісімшартының 6.2-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты немесе оған тең құжат өзгерген жағдайда және «Online Mektep» жобасы бойынша өнімдерді сатудан табыс түскен жағдайда сабақ сценарийлерін өзектендіру бойынша міндеттемелер қабылданды.

Мәселен, 2021-2022 оқу жылында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы (бұдан әрі - ҰБА) «Әліппе/Букварь», «Ана тілі/Обучение грамоте», «АКТ» пәндерінен жаңартылған оқу бағдарламаларын қайта қарады және оқу үдерісіне енгізді. Осыған байланысты аталған пәндер бойынша бірқатар сабақтардың сценарийіне өзгерістер жасалды, оларды Online Mektep платформасында жаңарту үшін қосымша әзірлеулер жүзеге асырылды.

2021-2022 оқу жылында «Әліппе», «Букварь», «АКТ», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша 1-4 тоқсан үшін 504 сабақ қайта қаралатын болады.



Online Mektep сабақтарына қатысты деректер

«Шамшырақ» және «Мектеп тренері» онлайн-алаңдары

Кәсіби даму мәселесіне қатысты қазақстандық педагогтермен белсенді қарым-қатынасты қолдау мақсатында ПШО әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін белсенді пайдаланады, ортақ кәсіби мүдделермен және өз жұмыс тәжірибесімен байланысты ақпарат алмасуға, оқыту және оқу, басқару және көшбасшылық, зерттеу тақырыптары бойынша кәсіби диалог құруға дайын педагогтер қауымдастығын біріктіретін өз онлайн-алаңдарын құрады және дамытады.

Анықтама: 2021 жылдан бастап ПШО Facebook әлеуметтік желісінде «Шамшырақ» және «Мектеп тренері» атты екі ашық кәсіби қоғамдастық құрды, онда мұғалімдер өз идеяларымен белсенді бөліседі, сабақтардың бейнематериалдарын қосады, подкасттар орналастырады және т.б.

Қазіргі уақытта «Шамшырақ» қауымдастығына **44 260**, «Мектеп тренері» қауымдастығына **17 700** қазақстандық педагог тіркелген.

«Шамшырақ» онлайн-алаңында 2022 жылғы жарияланымдардың тақырыбы Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев секілді қазақ ағартушыларының педагогикалық еңбектерін зерделеуге бағытталды.

145 бейнематериал орналастырылды: жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің сабақтары мен шеберлік сабақтары, подкасттар, «Мұғалімнің жетістікке жету тарихы» бойынша бейнепортреттер және т.б. Сонымен қатар жаңа айдарлар қосылды:

- «Жасампаз жас ұстаз», бұл айдарда жас педагогтер сабақта қолданатын лайфхактарымен бөліседі;

- «Әдістемелік қоржын», онда еліміздің педагогтеріне арналған әдістемелік құралдар орналастырылған;

- «Кітап – ұстазға да ұстаз», онда мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыру, кітап оқуға деген қызығушылықты дамыту бойынша материалдар жинақталған.

2022 жылдың сәуір айында «Сабақты қалай ұмытылмас етуге болады?» атты онлайн-байқау басталды. Оған жалпы білім беретін мектептердің педагогтері ғана емес, колледждердің, жоғары оқу орындарының және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері де қатысты. Жас мектеп

басшыларымен және еліміздің мұғалімдерімен тікелей эфирлер өткізу тәжірибесі жалғасуда, оның барысында әрбір тіркелуші өзін қызықтыратын сұрақтарын қоя алады.

«Мектеп тренері» онлайн-алаңында «Мектеп тренеріне арналған ескертпе», «Тренердің лайфхактары», «Бүгінгі күннің дәйексөзі», «Кәсіби әдебиеттерге шолу» және т.с.с. айдарларға қатысты 160-тан астам материалдар орналастырылды. 2022 жылы осы онлайн-алаңда 5 рет тікелей эфир ұйымдастырылды және өткізілді, онда ПШО тренерлері мектеп тренерлерімен бірлесіп мектептегі зерттеулердің нәтижелерімен бөлісті.

2.3 Педагогикалық шеберлік орталығының кітапханасы

ПШО кітапханасының қорында әртүрлі бағыттар бойынша **733** кітап бар: көркем әдебиет, кәсіби әдістемелік ұсынымдар, педагогикалық және іскерлік әдебиет, ғылыми және танымдық энциклопедиялар.

2022 жылы ПШО «НЗМ» ДББҰ қызметкерлері үшін тақырыптық үш кітап көрмесін ұйымдастырды:

1) **«Алаштың ұлы ұстаздары: А. Байтұрсынұлы мен М. Жұмабай»** көрмесі, ол А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына және М. Жұмабаевтың 130 жылдығына арналды;

2) қазіргі қазақ әдебиетіне арналған «Қазағымның әдебиеті» дөңгелек үстелі аясында ұйымдастырылған **«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»** көрмесі;

3) қазіргі қазақстандық ақындар мен жазушылардың шығармашылығына арналған **«Тәуелсіздікпен үндескен әдебиет»** көрмесі.

2.4 Педагогикалық шеберлік орталығының басылымдары

«Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналы



2012 жылдан бастап ПШО Кембридж университетінің білім беру факультетінің сарапшыларымен бірлесе отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналын (бұдан әрі – Журнал) басып шығарады. Журнал Қазақстан

Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде (Куәлік № 12804-Ж) және ISSN сериялық басылымдарын тіркеу жөніндегі халықаралық орталықта (ЮНЕСКО, Париж қ., Франция) (ISSN 2308-7668) тіркелген.

Журналдың мақсаты - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның озық тәжірибесін, білім беру саласындағы үздік отандық және әлемдік тәжірибені, ғалымдар мен педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялау.

ПШО ДББҰ мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін, Зияткерлік мектептер мен білім беру ұйымдарының педагогтерін өзекті әдістемелік өніммен қамтамасыз етеді. Баспа қызметі ғылыми-зерттеу жобаларының нәтижелерін насихаттауға, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын әдістемелік және ресурстық тұрғыдан қамтамасыз етуге

және оларға курстан кейін қолдау көрсетуге, өткізілетін іс-шараларға ақпараттық және жарнамалық қолдау жасауға бағытталған.

Журналдың тақырыптық бағыттары:

- білім беру әдіснамасы;
- жалпы педагогика, педагогика тарихы және білім берудегі трендтер;
- оқыту мен тәрбиелеудің теориясы және әдістемесі;
- қосымша кәсіптік білім берудің теориясы және әдістемесі;
- педагогикалық психология;
- цифрлық білім беру;
- білім беру мазмұны және бағалау;
- педагог тәжірибесіндегі зерттеулер;
- оқушылардың әл-ауқаты.

ПШО 10 жыл ішінде журналдың **42** нөмірін жариялады, жалпы тираждалған саны – **70 200** дана. **2022** жылы журналдың 4 саны жарық көрді.



«Функционалдық сауаттылық – білім беру нәтижелерінің сапасы» журналында отандық және шетелдік ғалымдардың, сарапшылардың сауаттылықтың түрлері, PISA, PIRLS, TIMSS халықаралық зерттеулеріндегі мектептегі білім сапасын бағалау мәселелері, оқу үдерісінде функционалдық сауаттылықты дамытуды дидактикалық және әдістемелік сүйемелдеуді құру жолдары туралы зерттеулері бар мақалалар жарияланды (1-тоқсан).



«Бүгінгі инклюзивті білім беру» журналында мақала авторлары инклюзивті білім беру тарихын, инклюзивті көшбасшылық теориясы мен тәжірибесін, мектептегі инклюзивті мәдениетті, тең мүмкіндіктер жағдайында барлығына білім беруді және балалардың толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайларды қарастырды (2-тоқсан).



«Білім беру сапасы: ықпал факторлары» журналында білім беру сапасын бағалаудың отандық және әлемдік тәжірибесі қарастырылады, білім беру жүйелерінің рейтингі призмасы арқылы орта білім беру сапасының мониторингін, оқушылардың академиялық жетістіктерінің болжаушысы ретінде мектепшілік үдерістердің мониторингін ерекше назар аударылады. Ғалымдар мен сарапшылардың білім сапасына әсер ететін факторларға, сондай-ақ мектепте оқытуды қолдау идеяларына талдау жасалады (3-тоқсан).



Журналдың 4-тоқсандағы нөмірі «НЗМ» ДББҰ-ның «Оқыту, тәрбиелеу, жақсы көру: Қазақстандағы Балалар жылы» атты XIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына арналған. Оңтүстік Корея, Эстония, Мальта, Болгария, Ұлыбритания және АҚШ авторлары өз еңбектерінде цифрлық білім беру, дербестендірілген оқыту мәселелерін және оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету қадамдарын қарастырады.

2022 жылы журнал беттерінде 75 автордың мақалалары жарияланды, оның 37,3%-ы – Ұлыбритания, Канада, Франция, Сингапур, АҚШ, Финляндия, Ресей, Молдова, Беларусь, БАӘ, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея, Эстония, Болгария, Мальта елдерінің практик-ғалымдары, халықаралық сарапшылары мен кеңесшілері. Журнал авторларының сапалық құрамын талдау нәтижелеріне сәйкес 2022 жылы 16 PhD докторы, 3 педагогика ғылымдарының докторы, 9 ғылым кандидаты, 4 профессор, 18 магистр қатысты.

Журналдың мәртебесін арттыру және оны ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізіміне енгізу мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілді. 2022 жылдың сәуір айында 80-ге жуық отандық және шетелдік баспалар қатысқан «Eurasian Book Fair-2022» атты V Еуразиялық Халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде «Педагогикалық диалог» журналы «Мектептің құндылықтары мен мәдениеті» (№2 (36) 2021 жыл) басылымы үшін «Ғылым және инновация» номинациясында II орынды және «Үздік оқу кітабы» номинациясында III орынды иеленді.

Журналдың тұжырымдамасы қайта қаралып, оның негізінде «Редакциялық саясат» әзірленді. Онда негізгі мақсат, стратегиялық міндеттер, мақалаларды рецензиялау тәртібі, жарияланымдар этикасы, басылымда ақпарат берудің негізгі қағидаттары тұжырымдалды.

2023 жылдың қаңтар айында іске қосылатын pd.cpm.kz журнал сайты жасалды. pd.cpm.kz сайтында қызығушылық танытқан оқырмандар мен авторлар журнал туралы қажетті ақпаратты таба алады: жылдық тақырыптық жоспар, журнал мұрағаты, редакциялық саясат, ағымдағы нөмірдің сипаттамасы мен авторлары, статистикалық деректер. Өз мақалаларын жариялауды жоспарлап жүрген адамдар автоматтандырылған жүйе арқылы электрондық өтінім бере алады.

«НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының әдістемелік құралдарын басып шығару

ПШО баспа қызметі ғылыми-зерттеу жобаларының нәтижелерін таратуға, біліктілікті арттыру курстарын әдістемелік және ресурстық қамтамасыз етуге және курстан кейінгі қолдау көрсетуге бағытталған.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына» сәйкес ПШО жыл сайын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 70 әдістемелік құрал басып шығарады. Бұл материалдар білім берудің барлық деңгейлерінің: мектепке дейінгі мекемелер, жоғары оқу орындары мен жоғары оқу орнынан кейінгі мекемелер педагогтері арасында сұранысқа ие.

2012-2022 жылдар аралығында ПШО барлығы 675 әдістемелік құрал мен ұсынымдар әзірледі: 2022 жылы 70 әдістемелік құрал әзірленіп, басып шығарылды, оның 37-сі – қазақ тілінде, 30-ы – орыс тілінде, 3-і – ағылшын тілінде.

ПШО және филиалдар әзірлеген әдістемелік құралдар мен ұсынымдар туралы ақпарат

№	Филиалдар	Барлық жарияланғаны	Оның ішінде тоқсан бойынша			
			I	II	III	IV
1.	Астана	10	2	1	3	4
2.	Ақтау	3	2	-	1	-
3.	Ақтөбе	4	3	1	-	-
4.	Алматы	2	-	-	-	2
5.	Атырау	2	-	-	1	1
6.	Қарағанды	4	2	1	1	-
7.	Көкшетау	6	2	2	2	-
8.	Қостанай	6	-	4	2	-
9.	Қызылорда	6	2	2	2	-
10.	Павлодар	2	1	-	1	-
11.	Петропавл	2	-	1	1	-
12.	Талдықорған	5	2	2	1	-
13.	Тараз	2	-	1	1	-
14.	Орал	4	-	1	2	1
15.	Өскемен	8	1	4	1	2
16.	Шымкент	4	3	-	1	-
Барлығы		70	20	20	20	10

Оқу құралдары «Мұғалімге көмек», «Мұғалімнің тәжірибесінен», «Мектеп басшысына көмек», «ЖОО, колледж оқытушысына көмек», «Халықаралық тәжірибе», «Зерттеу» айдарлары бойынша шығарылады. 2022 жылы авторлар келесі айдарларды ұсынды.

Айдарлар бойынша жарияланған оқу-әдістемелік материалдардың саны

№	Атауы	Барлық басылымдар
1	Мұғалімге көмек	36
2	Басшыға көмек	6
3	ЖОО, колледж оқытушысына көмек	1
4	Мұғалімнің тәжірибесінен	14
5	Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту	3
6	Зерттеу	10
Барлығы		70

Әдістемелік құралдар қазақстандық педагогтерді кәсіби қолдаудың маңызды құралы болып табылады, өйткені олар шынайы кейстер негізінде жүйеленген тәжірибеге бағдарланған материалды қамтиды. Басылымдар жарияланған материалдардың мақсаты, міндеттері, сипатына қарай ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтар әдістемелік әдебиеттерді түрлерге жіктеуге мүмкіндік береді. Ұсынылған жұмыстардың басым бөлігінде енгізілген оқыту әдістері мен технологияларының мазмұны, тұжырымдамалық тәсілдер, қағидаттар және т.б. туралы ғылыми негізделген ақпарат берілген.

Оқу-әдістемелік материалдардың түрлері

№	Басылым түрі	Барлық басылымдар
1.	Әдістемелік құралдар	19
2.	Әдістемелік ұсынымдар	42
3.	Тапсырмалар жинағы	8
4.	Практикум	1
Барлығы		70

3

ОҚУШЫЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

3.1

Тәрбие жұмысы

3.2

Робототехника

3.1 Тәрбие жұмысы

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі тәрбие жұмысының іс-тәжірибесін тарату

Есептік кезеңнің қорытындысына қатысты талдау нәтижелері барлық Зияткерлік мектептердің өз өңірлерінде тәрбие жұмысы сияқты маңызды аспект бағытында үлкен

жұмыстар атқарғанын көрсетті. Нақтырақ айтқанда, түрлі бағыттар бойынша өткізілген семинарлар мен шеберлік сабақтардың жалпы саны - 148. Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының іс-тәжірибесі таратылған жалпы білім беретін мектептердің саны - 1 566, қатысушылар саны - 6 703 адам.

НЗМ тәрбие жұмысының іс-тәжірибесі таратылған жалпы білім беретін мектептер туралы деректер

№	Назарбаев Зияткерлік мектептері	Тәжірибе тарату шеңберіндегі іс-шаралар саны	Қамтылған ЖБМ (саны)	Қамтылған тыңдаушылар (саны)
1	Алматы қ. ФМБ	15	70	350
2	Алматы қ. ХББ	5	23	383
3	Астана қ. ФМБ	2	84	250
4	Астана қ. ХБ	4	16	242
5	Ақтау қ. ХББ	8	8	368
6	Ақтөбе қ. ФМБ	3	20	30
7	Атырау қ. ХББ	13	140	264
8	Көкшетау қ. ФМБ	2	4	14
9	Қарағанды қ. ХББ	21	152	369
10	Қостанай қ. ФМБ	11	55	290
11	Қызылорда қ. ХББ	3	52	147
12	Павлодар қ. ХББ	8	1	20
13	Петропавл қ. ХББ	6	80	302
14	Семей қ. ФМБ	4	90	1 060
15	Талдықорған қ. ФМБ	7	132	345
16	Тараз қ. ФМБ	5	126	336
17	Орал қ. ФМБ	8	159	446
18	Өскемен қ. ХББ	8	106	298
19	Шымкент қ. ФМБ	4	30	263
20	Шымкент қ. ХББ	4	96	327
21	Түркістан қ. ХББ	5	119	524
22	Астана қ. ХМ	2	3	75
Барлығы		148	1 566	6 703

НЗМ директорларының орынбасарлары атап өткендей, жалпы білім беретін мектептердің педагогтері, кураторлары, психологтары, кітапханашылары Зияткерлік мектептер әзірлеген кураторлық қызметті, әлеуметтік жобалар мен іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мәселелерінде барынша белсенділік танытады. Ағымдағы жылы тәжірибені тарату жүйесі семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер, форумдар, консультациялар сияқты жұмыстың түрлі формаларын қамтығанын айта кеткен жөн. Олардың негізгі мақсаты адамгершілік құндылықтарды насихаттау, бәсекеге қабілетті, адамгершілік қасиетті бойына сіңірген және шығармашыл тұлғаны дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған тәрбие жұмысының жүйесін жетілдіру болып табылады.

2022 жылдың сәуір айында Түркістан қаласының Зияткерлік мектебінде «Туған

елге тағзым» өлкетану-зерттеу экспедициясын ұйымдастыру тәжірибесін тарату жұмысы аясында оңтүстік өңірдің 400-ден астам педагогінің басын қосқан «Мектеп: жеке тұлғаны тәрбиелеу» атты семинар-практикум өткізілді. Семинар-практикумның мақсаты Түркістан облысының педагогтеріне тәрбие және кітапхана жұмысын ұйымдастыру жөнінде әдістемелік көмек көрсету болды. Семинардың бірінші бөлімінде аудандық білім басқармаларының қызметкерлері, директорлардың орынбасарлары, кітапханашылар ата-аналармен тиімді ынтымақтастық мәселесін талқылап, оларды мектеп өміріне тарту жайлы, сондай-ақ мектеп кітапханаларын өзгертудің рөлі, педагог-кітапханашылардың кәсіби деңгейі мен электрондық ресурстарды кеңейту туралы пікір бөлісті.



Семинардың екінші практикалық бөлімінде тәрбие жұмысындағы Зияткерлік мектептердің үздік кейстері мен әлеуметтік жобалары талданды. Семинар Түркістан қаласының Зияткерлік мектебінің педагогтері тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болды, сондықтан бұл тәжірибені ұйымдастырушы-педагогтерді, кітапханашыларды, пән мұғалімдерін, жатақхана қызметкерлері мен жалпы білім беретін мектеп тәрбиешілерін тарта отырып, еліміздің басқа өңірлерінің үлкен алаңдарына тарату қажет деген қорытынды жасалды.

Барлық өңірлерде Зияткерлік мектептердің базасында облыстардың жас педагогтерінің форумы ұйымдастырылып, өткізілді. Онда академиялық және шығармашылық бағыттағы шеберлік сабақтар, интерактивті тренингтер жүргізілді, тимбилдинг өткізу үйретілді.

«Ауыл мектебін қолдаймыз» жобасы аясында педагог-ұйымдастырушы-кураторлар, жатақхана тәрбиешілері Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының түрлерімен және әдістерімен бөлісті.

Қарағанды қаласындағы физика-математикалық бағыттағы мектепте «Тәрбие жұмысы жүйесін жобалау қызметі арқылы жүзеге асыру» семинары өтті, оған Қарағанды қаласындағы жалпы білім беретін мектептер қатысты. Семинар барысында сынып жетекшілері тәрбие жұмысы жүйесін «Шаңырақ» мектеп қауымдастығы, «Қоғамға қызмет ету», «Ұрпақтар сабақтастығы», «Ұлы дала ақындары», «Замандастар жырлары», «Қазақтың 100 әні мен 100 күйі», «Көшбасшылық», «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер», «100 кітап», Википедия, TEDx, жазғы практика, ТЕТ және т.б. жобалар арқылы жүзеге асырудың практикалық әдіс-тәсілдерімен және ұйымдастыру тәжірибесімен танысты. Сондай-ақ оқушыларға жобалау және жоспарлау дағдыларын үйретудің тиімді әдістемелері туралы ақпарат алды.

Қостанай қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Зияткерлік мектепте Сарыкөл аудандық білім бөлімінің №1 Урицкий орта мектебі кітапханашылары үшін семинар-тренингтер өткізілді.

Атырау қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Зияткерлік мектеп тәжірибе тарату аясында мектеп медиастудиясының, телестудияның жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Зияткерлік мектептердің жатақханалары да тәжірибе таратуға өз үлестерін қосуда. 2022 жылғы 17 қарашада Атырау қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Зияткерлік мектеп жанындағы жатақхана ұжымы А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Ұлт мұраты жолындағы ұстаз» тақырыбында онлайн-конференция өткізді. Оған 16 Зияткерлік мектептің 36 оқушысы қатысты, 19 жұмыс ұсынылды. Жұмыстар көлемді, мазмұнды әрі жаңа ақпаратты қамтыды және мектептерге тарату мақсатында жинаққа енгізілді. Кері байланыс нәтижелері оқушылардың жаңа ақпаратпен танысып, мұрағатта сақталған материалдармен жұмыс істеуді үйренгенін, басқа мектептердің оқушыларымен бірлескен зерттеулер жүргізудің тиімді болатынын көрсетті.

Онлайн-конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды:

Камалиева Арай, Жарлық Жібек - Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушылары - I орын;

Сұлтанаева Үміт - Қызылорда қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы, Шыңдалы Бақнұр, 10-сынып, Рахиева Ұлдана, Әкімжан Аружан - Шымкент қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 9-сынып оқушылары - II орын;

Кескінбаева Нұрай, Дмитриева Ева - Қарағанды қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 9-сынып оқушылары - II орын;

Тайырқызы Аружан - Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 9-сынып оқушысы - III орын;

Дүйсенбі Нұрай, Аязбаева Аянат - Ақтөбе қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 8-сынып оқушылары - III орын;

Ғалымова Жансәуле - Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 8-сынып оқушысы - III орын.

2022 жылдың 2 наурызында Атырау және Ақтөбе қалаларының Зияткерлік мектептері жатақханаларының тәрбиешілері

MUN бірлескен конференциясын өткізді. Оған оқушылар, зияткерлік мектептер желісі жатақханаларының қызметкерлері, өңірдің тірек мектептерінің оқушылары, сынып жетекшілері, директорлардың орынбасарлары қатысты.

Атырау қаласындағы мектеп жатақханасының қызметкерлері Зияткерлік мектептер желісі арқылы «Іс-әрекеттегі зерттеу: тиімді тәжірибе» тақырыбында тәрбиешілерге арналған онлайн-конференция өткізді.

Семей қаласындағы Зияткерлік мектеп жатақханасының тәрбиешілері «Нашар еститін балаларға арналған №4 арнайы мектеп-интернаты» КММ педагогтеріне арналған «НЗМ жатақханасын ұйымдастыру және басқару» тақырыбында семинар-тренинг өткізді. Сондай-ақ Семей қаласындағы жатақхана қызметкерлері «Оқушыларды жатақханадағы өмірге бейімдеу әдістері мен тәсілдері» тақырыбында желілік вебинар ұйымдастырды. Вебинар спикерлері Ақжол, Рей, Сұлтан сияқты кейіпкерлердің мысалында шынайы оқиғаларға негізделген ойларымен бөлісті. Тәжірибе алмасуда сауалнама, әңгімелесу, пікір алмасу әдістері қолданылды.

Тәжірибе тарату аясындағы іс-шаралардың қорытындыларын талдай келе, оларды өткізу тәрбие жүйесіндегі инновациялық үдерістерді жандандыруға, ашық кәсіби диалог алаңдарын ұсынуға мүмкіндік беретінін атап өтуге болады.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің инновациялық кітапханаларының жұмыс тәжірибесін еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне тарату

Оқушылардың оқу мәдениетін арттыру, мектеп қауымдастығы арасында кітап оқуға деген қызығушылықты дамыту және насихаттау, дамытушы жобаларды енгізу, сондай-ақ балалардың құрдастарына деген әлеуметтік қамқорлығын қалыптастыру мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектептері кітапханалары еліміздің бүкіл өңірлеріне Bookcrossing әлеуметтік акциясын өткізді.

Мәселен, 2022 жылы көркем, ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиеттер жинақталып, өңірлердің жалпы білім беретін мектептеріне өтеусіз негізде тұрақты пайдалануға берілді. Барлығы 6 559 дана кітап жиналды және 24 ауылдық мектепке, соның ішінде 17 тірек мектепке тапсырылды.



2022 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кітапханашылары жалпы білім беретін мектептердің 1 577 кітапханашысы үшін 64 оқыту семинарын ұйымдастырды және өткізді. Семинарларда оқу арқылы оқушылардың жеке құзыреттіліктерін дамыту, гуманитарлық құндылықтарды қалыптастыру және пайдалы онлайн-қосымшалар мен білім беру ресурстарын зерделеу тақырыптары қарастырылды. Жалпы білім беретін мектептердің кітапханаларын мектеп қауымдастығы үшін қосымша нақты уақыт режимінде тәжірибе алмасуға арналған ресурстық алаң ретінде тартуға, кәсіби қауымдастықтарда жұмыстың танымалдылығын арттыруға қатысты белсенді жұмыс жүргізілуде.

2022 жылдың 25 наурызында Тараз қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп кітапханасы Жамбыл облысы мен қаланың жалпы білім беретін мектептерінің кітапханашыларына тренинг өткізді. Тренингте тыңдаушыларға Назарбаев Зияткерлік мектептері кітапханаларының қызметі туралы жалпы ақпарат

беріліп, оқушылардың оқу және ақпараттық сауаттылығын дамытудың жаңа әдістері көрсетілді. Семинарда «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ-ның «Кітап оқитын мектеп» жобасы аясындағы «Білім беру контентін жаңарту кезеңіндегі білім беру мекемелері кітапханаларының қызметі» тақырыбы қарастырылды.

2020 жылы «Жамбыл облысы Жуалы ауданының білім бөлімі» КММ мен Тараз қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп арасында ынтымақтастық және тәжірибе тарату туралы меморандумға қол қойылды. Осыған байланысты мектеп кітапханасы вебинар өткізді. Онда интерактивті сабақтар өткізу әдістері, пәнге, кітап оқуға және т.б. қызығушылықты арттыруға бағытталған онлайн білім беру ресурстары көрсетілді. Сондай-ақ кітапханашылар «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ өткізетін облыстық кітап оқу конкурстарының, READx жобасының әділқазылар алқасының мүшелері болып табылады.



2022 жылғы 5 сәуір мен 13-14 қазанда облыстық білім басқармасының әдіскерлері, аудандық білім бөлімдерінің әдіскерлері, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары және Түркістан мен Абай облыстарының жалпы білім беретін мек-

тептерінің кітапханашылары үшін «Мектеп: жеке тұлғаны тәрбиелеу» семинар-практикумдары өткізілді. Семинарларға 650 адам қатысты. Сонымен қатар жалпы білім беретін мектептердегі әріптестер үшін кеңес беру жұмыстары өткізіліп тұрады.



«Қазақстанның ауылдық мектептері: POWERED BY NIS» жобасы аясында 17 ауылдық тірек мектептердің кітапханашылары үшін барлық Зияткерлік мектептер кітапхана жұмысының жаңа бағыттары мен әдістемелерін таныстыру, үйрету мақсатында семинар-тренингтер өткізді. Семинар-тренингтер бағдарламасы оқытудың негізгі бағыттары: оқу сауаттылығын қалыптастыру, ақпараттық және функционалдық сауаттылықты дамыту, ресурстармен жұмыс істей білу, кітапхананың пайдаланушылармен жұмысын жақсартатын онлайн-қосымшалармен (Padlet, Kahoot, Clipchamp, Gynzy және т.б.) жұмыс істей білу. Семинар-тренингтерден басқа, Зияткерлік мектептердің кітапханашылары кітапхана кеңістігін функционалдық жағынан ыңғайлы және жайлы ұйымдастыру туралы көшпелі консультациялар өткізді, кітапхана жұмысын ұйымдастыруға, оқушылармен, мұғалімдермен және ата-аналармен жұмысты жандандыруға қатысты тұрақты консультациялар өткізіліп, әдістемелік көмектер көрсетілді.

Жалпы білім беретін мектептердің кітапханалары өз жұмысына Назарбаев Зияткерлік мектептерінің түрлі жобаларын, ақпаратпен жұмыс істеу әдістерін, акцияларын, әдістемелерін енгізуде: «Sciku», «READx», «Bookcrossing» жобасын, сабақтарда «Keyword Hexagon» әдісін қолданады, «Book Bingo», «Чтение в кругу», «1, 2, 3», «Бросай все и читай», «Book taste», «Reading Map», «Әдеби джем», «Отбасылық оқу клубы», «Құндылықтар сөздігі», «Интеллектуальная карта», «Любимая первая страница», «Книжный сюрприз» ойындарын ойнатады.

3.2 Робототехника

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Жоғарғы Қамқоршылық Кеңесінің 2018 жылғы 1 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес (№ 43 хаттама) 2015 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен бекітілген робототехника бойынша олимпиада өткізу қағидалары (№ 48 хаттама) аясында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ робототехниканы оқыту, насихаттау және дамытумен айналысады.

Олимпиадалар

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ 2014 жылдан бастап Қазақстандағы Дүниежүзілік роботтар олимпиадасының (World Robot Olympiad - бұдан әрі WRO) ережелері бойынша робототехника олимпиадаларының ұлттық ұйымдастырушысы болып саналады.

WRO 10-21 жас аралығындағы оқушылар мен студенттерге арналған. WRO олимпиадасында LEGO конструкторы қолданылады және төрт түрлі санат бойынша ұйымдастырылады: негізгі, шығармашылық, студенттік және роботтар футболы.

Негізгі санаттың міндеті - белгілі бір тапсырманы орындай алатын робот құрастыру және бағдарламалау, роботтың өлшемдері стандартты түрде шектеулі: 25x25x25 см.

Шығармашылық санаттағы қатысушылар берілген тақырыпқа сәйкес жоба дайындайды. Негізгі және шығармашылық санатқа арналған тапсырмалар жыл сайын өзгеріп отырады және әдетте күрделене түседі.

Роботтар футболына қатысу үшін команда өздігінен жұмыс істейтін екі роботты дайындауы керек: шабуылшы және қақпашы, олар инфрақызыл сәулеленген арнайы допты қолдана отырып, белгіленген алаңдағы қарсылас команданың роботтарымен ойнайды.

WRO-2021 ережелерін аудару және жариялау



Дүниежүзілік Роботтар олимпиадасының қауымдастығы (бұдан әрі – Қауымдастық) жыл сайын 15 қаңтарда WRO робот техникасынан олимпиаданың жаңа ережелерін жариялайды. Бұл ережелер ағылшын тілінде құрастырылады және оларды Қауымдастық Ұлттық ұйымдастырушыларға таратады. Ережені алғаннан кейін орыс тіліне аударылып, Қазақстандағы WRO ресми веб-сайтына орналастырылады <http://robotics.nis.edu.kz/wro-2021>.

WRO-2022 маусымының тақырыбы «My robot – my friend»: робототехника мен жасанды зияттың үйлесімі әлемді және адамдардың тіршілік ету ортасын өзгерте алады. Маусымның міндеттері роботтардың адамзатқа қалай көмектесе алатынына және адамдар робот пен адамның өзара әрекеттесуін қалай пайдалы және қауіпсіз ете алатынына байланысты. Командалар күнделікті өмірде адамдарға қамқорлық жасайтын, оларды құтқаратын немесе оларға қызмет көрсететін роботтар жасауы тиіс.

WRO-2022 робототехника олимпиадасының аймақтық кезеңі

2022 жылғы 30 сәуірде ДББҰ филиалдарының базасында WRO-2022 робототехника олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) аймақтық кезеңі офлайн форматта ұйымдастырылды. Олимпиада WRO-2022 робототехника олимпиадасының халықаралық кезеңін өткізу қағидалары мен регламенттеріне сәйкес өткізілді. Сайыста жақсы нәтижелер көрсеткен қатысушылар роботтар олимпиадасының республикалық кезеңіне шақырылады.

Ағымдағы жылы аймақтық Олимпиада 4 санат бойынша өтті:

1. RoboMission (негізгі санат) – бұл сын-тегеуріндерге негізделген жарыс. Оқушылар алаңда белгілі бір тапсырмаларды орындай алатын дербес роботты жобалап, құрастырды және бағдарламалады. Әр раундта алаң кездейсоқ орналас-тырылғандықтан, робот жүгіру кезінде өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік алды. Роботтың барлық бөліктерін, соның ішінде бақылағышты, қозғалтқыштарды және бергіштерді LEGO® (MINDSTORMS® NXT немесе EV3, SPIKE Prime немесе Robot Inventor) шығарады. Жарыс үш жас тобы бойынша өтті: кіші, ортаңғы және жоғары топтар.

2. RoboSports санаты көңілді әрі қызықты ойын ретінде өтті. Бұл ойын барысында екі дербес робот алаңда спорттық ойын ойнады. Робот LEGO® материалдарынан, соның ішінде бақылағыштан, қозғалтқыштардан және бергіштерден (MINDSTORMS® NXT немесе EV3, SPIKE Prime немесе Robot Inventor) құрастырылған. Командалар өздері таңдаған камераны пайдаланды. Ойын әрбір 3 немесе 4 жыл сайын өзгеріп отырады, ал бұл жылы қос теннис ойнатты. Оқушылардың роботтарды жасауға деген ынтасын тоқтатпау мақсатында жарысқа жыл сайын шағын өзгерістер енгізіледі.

3. Future Innovators (шығармашылық санат) – бұл жобаларға негізделген жарыс. Командалар маусымның ағымдағы тақырыбымен байланысты интеллектуалды робототехника үшін өздерінің инновациялық шешімін шығарды. Материалдарды пайдалануға қатысты шектеулер болған жоқ, бақылағыштарды, қозғалтқыштарды, бергіштерді және т.б. еркін таңдау мүмкіндігі берілді. Жарыс күні командалар өздерінің жобалары мен робот моделін төрешілер тобына ұсынды. Жарыс үш жас тобы бойынша өтті: кіші, ортаңғы және жоғары топтар. Төрешілер роботтың шешімін бағалап қана қоймай, инновация мен кәсіпкерлік аспектілерін де қарастырды.

4. Future Engineers – бұл өздігінен жүретін көліктердің жаңа санаты. Жарыстың жаңа форматы оқушыларды зерттеу қызметіне тартып, нақты міндеттерді шешуде технологиялық тәсілдерді қолдануды үйретті. Маусымның міндеті тек өздігінен жүретін көлік жасау ғана емес, уақытқа жарысу болды. Ойын алаңы жол белгілері орнатылған жарыс трассасы ретінде қолданылды. Трассада бір уақытта бір ғана көлік

жүре алады, ол автономды түрде бірнеше айналым жасау арқылы берілген бір ғана мүмкіндік аралығында уақыт жағынан үздік нәтиже көрсетуі керек.

Tirkey 2022 жылдың 29 сәуіріне дейін <http://robotics.nis.edu.kz/> сайтында өтті.

Олимпиаданың аймақтық кезеңіне барлығы 299 команда, 598 бала қатысты. Оның 113-і Назарбаев Зияткерлік мектептерінен, 186-сы жалпы білім беретін мектептерден болды.

Командалардың жұмысын бағалау және жас робототехниктердің кәсіби дағдыларының деңгейін анықтау мақсатында төрешілер алқасы құрылды.

Аймақтық олимпиада қорытындысына сәйкес төрешілер алқасының шешімімен 250 командаға (барлығы 500 бала) жүлделі орындар берілді. Команда қатысушылары дипломдармен марапатталды.

Санаттар бойынша қатысушы командаларының жиынтығы

Командалар саны	Оның ішінде жүлделі орындар		
	I	II	III
299	106	82	62

WRO-2022 робототехника олимпиадасының аймақтық кезеңі

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрайымының 2022 жылғы 16 маусымдағы № 208/ОД бұйрығына сәйкес және ғылыми-техникалық шығармашылық саласындағы дарынды және кемеңгер балаларды қолдау, робототехникалық жүйелерді құруға қатысты идеялар мен тәжірибе алмасу мақсатында Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында 2022 жылғы 29-30 маусым аралығында WRO-2022 робототехника олимпиадасының республикалық кезеңі ұйымдастырылды. Олимпиада WRO-2022 робототехника олимпиадасының халықаралық кезеңін өткізу қағидалары мен регламенттеріне сәйкес жүргізілді.

Аймақтық кезеңге жас топтары бойынша 4 санат шақырылды:

1. RoboMission (негізгі санат) үш жас тобы (кіші, ортаңғы, жоғары);
2. RoboSports;
3. Future Innovators (шығармашылық санат) үш жас тобы (кіші, ортаңғы, жоғары);
4. Future Engineers.

Барлық жас топтарына қатысты негізгі санаттағы жарыс күндерін өткізу үшін қосымша «Тосынсый» тапсырмасы әзірленді. Тапсырма туралы ақпарат раундтың алдында жарияланды.

Олимпиаданың республикалық кезеңіне 104 команда (208 бала) қатысты. Олар:

– Назарбаев Зияткерлік мектептерінен 52 команда;

– Жалпы білім беретін мектептерден 52 команда.

Командалардың жұмысын бағалау және жас робототехниктердің кәсіби дағдыларының деңгейін анықтау мақсатында төрешілер алқасы құрылды.

Республикалық олимпиаданың қорытындысына сәйкес төрешілер алқасының шешімімен 24 командаға (48 бала) жүлделі орындар беріліп, дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Команда қатысушылары дипломдармен марапатталды. Олимпиаданың нәтижелері және олимпиаданың республикалық кезеңін өткізу туралы жалпы ақпарат <http://robotics.nis.edu.kz> сайтында орналастырылған. Барлық оқушыларға қатысқаны үшін сертификаттар, мұғалімдерге – тренерлік және төрешілік қызметі үшін сертификаттар берілді.





WRO-2022 робототехника олимпиадасының аймақтық кезеңі

WRO-2022 робот техникасынан халықаралық олимпиада

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен

Қазақстан ұлттық құрамасы

бекітілген Робототехника олимпиадасын өткізу қағидаларына (№ 48 хаттама) сәйкес, ғылыми-техникалық шығармашылықтың заманауи бағыттарын дамыту, робототехника саласының педагогтерін кәсіби біліктілігін арттыру және ДББҰ филиалдарының оқушылары арасында робототехниканы дәріптеу және насихаттау мақсатында робототехника олимпиадасына Зияткерлік мектептердің құрама командаларының қатысуы қамтамасыз етілді. Қазақстан командалары 2022 жылғы 17-19 қараша аралығында Дортмунд қаласында (Германия) өткен World Robot Olympiad-2022 халықаралық олимпиадасына қатысты.

Қазақстан ұлттық құрамасына еліміздің 11 командасы: 10 НЗМ оқушысынан құралған 5 команда және жалпы білім беретін мектептің 12 оқушысынан құралған 6 команда кірді.

№	Орын	Команда	Қатысушылар	Мектеп	Тренер
«ROBOMISSION» санаты					
Elementary					
1	I	NeoSpike	Аманжолов Асанәлі Нығматуллин Ақбар	РФММ, Астана қ.	Мағауин Қуаныш
Junior					
2	I	AMV	Кенес Мирас Қарабаев Әмір	«Роботек», Астана қ.	Усольцев Владимир
3	II	Cyrex	Дисембаев Вагиз Қапаров Жанарыс	«Роботек», Астана қ.	Даиров Сұлтанғазы
Senior					
4	I	Robo park	Михаш Бибарыс Мыңжасар Иманғали	Robo Park робототехника және бағдарламалау мектебі, Шымкент қ.	Құрақбай Олжас
5	II	SGMZ	Мұхамедьяр Исмаил Мұратқалиев Жантолы	Семей қ. ФМБ НЗМ	Орынбаев Бақытбек
«ROBOSPORTS» санаты					
6	I	Robomakers	Тойлыбаев Олжас Қаныбек Амина	Шымкент қ., «№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернат» КММ	Тастанбек Беклан

«FUTURE ENGINEERS» санаты

7	I	Tesla	Усольцев Максим Оразбек Нұрмұхамед	Қызылорда қ. ХББ НЗМ	Ахметов Серік
---	---	-------	---------------------------------------	----------------------	---------------


«FUTURE INNOVATORS» санаты

Junior

8	Save at any Cost	Құрманбаева Інкәр Жұматай Жания	Талдықорған қ. ФМБ НЗМ	Авдюнин Николай
---	------------------	------------------------------------	---------------------------	-----------------

Senior

9	Med-BOT	Кахно Виктор Үмбетбаева Еркежан	Талдықорған қ. ФМБ НЗМ	Авдюнин Николай
10	Köz timesin	Абкенова Аида Сайлауқан Шахназар	Павлодар қ. ХББ НЗМ	Ермекова Айнагүл



4

ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫН КӘСІБИ ДАМУ

4.1

Қазақстан Республикасының педагог кадрларының біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламалары

4.2

Тренерлер құрамын дайындау

4.3

Қазақстан Республикасының педагог кадрларының біліктілігін арттыру

4.4

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары шеңберінде бағалау

4.5

Курстық оқыту сапасының мониторингі

4.6

Педагог кадрларды курстан кейін әдістемелік қолдау

4.1 Қазақстан Республикасының педагог кадрларының біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламалары

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің педагогтерін оқыту ПШО білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – БББ) бойынша жүргізіледі. Олар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ОАМ) Бағдарламалар тізбесіне енгізілген және сайтында орналастырылған, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде келісу рәсімінен өткен (ҚР Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – БҒМ) 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы).

Педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының БББ-ын әзірлеудің нормативтік-құқықтық негізі:

- ҚР «Білім туралы Заңы» (23-баптың 1-тармағы): Қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары оқыту нәтижелеріне және ұлттық біліктілік шеңберіне және салалық біліктілік шеңберлеріне сәйкестікке бағдарлана отырып, білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары»;

- ПШО директорының 2022 жылғы 7 қарашадағы № 481 бұйрығымен бекітілген «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу қағидалары».

Бағдарламаларды әзірлеудің алдында әдістерді (фокус-топтар, сауалнамалар, сұхбаттар және т.б.) пайдалана отырып, педагогтердің мақсатты аудиториясының кәсіби проблемалары мен қажеттіліктерін анықтау және нормативтік-құқықтық құжаттарды талдауға дейін курс алдындағы зерттеу жүргізіледі. Бұл жұмыстың нәтижелері мазмұнның негізін, мақсаттарын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерін анықтайды. Апробациядан кейін және бағдарламаны енгізгенге дейін біліктілікті арттыру курстарына түзетулер енгізіледі, бұл мұғалім үшін мазмұнды сапалы әрі тиімді етуге мүмкіндік береді.

ПШО біліктілікті арттыру курстарының барлық БББ-ы тәжірибеге бағдарланған. Біліктілікті арттыру курстарынан өту барысында тыңдаушылар:

- кейс-әдісті және рефлексивті оқытуды қолдана отырып, теориялық материалды зерттейді;

- сабақ барысында туындайтын жағдайларды модельдеу және өз пәнінің күрделі тақырыптары бойынша сабақтарды жоспарлау дағдыларын игереді;

- практикалық тапсырмалар әзірлейді, өзара бағалау және олардың сараптамасын жүргізеді;

- шағын топтарда әзірленген сабақ жоспарлары бойынша микро-оқыту дағдыларын дамытады;

- эссе жазу және рефлексиялық есеп беру дағдыларын меңгереді;

- курс тақырыбы бойынша әртүрлі ресурстармен жұмыс істеу және іздеу дағдыларын жетілдіреді.

2022 жылы ПШО республика педагогтері үшін орта білім беру сапасын арттыруға бағытталған **11 білім беру бағдарламасын** әзірледі.

1. «Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы» бағдарламасы. Бағдарламада білім беру сапасын арттыру, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және мектепті білім алатын ұйым ретінде дамыту мақсатында мектеп командаларын құрудың теориясы мен практикасы қарастырылады. Бағдарлама шеңберінде тыңдаушылар өз мектебінің білім алушы ұйым ретінде дамуын жобалауды, білім беру сапасын арттыру бойынша мектеп командасының міндеттерін айқындауды және олардың жеке кәсіби қасиеттерін ескере отырып, оның қатысушыларының рөлдерін бөлуді, оқыту сапасын жетілдіру бойынша жобалық қызмет шеңберінде мектеп командасын қолдау үшін тиімді коммуникация және ынтылан-дыру стратегияларын қолдануды, деректерді талдау негізінде оқыту сапасын жетілдіру бағыттарын анықтауды, оқыту үдерісін жетілдіру бойынша білім беру жобасын әзірлеуді және мектеп практикасына енгізуді үйренеді.

Бағдарламаны курста оқыту ұзақтығы 176 сағатты құрайды және ол 3 кезеңнен тұратын оқыту жолымен жүзеге асырылады: 1 кезең – аудиториялық оқыту,

56 сағат (7 күн), 2 кезең – мектеп практикасы, 80 сағат (20 күн), 3 кезең – аудиториялық оқыту, 40 сағат (5 күн).

Бағдарлама ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 18 шілдедегі №13 хаттама, ҚР ОАМ Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің 2022 жылғы 25 шілдедегі 9299/18-6/1027 хаты). Әрі қарай бағдарлама тәуелсіз сараптамаға ұсынылды және ол халықаралық стандарттар мен сапа критерийлеріне (Германия) сәйкестікке сертифицикаттаудан сәтті өтті.

2. «Оқыту тәжірибесін жетілдірудегі мектеп педагогтерінің аналитикалық құзыреттілігі» бағдарламасы деректерді жинау, талдау, өңдеу арқылы оқу үдерісіндегі проблемалардың себептерін анықтауға бағытталған қажетті құралдарды тиімді пайдалану үшін қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен байланысты деректерді талдау дағдыларын жетілдіруге арналған. Оқу аяқталғаннан кейін тыңдаушылар аналитикалық қызметті ұйымдастыруға қажетті тиімді құралдарды игереді, деректерді жинау және талдау арқылы оқу үдерісіндегі проблемалардың себептерін анықтай алады, статистикалық әдістердің көмегімен қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін талдау дағдыларын жетілдіреді, оқыту тәжірибесін жақсартуға бағытталған педагогикалық шешімдер қабылдай алады. Оқу ұзақтығы – 80 сағат, аудиториялық форматта өткізіледі. Бағдарлама ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 31 тамыздағы №14 хаттама, ҚР ОАМ Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің 2022 жылғы 5 қыркүйектегі 10718/18-6/1535 хаты).

3. «Деректерді талдау негізінде мектепті басқару» бағдарламасы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыруға арналған. Бағдарлама аясында мектеп басшылары білім беру аналитикасының мақсаттары мен міндеттерімен танысады, аналитикалық жұмыстың қағидаттарын түсінеді, білім беру ұйымының жұмысын талдау модельдері туралы біледі, білім беру үдерісінің проблемаларын анықтау және мектептің білім беру сапасын арттыру бойынша шешімдер қабылдау үшін дерек-

терді талдау әдістерін қолданады, білім беру деректерін жинауға арналған құралдарды әзірлейді, оқыту және оқу сапасын жетілдіруге ықпал ететін оқыту сапасы мен рефлексивті оқытудың жүйелік талдауының ерекшеліктерін анықтайды. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар деректерді талдауға негізделген мектептің дамуы туралы рефлексивті есеп жазады. Бағдарламаны курста оқыту ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Бағдарлама ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 5 қазандағы № 17 хаттама, ҚР ОАМ Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің 2022 жылғы 17 қазандағы №1333/15-03/515 хаты).

4. «Бастауыш мектептегі когнитивтік дағдылар: даму тәжірибесі» бағдарламасы оқушылардың жеке басының когнитивтік даму ерекшелігі туралы мәселелерді қамтиды. Бағдарлама бойынша оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушылар бастауыш сынып оқушыларының жеке басының когнитивтік даму ерекшеліктерін, «когнитивтік дағдылар» және «когнитивтік қабілеттер» ұғымдарының мәні мен айырмашылығын анықтай алады, өз тәжірибелерінде бастауыш сынып оқушыларының когнитивтік дағдыларын диагностикалау үшін құралдар жинағын қолдана алады және сабақтарда ойлау және шығармашылық дағдыларын дамытатын оқыту әдістерін таңдай алады, бастауыш сынып оқушыларының когнитивтік дағдыларын дамытуды ескере отырып, сабақ өткізу жоспарын талдай алады. Курстың ұзақтығы 96 сағатты құрайды. Бағдарлама ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 5 желтоқсандағы №19 хаттама).

5. «Табысқа жету қадамдары» бағдарламасы мектепте өзінің кәсіби қызметін жаңадан бастаған педагогтердің біліктілігін арттыруға бағытталған. Бағдарлама бойынша оқу шеңберінде мұғалімдер сабақты жоспарлаудың тиімді әдістерін, сыныпта жағымды оқу ортасын құру және ата-аналармен ынтымақтастық орнату тәсілдерін, оқу үдерісінде геймификацияға қатысты сервистерді пайдалану жолдарын игереді, жас маман өз тәжірибесінде кездесетін кәсіби қиындықтарды жеңу жолдарын талдайды. Оқуды

аяқтағаннан кейін тыңдаушылар өздерінің жеке кәсіби брендін қалыптастыру және даму жолдарын анықтай алады, сабақты жоспарлау және оқыту үшін бағалау дағдыларын жетілдіре алады, сыныпта оқушылармен жағымды қарым-қатынас орнату тәсілдерін қолдана алады, ата-аналармен ынтымақтастық ортасын құру жолдарын анықтай алады, оқу үдерісін жетілдіру үшін цифрлық сервистерді қолдана алады, жеке педагогикалық қызметке рефлексия және талдау жасай алады, анықтау педагогикалық қауымдастық шеңберіндегі кәсіби қиындықтарды жеңу әдістерін анықтай алады. Курстың ұзақтығы 96 сағатты құрайды. Бағдарлама ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 19 хаттама).

Инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған бағдарламалар

6. «Жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» бағдарламасы арнайы сыныптарда жұмыс істейтін, психикалық дамуы тежелген (бұдан әрі - ПДТ) және оқуда қиындықтарға тап болған білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсету мақсатында мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталған. Бағдарлама бойынша оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушылар ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын, оның ішінде жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптарында ПДТ оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын біледі және түсінеді, ПДТ балаларға арналған арнайы сыныптарда түзету-білім беру үдерісінің технологияларын қолдана алады, математиканы оқуда және сөйлеуді меңгеруде қиындықтарға тап болған балаларға педагогикалық қолдау көрсете алады, оқу материалдарын әзірлей алады. Курстың ұзақтығы 96 сағатты құрайды. Бағдарлама ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 18 шілдедегі № 13 хаттама, ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің 2022 жылғы 25 шілдедегі 9299/18-6/1027 хаты).

7. «Инклюзивті білім беруде психологиялық сүйемелдеу» бағдарламасы инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық көмек көрсету бойынша жалпы білім беретін мектептердің педагог-психологтарының кәсіби білімі мен дағдыларын арттыруға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық көмек көрсету әдістерін меңгертуге бағытталған. Бағдарлама шеңберінде тыңдаушылар педагог-психологтың кәсіби міндеттерін инклюзивті білім беру идеясы тұрғысынан талдайды және қолайлы оқу ортасын құрудың психологиялық жағдайларын анықтайды, шынайы кейстер негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытудағы қиындықтарды анықтайды және оларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жоспарын әзірлейді, кейстер негізінде мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар оқушылардың қиындықтарын талдайды және олармен психологиялық-түзету жұмыстарын ұйымдастыруды жобалайды, инклюзивті білім беру ортасында психологиялық қызметке рефлексия жасайды және одан әрі кәсіби даму бойынша шешімдер қабылдайды. Бағдарлама ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 5 қазандағы № 17 хаттама).

Мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсартуға бағытталған бағдарламалар

8. «Балаларды ерте дамыту бағдарлары» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленді. Білім беру бағдарламасының мазмұны ойын арқылы оқыту және мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамыту үшін әлеуметтік-эмоциялық қолдау әдістерін, кәсіби этиканы және мұғалімнің өз тәжірибесін зерттеуі, баланың іс-әрекетін бақылау мен мониторингілеу, тәрбие үдерісін жоспарлау мәселелерін қамтиды. Бағдарлама бойынша оқыту шеңберінде тыңдаушылар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне сәйкес қазіргі заманғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарларын анықтай алады. Тәжірибе арқылы мектепке дейінгі

ұйымдағы әр баланың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие мен оқыту үдерісін ойын арқылы тексере алады, баланың әлеуметтік және эмоциялық әл-ауқаты үшін пәндік-кеңістіктік орта жасайды және бағалайды. Бағдарлама бойынша педагогтерді оқыту үш кезеңнен тұрады: 1 кезең – аудиториялық оқыту, 2 апта (80 сағат); 2 кезең – мектепке дейінгі ұйымдағы практика, 1 апта (50 сағат); 3 кезең – қашықтан оқыту, 1 апта (40 сағат). Оқыту сыртқы қорытынды бағалаумен аяқталады. Бағдарлама ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 8 сәуірдегі №6 хаттама, ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім Комитетінің 2022 жылғы 4 мамырдағы №18-6/861-И хаты).

9. «Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы: балаларды дамыту бағдарлары» біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасының мазмұнында қаралатын мәселелер – мектепке дейінгі білім беру мәселесіне қатысты нормативтік құжаттарды талдау, әр баланың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері негізінде тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру бағытын айқындау, педагогтің өз тәжірибесін зерделеуі, мектепке дейінгі тәрбие сапасын ішкі қамтамасыз ету және оқыту. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне сәйкес мектепке дейінгі білім беру мазмұнына заманауи трендтерді кіріктіру қажеттілігін білетін және түсінетін болады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды әдістемелік қамтамасыз етудің бағыты мен мазмұнын жобалайтын, жанжалдарды шешу бойынша тиімді кадрлық шешімдерді талдайтын және қабылдайтын, мектепке дейінгі ұйымды дамыту жоспарын әзірлейтін және енгізетін болады. Бағдарлама бойынша курста оқу ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Бағдарлама ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 5 қазандағы №17 хаттама, ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім Комитетінің 2022 жылғы 17 қазандағы №1333/15-03/515 хаты).

10. «Ойнаймыз, ойлаймыз, сөйлейміз» бағдарламасы басқа тілдерде оқытылатын мектепке дейінгі мекемелер топтарында қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арт-

тыруға бағытталған. Бағдарлама мазмұны аясында педагогтер балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту және ойынға үйрету әдістері мен тәсілдерін меңгереді. Бағдарлама ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 5 желтоқсандағы №19 хаттама).

Орта білім беруде оқу-тәрбие жұмысының, оның ішінде кәсіптік бағдарлаудың сапасын арттыруға бағытталған бағдарламалар

11. «Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту: отбасы, мектеп, мансап» бағдарламасы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, сынып жетекшілерінің, әлеуметтік педагогтердің, мектепте кәсіптік бағдар беруді ұйымдастыруға жауапты мамандардың, педагог-психологтардың біліктілігін арттыруға бағытталған. Бағдарлама мазмұнында оқушылардың кәсіптік бағдарлануын ұйымдастыру, кәсіп таңдау және білім беру ұйымдарындағы жанжалды жағдайларды басқару мәселелері кіріктірілген. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар болашақта сұранысқа ие мамандықтарға сәйкес кәсіптік бағдар беру жұмысының ерекшеліктерін білетін және түсінетін болады, мектептің оқу-тәрбие үдерісінде жанжалдарды шешудің әдістері мен тәсілдерін қолданатын болады, білім алушылардың кәсіптік бағдарлануы мен қабілеттерін диагностикалауды, кәсіп таңдауда білім алушылардың тұлғалық даму моделін қалыптастыру және іске асыру бойынша ата-аналармен бірлескен жұмысты жоспарлауды үйренеді. Курс қашықтан ұйымдастырылады. Оқу ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Бағдарлама ҚР ОАМ сараптамалық кеңесінде қаралды, келісілді және ҚР ОАМ біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізіміне енгізілді (2022 жылғы 8 сәуірдегі №6 хаттама, ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім Комитетінің 2022 жылғы 4 мамырдағы №18-6/861-И хаты).

ПШО қызметінің маңызды бағыттарының бірі – **НЗМ педагогтарын кәсіби дамыту**. Оны іске асыру үшін 2022 жылы 6 бағдарлама әзірленді.

1. 11-12-сыныптарда жұмыс істейтін физика, химия, биология мұғалімдерінің және IT мамандарының CogBooks, ALEKS, CANVAS платформаларын пайдалану дағдыларын дамытуға арналған оқыту

бағдарламалары:

- «Бейімді-белсенді оқыту»;
- «Физика сабақтарында бейімді-белсенді оқыту»;
- «Биология сабақтарында бейімді-белсенді оқыту»;
- «Химия сабақтарында бейімді-белсенді оқыту»;

Бұл бағдарламалардың асинхронды оқу ұзақтығы – 40 сағат.

2. «NIS мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы» бағдарламасы. Бұл бағдарлама мектепті басқару командаларын оқытуға арналған. Курс ұзақтығы 160 сағатты құрайды.

3. Жас педагогтерді оқытуға арналған «Табысқа жету қадамдары» бағдарламасы. Оқу ұзақтығы 96 сағатты құрайды. Курс онлайн-форматта өткізіледі.

2021 жылдан бастап ПШО әртүрлі бағыттар бойынша біліктілікті арттырудың пәндік бағдарламаларын іске асыра бастады: бағдарламалардың мазмұны, бағалау жүйесі, функционалдық сауаттылық.

Пәндік бағдарламаларды әзірлеу барысында оның мазмұнының негізіне ПШО зерттеулерінің нәтижелері алынды, соған сәйкес курс тыңдаушыларының шамамен 1/3 бөлігі бакалавриат бағдарламалары бойынша ЖОО-ны аяқтады, олардың мазмұнында қазіргі уақытта жаңартылған оқу бағдарламаларының негізін құрайтын пән-

дер жетіспеді, мысалы, «Комбинаторика негіздері», «Жиынтық теориялары және логика элементтері», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология», «Биоинформатика», «Биотехнология», «Химиядағы энергетика» және т.б. Мұғалімдердің аталған пәндердің мазмұнын меңгеруі оқыту ісімен қатар жүреді. Аталған пәндер бойынша пәндік білімді меңгеру өте қиын және көбінесе мұғалім тек жеке-ленген ақпараттарды іздеумен шектеледі. Мұғалімдерге өз бетінше игеру қиын болғандықтан сабақтас пәндер бойынша әдіснамалық білім қажет. Осыған байланысты пән мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың келесі кезеңінде оқу бағдарламаларындағы күрделі тақырыптар бойынша пәндік білімді тереңдету бағдарламаларын әзірлеу және енгізудің қажеттілігі туындайды.

ҚР БҒМ-ның 2022 жылғы 18-6/203 және 17 наурыздағы тапсырмасына сәйкес пәндік бағдарламалар қайта қаралды, бейімделді және «Мектептегі сабақ: жақсарту нысаналары мен стратегиялары» деген жалпы атаумен бір бағдарламаға біріктірілді (ҚР ОАМ Сараптамалық кеңесімен келісілді, 2022 жылғы 8 сәуірдегі №6 хаттама және 2022 жылғы 4 мамырдағы №18-6/861-И хат). Біліктілікті арттырудың 14 бағдарламасының пәндік мазмұны жаңартылды (кестені қараңыз).

14 жаңартылған біліктілікті арттыру бағдарламаларының тізімі

№	Бағдарламаның атауы
1	Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін)
2	Урок в начальной школе: фокусы и стратегии улучшений (орыс тілінде оқытатын мектептер үшін)
3	Мектептегі қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары (Т1)
4	Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары (Т2)
5	Урок русского языка и русской литературы в школе: фокусы и стратегии улучшений (Я1)
6	Урок русского языка и литературы в школе: фокусы и стратегии улучшений (Я2)
7	Мектептегі ағылшын тілі сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары
8	Мектептегі тарих сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары
9	Мектептегі математика сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары
10	Мектептегі география сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары
11	Мектептегі биология сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары
12	Мектептегі химия сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары
13	Мектептегі физика сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары
14	Мектептегі информатика сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары

Бұл бағдарламалардың ерекшелігі – оқу мен оқытудың сапасын арттыруға бағытталған пәндік және мета-пәндік құзыреттіліктерді дамытуды көздейтіні.

Біліктілікті арттырудың пәндік курстары практикаға бағдарланған, ол келесі бағыттарды қамтиды:

- оқу бағдарламаларының күрделі тақырыптары бойынша пәндік білімді тереңдету;

- оқу жетістіктерін бағалау үшін тапсырмаларды әзірлеуге оқыту;

- пән мазмұнының ерекшелігін ескере отырып, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеуге оқыту;

- сабақта инклюзивті орта құруды, оқушыларды сабақта бірлескен іс-әрекетке белсенді тартуға негізделген оқыту әдістері мен тәсілдерін ескере отырып, сабақты жоспарлауға үйрету;

- ең қиын тақырыптар бойынша сабақ үзінділерін бір-біріне көрсету және

таңдалған стратегиялар мен оқыту әдістерін рефлексия кезінде негіздеу.

Бағдарлама мазмұнының өзгеруіне байланысты курста оқу ұзақтығы да өзгерді: 120 сағат – бастауыш мектеп пәндері және қоғамдық-гуманитарлық, тілдік пәндер бойынша, 160 сағат – жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша. Оқыту аралас форматта (аудиториялық және қашықтан оқыту) ұйымдастырылып, ПШО сарапшыларының тәуелсіз сыртқы қорытынды бағалауымен аяқталды.

Педагогикалық шеберлік орталығы оқытылатын пәндер бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге үнемі көңіл бөледі. 2020-2022 жылдары педагогтердің біліктілігін арттырудың 75 бағдарламасы әзірленді, оның ішінде 2020 жылы – 26 білім беру бағдарламасы (35%), 2021 жылы – 18 бағдарлама (24%) және 2022 жылы – 31 бағдарлама (41%) дайындалды.

2020-2022 жылдары әзірленген білім беру бағдарламаларының бағыттары мен саны туралы мәліметтер

№	Білім беру бағдарламаларының бағыттары	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
1	ЖОО-да/колледжде/мектепте оқыту әдістемесі мен технологиясы	2		
2	Білім беру мазмұнын жаңарту	3		
3	Кәсіптік және техникалық білім беру мазмұнын жаңарту	13		
4	Пәндік құзыреттілік		14	14
5	Тәрбие жұмысы және практикалық психология, кәсіптік бағдар беру	2		1
6	Функционалдық сауаттылық	4		
7	Инклюзивті білім беру		2	2
8	Білім беру ұйымындағы көшбасшылық және менеджмент	1		
9	Мектепке дейінгі білім беру	1	2	3
10	Білім беру сапасын жақсарту			5
11	НЗМ педагогтерінің кәсіби дамуы			6
Барлығы		26	18	31

Соңғы 3 жылда білім беру бағдарламаларының ең көп саны 2022 жылы әзірленгенін атап өту керек. Егер 2022 жылы ББ бағыты бойынша талдайтын болсақ, 45%-ы – пәндік құзыреттілікті тереңдетуге арналған жаңартылған бағдарламалар, 19%-ы – НЗМ педагогтерінің кәсіби дамуына арналған бағдарламалар, 16%-ы – орта білім беру сапасын арттыруға арналған бағдарламалар, 10%-ы – мектепке дейінгі білім беруді дамытуға арналған бағдарламалар, 6%-ы – инклюзивті білім беруді дамытуға арналған бағдарламалар және 3%-ы – орта білім берудегі оқу-тәрбие жұмысының (оның ішінде кәсіптік

бағдарлау бойынша) сапасын жақсартуға арналған бағдарламалар.

Бекітілген «2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы» құжатының 2018 жылғы 1 желтоқсандағы жоспарлы индикаторларына сәйкес 64 «Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының саны» көрсеткішінің орындалғанын атап өткен жөн. Сонымен, 2022 жылдың басындағы жағдай бойынша **ACQUIN (Германия) сапаны қамтамасыз ету және сертификаттау, аккредиттеу институтында сертификаттау рәсімінен педагогтердің әртүрлі санаттары үшін 10 бағдарлама өтті.**

Аккредиттелген халықаралық білім беру бағдарламалары тізбесі

№	Бағдарламаның атауы	Жыл
1	Тиімді оқыту	2018
2	Мектептегі мұғалім көшбасшылығы	2018
3	Педагогикалық қауымдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы	2018
4	ҚР жалпы білім беретін мектеп басшыларының бағдарламасы	2018
5	Жаңартылған білім беру мазмұны аясында «Математика» пәнінің бағдарламасы	2019
6	Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеулер	2019
7	ҚР мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілерінің бағдарламасы	2019
8	Мұғалімдерді даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушыларының бағдарламасы	2019
9	Математика пәнінен тапсырмалар әзірлеу және сараптау	2020
10	ҚР жалпы білім беретін мектептерінің педагог-психологтарының бағдарламасы	2020

2022 жылдың желтоқсанында ACQUIN (Германия) аккредиттеу агенттігінде «Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы» білім беру бағдарламасын халықаралық аккредиттеу рәсімдері аяқталды.

Өзін-өзі бағалау есебінің стандарттары келесі бөлімдер бойынша ақпаратты қамтыды: сапаны қамтамасыз ету саясатын әзірлеу және орындау, бағдарламаларды әзірлеу мен бекітудің ашық және стандартталған рәсімдері, студенттерге бағытталған оқытуды, оқыту мен бағалауды жүзеге асыру, тренерлер құрамының жоғары сапасы, ресурстармен қамтамасыз ету және тренерлердің үздіксіз кәсіби өсуі, ақпаратты басқару, бағдарламаларды бақылау және оларды үнемі жақсарту. Әрбір стандарт бойынша бағдарлама толық сәйкестігін растады. Есепте ACQUIN халықаралық

сарапшылары бағдарламаның ерекше екенін атап өтті, өйткені ол мектеп командаларының белгілі бір мектептің қажеттіліктері мен талаптарын ескере отырып жасалған жобаны әзірлеу мен жүзеге асырудағы күш-жігерін біріктіреді. Алғаш рет онлайн-сұхбат жүргізу рәсімі респонденттердің әртүрлі санаттарымен: курс тыңдаушылары, бағдарламаны әзірлеушілер, тренерлер, зерттеушілер өзара сұхбат форматында өткізілді.

«Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы» ББ аккредиттеу рәсімінің нәтижелері бойынша ACQUIN аккредиттеу агенттігінің сарапшылары «Шартсыз аккредиттеу» мәртебесі бар халықаралық сертификат беру туралы шешім қабылдады. Халықаралық сапа сертификатын тапсыру 2023 жылдың қаңтар айында Байройт қаласында (Германия) жоспарланған.

4.2 Тренерлер құрамын дайындау

Қазақстан Республикасының педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын өткізу үшін тренерлер құрамын даярлау

Біліктілікті арттыру курстарында білім беру үдерісін ұйымдастырудың және мазмұнының жоғары сапасын қамтамасыз етудің маңызды шарты – қызметкерлердің кәсіби сертификатталған құрамының болуы. Қазіргі уақытта ПШО-ның орталық кеңсесінде және оның филиалдарында 105 сертификатталған тренер жұмыс істейді.

ПШО-ның тренерлік қызметіне жалпы білім беретін мектептер, мектепке дейінгі ұйымдар мен Зияткерлік мектептер-

ден педагог-көшбасшыларды тартады, бұл біліктілікті арттыру курстарында оқытуды анағұрлым шынайы етуге мүмкіндік береді, өйткені оқыту үдерісіне тартылған тренерлер бағдарламаның мазмұнын педагогтердің мектеп тәжірибесінен кейстермен толтырады, бұл теориялық оқытуды практикамен жақындастыруға ықпал етеді. Өз кезегінде, педагог-тренерлер ересек аудиториямен жұмыс тәжірибесін жинақтайды және осы дағдыларды өздерінің білім беру ұйымдарының ұжымдарымен жұмыс істедің өзіндік кәсіби практикасын жақсарту үшін пайдаланады.

2022 жылы білім беру бағдарламалары бойынша 754 тренер дайындалды.

Білім беру бағдарламалары бойынша оқытылған тренерлер саны

№	Бағдарлама	Барлығы	Оның ішінде		
			ПШО	тартылғандар	
				НЗМ	ЖББМ
1	Мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары (14 пән бойынша)	547	105	62	380
2	Балаларды ерте дамыту бағдарлары	80	18		62
3	Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы	19	19		
4	Оқыту практикасын жақсарту үшін мектеп педагогтерінің талдамалық құзыреттіліктері	31	31		
5	Жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	60	19		
6	Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы: балаларды дамыту бағдарлары	17	17		41
Барлығы		754	209 (28 %)	62 (8 %)	483 (64 %)

Соңғы үш жылда ПШО біліктілікті арттырудың түрлі білім беру бағдарламалары бойынша 1 624 тренер дайындалды.

Соңғы үш жылда дайындалған тренерлер саны

	Оның ішінде жылдар бойынша		
	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Барлығы 1 624 адам дайындалды.	303 адам	567 адам	754 адам
Оның ішінде тартылған тренерлердің үлесі	249 адам (82%)	362 адам (64%)	545 адам (72%)

Тренерлер құрамының кәсіби деңгейін бағалау және тренер мәртебесін растау мақсатында 2022 жылдан бастап жыл сайынғы қайта сертификаттау рәсімі ұйымдастырылады, оны «НЗМ» ДББҰ «Педагогикалық өлшемдер орталығы» филиалының сараптамалық кеңесі жүргізеді.

Өткен жылы қайта сертификаттаудан алғаш рет ақылы қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес курстар өткізуге тартылатын мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері арасынан шыққан тренерлер өтті. Қайта сертификаттау нәтижелері бойынша 440 тренердің 70%-ы (немесе 310 адам) қайта сертификаттаудан сәтті өтті және тренерлік қызметті жалғастыруға құқық беретінін растайтын сертификат алды. 2023 жылы жаңа тренерлер практикасының нәтижелері бойынша тренерлердің қалған 30%-ы қайта сертификаттаудан өтеді.

4.3 Қазақстан Республикасының педагог кадрларының біліктілігін арттыру

ҚР БҒМ-ның 2022 жылғы 17 қаңтардағы № 15325/18-6/64 және 2022 жылғы 4 наурыздағы № 982-5-724/18-62022 хаттарына сәйкес ПШО 42 991 тыңдаушыға педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастырды және өткізді, оның ішінде:

- **Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан 7 495 адам (немесе 17,3%);**
- **Орта білім беру жүйесінен 34 636 адам (немесе 79,9%);**
- **Жоғары және кәсіптік білім беру жүйесінен 860 адам (немесе 2%).**

ПШО-да және оның филиалдарында біліктілікті арттыру курстары ПШО директорының 2022 жылғы 7 қарашадағы № 482 бұйрығымен бекітілген және ҚР Білім және ғылым министрінің «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары» атты 2016 жылғы 28 қаңтарда бекітілген № 95 бұйрығының негізінде әзірленген қағидаларға сәйкес ұйымдастырылды және өткізілді.

ПШО өндірістік бағдарламасын қаржыландыру екі көзден жүзеге асырылды: 18 940 тыңдаушыны оқыту үшін республикалық бюджет есебінен (немесе жалпы көлемнің 44%-ы) және 24 055 тыңдаушыны оқыту үшін «НЗМ» ДББҰ қаражаты есебінен (немесе жалпы көлемнің 56%-ы).

2022 жылдың соңында ел педагогтерінің біліктілігін арттыру бойынша ПШО жоспары толық көлемде орындалды. Сонымен қатар тыңдаушыларды өңірлер бойынша бөлудегі айырмашылықтарды түзету жүргізілгенін атап өткен жөн. Өңірлік аспектіде жоспарлы көрсеткіштердің толық орындалуы Астана, Алматы, Шымкент қалалары, Абай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстары бойынша атап өтілді. Ақмола, Қостанай және Павлодар облыстары бойынша өндірістік жоспардың орындалмауы орын алды. Оның негізгі себебі – жергілікті атқарушы органдардың бюджетінде курстарға оқуға жіберілген мұғалімдерге іссапар шығындарына қаражаттың болмауы.

Гендерлік тұрғыдан тыңдаушылардың басым бөлігі — әйелдер (90,6%), ерлердің үлесі 9,4%-ды құрады. Тыңдаушылардың жалпы санының ең көп саны ауыл мектептері педагогтерінің үлесіне тиді – 58,7% (немесе 25 197 адам). Тілдік ерекшелігіне қарай мұғалімдердің 75,5%-ы қазақ тілінде, 20%-ы орыс тілінде, 4,5%-ы ағылшын тілінде оқыды.

Білім деңгейлері бойынша тыңдаушылардың сандық құрамы:

1) Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының 7 495 педагогы, оның ішінде:

- «Балаларды ерте дамыту бағдарлары» бағдарламасы бойынша тәрбиешілер – 73,3% (немесе 5 495 адам);
- «Мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы тиімді менеджмент» бағдарламасы бойынша әдіскерлер мен басшылар – 17,1% (немесе 1 281 адам);
- «Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы: балаларды дамыту бағдарлары» бағдарламасы бойынша тәрбиешілер – 9,6% (немесе 719 адам).

2) Орта білім беру жүйесінің 34 636 педагогы, оның ішінде:

- «Мектептегі сабақ: басымдықтар және жақсарту стратегиялары» бағдарламалары бойынша пән мұғалімдері – 77% (немесе 26 660 адам) (2021 жылмен салыстырғанда пән курстарының тыңдаушыларының саны 60%-ға немесе 15 960 адамға артты);
- «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» ұзақ мерзімді бағдарламасы бойынша басшылар – 2,9 % (немесе 996 адам);

– «Мектеп командалары: тиімді басқару және білім сапасы» бағдарламасы бойынша әр мектептен 3 педагогтан тұратын басқару командалары – 1,1% (немесе 369 адам);

– «Оқыту практикасын жақсарту үшін мектеп педагогтерінің талдамалық құзыреттілігі» бағдарламасы бойынша мұғалімдер – 4,9% (немесе 1 711 адам);

– «Мұғалім практикасындағы зерттеулер» бағдарламасы бойынша мектеп тренерлері – 2,9% (немесе 1 000 адам);

– «Оқушыларды психологиялық қолдау» бағдарламасы бойынша мектеп психологтары – 2,9% (немесе 1 000 адам);

– «Әлеуметтік дағдыларды дамыту: отбасы, мектеп, мансап» бағдарламасы бойынша әлеуметтік педагогтер мен сынып жетекшілері – 4,3% (немесе 1 500 адам);

– «Жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» бағдарламасы бойынша жалпы білім беретін мектептер педагогтері – 1,7% (немесе 600 адам);

– «Тиімді оқыту», «Мектептегі мұғалімнің көшбасшылығы», «Педагогикалық қауымдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы» ұзақ мерзімді бағдарламалары бойынша мектеп педагогтері – 2,3% (немесе 800 адам);

3) Жоғары оқу орындары мен колледждердің 860 оқытушысы, оның ішінде:

– «Оқу мен оқытудың әдістемелері мен технологиялары» бағдарламасы бойынша оқытушылар – 53,4% (немесе 460 адам);

– «Қолданбалы зерттеулер әдістемесі» бағдарламасы бойынша оқытушылар – 46,6% (немесе 400 адам).

НЗМ педагогтерінің біліктілігін арттыру жобасы аясында 2022 жылы ПШО курстарында 336 адам оқыды, оның ішінде:

– «Табысқа жету қадамдары» бағдарламасы бойынша 168 жас педагог;

– «Оқыту практикасын жақсарту үшін мектеп педагогтерінің талдамалық құзыреттіліктері» бағдарламасы бойынша 147 мектеп директорларының орынбасарлары мен оқу бөлімінің әдіскерлері;

– «Мектеп басшысының басқарушылық құзыреттілігін дамыту» бағдарламасы бойынша 21 мектеп директоры.

«НЗМ» ДББҰ-ның 2022 жылғы 31 қазандағы № 350/ОД бұйрығына сәйкес, қосымша

ПШО бейімді-белсенді оқыту бойынша **61 пән мұғалімін**, оның ішінде биологиядан – 16 адам, физикадан – 26 адам, химиядан – 19 адамды асинхронды форматта оқытты.

Курстарда сапалы білім беру үдерісін қамтамасыз ету көрсеткіштерінің бірі – курстық мониторингті жүйелі негізде жүргізу. 2022 жылы «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» (806 респондент қамтылды), «Жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» (568 респондент қамтылды) және «Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту: отбасы, мектеп, мансап» (870 респондент қамтылды) бағдарламалары бойынша 3 курстық зерттеу жүргізілді.

Орташа алғанда, сауалнамаға қатысқандардың кем дегенде 93%-ы курстың кәсіби үміттері толығымен ақталып қана қоймай, күтілгеннен асып түсетінін атап көрсетеді. ПШО-да оқыту нәтижелері бойынша жағымды эмоциялық әсерді атап өткен педагогтардың үлесі 91-ден 95%-ға дейінгі аралықта тұрақты түрде өзгеріп отырды. Респонденттердің көпшілігінің мақұлдауы (80%-дан жоғары) бағдарлама мазмұнының мектеп практикасының шындықтырымен сәйкестігін білдіреді. Әр бағдарламаға респонденттердің кем дегенде 66%-ы жыл сайын өз жұмысының жекелеген аспектілері бойынша қолда бар білімді толықтырып қана қоймай, сонымен қатар көптеген жаңа, бұрын белгісіз, тәжірибеге бағдарланған білім алатынын баса көрсетті.

Курс тыңдаушылары уақытылы, сындарлы, тиімді және пайдалы болуымен сипатталатын сабақтар кезінде тренерлер ұсынатын тұрақты кері байланысты да атап өтті.

4.4 Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары шеңберінде бағалау

Педагогикалық өлшеулер орталығы педагогтердің бағдарламалар мазмұны мен сертификаттауды меңгеру деңгейін анықтау мақсатында біліктілікті арттыру курстарының 7 бағдарламасы шеңберінде тәуелсіз бағалау рәсімдерін жүргізеді. Бағалауға оқытудың жаңа тәсілдемелерін жоспарлау және тәжірибеде қолдану жөніндегі рефлексияны көрсететін портфолио мен презентация ұсынылады.

2022 жылы **35 436** материал бағаланды, **33 559 (95%)** педагог сертификаттауға ұсынылды.

Курс бағдарламалары бойынша бағалаудан өткен педагогтердің саны

Бағдарлама	Бағалаудан өтті	Ұсынылды
Тиімді оқыту	350	305 (87 %)
Мектептегі мұғалімнің көшбасшылығы	150	132 (88 %)
Педагогикалық қауымдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы	299	262 (88 %)
Жалпы білім беретін мектеп басшыларына арналған курстар	1 792	1 438 (80 %)
«Мектептегі сабақ; басымдықтар және жақсарту стратегиялары» бағдарламасы бойынша курстар	26 127	24 641 (94 %)
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған «Баланы ерте дамыту бағдарлары» курстары	5472	5 253 (96 %)
«Мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы тиімді менеджмент» мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына арналған курстар	1 247	1 224 (98 %)
Барлығы	35 436	33 559 (95 %)

Бұрын сертификаттауға ұсынылмаған **1 474** педагог үшін бағалау рәсімдері қайта жүргізілді.

Қайта бағалаудан өткен педагогтердің саны

Бағдарлама	Бағалаудан өтті	Ұсынылды
Тиімді оқыту	21	13 (62 %)
Мектептегі мұғалімнің көшбасшылығы	4	4 (100 %)
Педагогикалық қауымдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы	2	2 (100 %)
Жалпы білім беретін мектеп басшыларына арналған курстар	144	102 (71 %)
«Мектептегі сабақ; басымдықтар және жақсарту стратегиялары» білім беру бағдарламасы бойынша курс	1 119	958 (86 %)
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған «Балаларды ерте дамыту бағдарлары» білім беру бағдарламасы бойынша курс	148	120 (81 %)
«Мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы тиімді менеджмент» мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына арналған курстар	36	36 (100 %)
Барлығы	1 474	1 194 (81 %)

Бағалауға ұсынылған материалдардың сапа нәтижелері орта есеппен 4%-ы «жақсы», 90%-ы «қанағаттанарлық», 6%-ы «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланды.

Педагогтердің материалдарын бағалау

Бағдарлама	Барлығы	Баға					
		жақсы		қанағат-танарлық		қанағат-танарлықсыз	
Тиімді оқыту	350	16	5 %	289	83 %	45	13 %
Мектептегі мұғалімнің көшбасшылығы	150	19	13 %	113	75 %	18	12 %
Педагогикалық қауымдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы	299	35	12 %	227	76 %	37	12 %
ҚР жалпы білім беру ұйымдарының басшыларына арналған курстар	1 792	34	2 %	1 404	78 %	354	20 %
«Мектептегі сабақ: басымдықтар және жақсарту стратегиялары» бағдарламасы бойынша курстар	26 127	1 242	5 %	23 339	90 %	1 486	6 %
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	5 472	103	2 %	5 150	94 %	219	4 %
Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына арналған курстар	1 247	50	4 %	1 177	94 %	20	2 %
Барлығы	35 437	1 499	4 %	31 759	90 %	2 179	6 %

Бағалаудың сенімділігін қамтамасыз ету және академиялық адалдық қағидаттарын қолдау үшін 5 курс бағдарламасы бойынша педагогтер ұсынатын портфолио онлайн-сервис-терді пайдалана отырып, қалыптастырушы және жиынтық бағалау кезеңдерінде плагиатқа тексеріледі.

Педагогтердің портфолиосын тексеру нәтижелері

Программа	Портфолио есептерінің саны	Плагиат	
		ҚБ кезеңі	ЖБ кезеңі
Тиімді оқыту	350	54	17
Мектептегі мұғалімнің көшбасшылығы	150	22	10
Мұғалімнің педагогикалық қауымдастықтағы көшбасшылығы	299	47	18
ҚР жалпы білім беретін мектеп басшыларына арналған курстар	7 105	1 241	523
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	5 183	374	78
Барлығы	13 087	1 738	646

Қалыптастырушы бағалау кезеңінде портфолионы плагиатқа тексеру және кері байланыс беру мұғалімдердің білім беру практикасында оқыту бағдарламаларының идеяларын қолдану мен білімнің дәлелдемелерінің сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

«Тиімді оқыту», «Мектептегі мұғалімнің көшбасшылығы», «Педагогикалық қауымдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы» білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарын қашықтан оқыту форматына ауыстыруға байланысты «Бағалау рәсімдерін жүргізу қағидаларына», «Мұғалімді бағалау қағидаттарына», «Тренерді бағалау моделіне» өзгерістер енгізілді. «Мектептегі сабақ: басымдықтар және жақсарту стратегиялары» және «Балаларды ерте дамыту бағдарлары» жаңа білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстары шеңберінде бағалауды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары әзірленді. Бағалау рәсімдерін оңтайландыру үшін ПӨО порталының <http://portal.cpi-nis.kz/> функционалы жаңартылып, бағалау рәсімдеріне қатысушыларды өз бетінше тіркеу, бағалау материалдарын тіркеу және жүктеу мәртебесін көрсете отырып, бағалау үшін материалдарды жүктеу, бағалау материалдарын пакеттік сыртқа жүктеу, бағалау проформалары мен айдарларын электрондық форматта толтыру мүмкіндіктері кеңейтілді. Педагогтерге бағалау рәсімдері бойынша ақпаратты және ПӨО порталында жұмыс істеудің қадамдық алгоритмін қамтитын бейне нұсқаулықтар әзірленді. Портал функционалын жаңарту бағалау рәсімдерін ұйымдастыру кезінде тәуекелдерді азайтуға, бағалау нысандарын қалыптастыру рәсімін стандарттауға мүмкіндік берді.

2022 жылы қысқа мерзімді курстарды өткізуге тартылған 440 тренердің рефлексивті есептерін бағалау рәсімдері алғаш рет жүзеге асырылды, оның 310-ы (70,5%) сертификаттауға ұсынылды. Бағалау рәсімдерін іске асыру үшін «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары тренерлерінің практикасын бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ережелер» әзірленді және бекітілді. Рефлексиялық есептерді бағалау нәтижелері бойынша тренерлерге практиканы дамыту бойынша келесідей ұсынымдар берілді:

– сабақты жоспарлау кезінде мұғалімдердің қажеттіліктерін анықтау және ескеру (оқыту әдістерін, ресурстарды, тапсырмаларды, сондай-ақ сабақ құрылымын таңдау);

– оқыту үдерісіне педагогтерді тарту әдістерін қолдану;

– оқытуды қолдау және сабақ тақырыбын зерттеудегі мұғалімдердің үлгерімін бақылау үшін бағалау құралдарын әзірлеу;

– барлық мұғалімдер оқу мақсаттарына қаншалықты қол жеткізгеніне сәйкес сабақтың сәттілігін бағалау.

Тренерлерді әдістемелік қолдау мақсатында рәсімдерді түсіндіру және бағалау критерийлерін бірыңғай түсінуді қалыптастыру мақсатында іс-шаралар жүйелі түрде өткізілді: «Мектептегі сабақтар: жақсарту нысаналары мен стратегиялары», «Балаларды ерте дамыту бағдарлары», «Инновациялық менеджмент» білім беру бағдарламалары бойынша курстар шеңберінде 7 вебинар, оның ішінде академиялық адалдық қағидаттарын қолдау, ақпарат көздеріне сілтемелерді пайдалануды түсіндіру, 90-нан астам жеке және топтық кеңестер, портфолионы бағалау бойынша 500-ден астам айдарлар ұсынылып, тренерлер практикасын дамыту бойынша ұсыныстар берілді.

4.5 Курстық оқыту сапасының мониторингі

2022 жылы ҚР жалпы білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға байланысты үдерістердің сапасын басқару және бақылау нәтижелерін қадағалау мақсатында мониторингтік зерттеулер жүргізу бойынша жұмыс жалғастырылды. Жұмыс ПШО директорының 2022 жылғы 7 қарашадағы № 475 бұйрығымен бекітілген Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Мониторингтік зерттеулер жүргізудегі жүйелілік оларды білім беру бағдарламаларын іске асырудың барлық кезеңдерінде жүргізумен қамтамасыз етіледі.

Мониторингтік зерттеулердің негізгі міндеттері

Курс алдындағы зерттеулер	бағдарламаның тұжырымдамасын, тақырыптық мазмұнын, мақсатын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерін әзірлеуге арналған
Курстық зерттеулер	білім беру бағдарламаларын уақытылы түзету және курстардағы білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуге арналған
Курстан кейінгі зерттеулер	сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметінің сапасын бағалауға арналған

Қойылған міндеттерді шешу үшін ПШО зерттеушілері нақтылайтын мәселелердің тізбесін әзірледі:

- заманауи эмпирикалық зерттеулер мониторингтің ғылыми тұжырымдамасын қандай тақырып және қандай нәтижелер бойынша анықтады;

- не жасалғанын, қаншалықты жақсы жасалғанын және неге қол жеткізілгенін анықтау үшін қандай көрсеткіштерді өлшеу керек;

- деректер қалай және қандай кезеңдерде жиналады;

- деректерді талдауды кім жасайды;

- құпиялылықты қамтамасыз ету үшін зерттеу нәтижелері қалай пайдаланылады;

- зерттеу нәтижелерін қажет ететіндерге қалай қол жеткізуге болады.

Мониторингтік зерттеулердің ғылыми базисі қазіргі педагогикада тақырыптық бағыттар бойынша құрылымдалған беделді авторлар жүргізген ауқымды және көпжылдық зерттеулердің нәтижелерін анықтады:

- «Білім сапасын түсіну» - ЭЫДҰ-ның талдамалық есептері;

- «Мұғалімнің кәсібилігі» - Darling-Hammond, L. (2010); Fullan, M. (2012);

Wenglinsky, H. (2014) және басқалары;

- «Педагогтың негізгі құзыреттіліктері» - Monk, D.H. and King, K. (2009); Goldhaber, D. and Brewer, D.J. (2011); Hanushek, E.A. (2013); Murnane, R.J. and Phillips, B.R. (2017); Darling-Hammond, L. (2019) және басқалары.

- «Тиімді мектептер және тиімді директорлар» - Leithwood, K., Jantzi, D. and Fernandez, A. (2014) және басқалары;

- «Оқушылардың академиялық жетістіктеріне әсер ететін факторлар» - Leithwood, K., Jantzi, D., and Fernandez, A. (2009); Louis, K.S., Kruse S.D. and Associates (2011); Newmann, F. and Wehlage, G. (2013) және басқалары;

- «Мектеп мәдениеті» - Choy, S. P., and Ross, M. (2003); Fullan, M. (2007) және басқалары;

- «Тиімді басқару, талдау және шешім қабылдау» - Lunenburg, F.C and Ornstein, A.O. (2012); Barton, P.E., Coley, R.J. and Wenglinsky H. (2017) және басқалары.

ПШО мониторингтік зерттеулері көрсетілген ғылыми теориялар негізінде әзірленеді және жүргізіледі, бұл олардың фокустары мен өлшеу параметрлерін анықтайды.

Зерттеу түрлері және өлшеу параметрлері

№	Зерттеу түрі	Өлшеу параметрлері
1	Курс алдындағы зерттеу	- кәсіби мәселелер мен қажеттіліктер; - біліктілікті арттыру курстарынан күтілетін үміттер.
2	Курстық зерттеу	
2.1	Фокус: білім беру бағдарламасының мазмұнын бағалау	- ұсынылған ақпараттың жаңалығы мен толықтығы; - оқытылатын пәннің ерекшелігіне сәйкестік; - теориялық ақпаратты практикалық-әдістемелік ақпаратпен үйлестірудің оңтайлылығы; - оқу мен оқытудың сапасын арттыру мақсатында алынған ақпараттың маңыздылығы мен қолданылуы.

2.2	Фокус: оқудың тиімділігін бағалау (Киркпатриктің оқу тиімділігін бағалаудың төрт деңгейлі моделі негізінде)	- бірінші деңгей: реакция (оқудан күтілетін үміттің негізділігі, эмоциялық реакция және жалпы көзқарас); - екінші деңгей: білім деңгейі (жаңа білімді, дағдыларды, техникалар мен әдістерді игеру көлемі мен дәрежесі, алынған құзыреттіліктердің маңыздылығы мен құндылығын түсіну); - үшінші деңгей: мінез-құлық, дағдылар деңгейі (жаңа ақпаратты игергеннен кейін тыңдаушылардың мінез-құлқындағы өзгерістер дәрежесі); - төртінші деңгей: нәтиже (оқу практикасында және оқушыларды оқытуда болған жақсартулар).		
3	Курстан кейінгі зерттеу			
3.1	Фокус: мектеп контексті (мәдениет, орта, дамуды басқару)	Басшылар	Оқушылар	Ата-аналар
		Көшбасшы ретінде жұмыс істеуге дайын болу және өзін кәсіби дамыту. Мұғалімдердің кәсіби дамуына нақты үлес қосу. Ынтымақтастық дәстүрлері. Оқыту сапасын бағалау рәсімдеріне жеке қатысу. Оқыту практикасына жақсартулар мен түзетулер енгізу үшін сабақтарды бақылау деректерін пайдалану. Мектеп мәдениеті. Мектепшілік бақылау.	Мектеп басшылығына сенім. Тұрғылықты жеріне және мектепке қатынасы. Болашақ мамандықты таңдау мүмкіндіктері. Қосымша білім берудің шарттары. Сыныпта, мектепте достарының болуы. Мектеп басшылығымен проблемалық мәселелерді талқылау мүмкіндіктері. Мектептің дамуына қосатын үлесі.	Баланы оқытуға қатысу. Оқу ортасы мен шарттарына қанағаттанушылық. Мектеп басшылығына сенім. Мектеппен ынтымақтастыққа дайындық. Мектептің дамуына қатысу. Мұғалімдермен және мектеп басшылығымен үнемі байланыста болу мүмкіндіктері.
3.2	Фокус: мұғалімдердің кәсібилігі, оқу және оқыту тәжірибесі	Мұғалімдер	Оқушылар	Ата-аналар
		Оқыту мазмұны. Кәсіби қиындықтар және кәсіби даму. Әдістемелік арсенал. Өзара іс-қимыл және ынтымақтастық. Бағалау жүйесі. Үй тапсырмасына мониторинг. Өз практикасын зерттеу.	Оқу мақсатын және ағымдағы оқу жетістіктерін білу. Оқуға ынталандыру. Пәндік білімді қолдану және түсіндіру қабілеті. Құрдастарымен және мұғалімдермен ынтымақтастық.	Балаларды оқытудағы үміттер мен сұраныстардың қанағаттануы. Мұғалімдермен өзара әрекеттесу. Үй тапсырмаларын дайындауға және орындауға қатысу. Қолданыстағы бағалау жүйесін түсіну. Баланың өмірлік болашағын көру.

Кестеде көрсетілген параметрлер шеңберінде білім беру бағдарламаларының оқушылардың академиялық жетістіктеріне әсер ету сапасының көрсеткіштері әзірленді:

- мектепті басқару басшылық етуді және қолдауды қамтамасыз етеді;

- оқу мақсаттары нақты анықталған, әр оқушының назарына жеткізілген, түсінілген және қабылданған;

- педагогикалық ұжым оқушыларды оқуы және олардың жоғары нәтижелерге жетуі үшін жауапкершілікті өз мойнына алады;

- білім беру ортасы оқуға ынталандыратын жағдай жасайды;

- мектеп мәдениеті мен климаты оқушыларды қолдайды, мектепте олардың өзін жағымды, сенімді сезінуіне және жоғары жетістіктерге қол жеткізуіне ықпал етеді.

Зерттеулер ғылыми әдістерді: сауалнама, педагогикалық бақылау, сұхбат, фокус-топтар, құжаттарды сараптау, т.б. қолдана отырып жүргізледі. Респонденттердің қатарында тек басшылар мен педагогтер ғана емес, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандары, оқушылар мен олардың ата-аналары да бар.

2022 жылы ПШО 9 зерттеу жүргізді (жалпы 20 757 респондент қамтылған), оның ішінде: 5 курс алдындағы, 3 курстық және 1 курстан кейінгі. Осы зерттеулердің нәтижелері жыл сайын «ПШО мониторингтік зерттеулері» (ISBN 978-601-7780-05-04) сериясындағы кітаптар мен брошюраларда жарияланады. 2022 жылы 6 кітап пен 17 брошюра жарық көрді.

4.6 Педагог кадрларды курстан кейін әдістемелік қолдау

ПШО директорының 2022 жылғы 7 қарашадағы №480 бұйрығымен бекітіл-

ген курстан кейінгі қолдау туралы Ережеге сәйкес ПШО тренерлері тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеуді жалғастырады, бұл педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының құрамдас бөлігі болып табылады. Курстан кейінгі сүйемелдеудің басты мақсаты – оқыту үдерісі барысында кәсіби қиындықтарды анықтау арқылы білім беру ұйымдарының педагогтеріне уақытылы әдістемелік көмек көрсету.

Курстан кейінгі кезеңде тренер мен тыңдаушылардың өзара іс-әрекеті қарым-қатынас матрицасы негізінде жүзеге асырылады, ол біліктілікті арттыру бағдарламасының міндетті элементі болып табылады, оны тыңдаушылар тобы курстың соңғы күні толтырады. Бір жыл ішінде тренерлер тыңдаушылардың сабақтарын бақылайды және сындарлы кері байланыс береді, сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізеді, жеке және топтық кеңестер ұйымдастырады, жетістіктердің нәтижелерін және мұғалімді аттестаттауды талдайды, оқыту үдерісінде мұғалімдер бастан өткізетін қиындықтарды анықтап, қолдау семинарлары мен вебинарларын өткізеді. Курстан кейінгі мониторинг пен курстан кейінгі іс-шаралардың нәтижелері sdo.cpm.kz платформасында педагогтің жеке кабинетінде тіркеледі.

Курстан кейінгі мониторинг шеңберінде ПШО тренерлері пән мұғалімдерінің сабақтарын негізгі 4 параметр бойынша бақылау мақсатында мектептерге іссапарларға шығады. Ол параметрлер: сабақты жоспарлау, оқу және оқыту, сабақта бағалау, оқытуда АКТ пайдалану. Аталған төрт аспектінің әрқайсысы бойынша мұғалімдерге сындарлы кері байланыс беріледі. 2022 жылы ПШО тренерлері 1500-ден астам сабаққа бақылау жүргізді, олардың қорытындысы бойынша оқытудың мықты және әлсіз жақтары анықталды (жалпыланған нәтижелер).

Бақылау барысында анықталған пән мұғалімдерінің мықты және әлсіз жақтары

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
Параметр: сабақты жоспарлау	
Сабақ жоспарлары көбіне талаптарға сәйкес келеді. Сабақта ұсынылатын ақпараттың мазмұны оқу мақсаттарына сәйкес келеді.	Сабақта жоспарланған тапсырмалар мақсатта көрсетілген ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес келмейді. Оқушылардың сабақ мақсаттарына жету деңгейін бағалауға арналған тапсырмалар жоқ.

Параметр: оқу және оқыту

Сабақ мақсат қою кезеңінен және тақырып бойынша қолда бар білімді өзектендіруден басталады.
Сабақтағы диалог мұғалім мен оқушы арасында байқалады.
Сабақта қызметті ұйымдастырудың жеке, жұптық және топтық формасын қолданады.

Оқушылармен бірге оқу мақсатын талқылау байқалмайды.
Оқушыларға бір-біріне сұрақ қою әдістері үйретілмейді.
Оқушылар өзара оқу және өзара бағалау үдерісіне қатыспайды.
Топтық жұмыс тиімсіз, жұмыс үдерісіне тек бірнеше оқушы қатысады.
Уақытты басқару тиімсіз: тапсырманы орындау уақыты хабарланбайды, сабақтың уақыты бақыланбайды, үй тапсырмасы түсіндірусіз қоңыраудан кейін беріледі.

Параметр: сабақта бағалау

Оқытудың аффективті жағы бағаланады: «Мақтау» және «Смайлик» әдістері.
Бағалау тапсырмалары оқушылардың ақпаратты түсіну деңгейін анықтайды.
Бағалау тапсырмаларында бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар.

Оқушылар бағалау үдерісіне қатыспайды.
Орындалған тапсырмаға кері байланыс дескрипторларға сәйкес келмейді.
Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар барлық оқушылардың сабақтың мақсаттарына жеткенін көруге мүмкіндік бермейді.

Параметр: оқытуда АКТ-ны қолдану

Ақпаратты визуализациялау үшін Power Point презентациясы қолданылады.

Тапсырма бойынша бірлескен жұмысты ұйымдастыру үшін, оқушылардан жедел кері байланыс алу үшін онлайн-ресурстар қолданылмайды.

Сабақтарды бақылау және ПШО педагог-тренерлерімен кәсіби әңгімелесу қорытындысы бойынша проблемалық мәселелер анықталып, соған сәйкес бірқатар оқыту іс-шаралары өткізілді: сабақты тиімді жоспарлау, сабаққа мақсат қою, сұрақтар қою, оқытуды саралау, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар, сабақта белсенді қызметті ұйымдастыру, бірлесіп жұмыс істеуге арналған АКТ құралдары. Сондай-ақ күрделі тақырыптар бойынша пәндік шеберлік сабақтарын өткізуге аймақтық НЗМ мұғалімдері тартылды.

ҚР БҒМ тапсырмасы бойынша 2022 жылдың 1 және 2 тоқсанында ПШО оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бірқатар іс-шаралар ұйымдастырды және жалпы білім беретін мектептердің педагогтері үшін келесі іс-шараларды өткізді:

– оқу уақытында Jalinga студиясының ресурстарын пайдалана отырып ПШО-ның ресми YouTube арнасында өткізілетін жаратылыстану-математикалық пәндер мұғалімдеріне арналған оқушылардың функционал-

дық сауаттылығына бағытталатын тапсырмалардың ерекшеліктерімен таныстыру, оларды талдау және шешу, оқу сауаттылығы мен креативті ойлауды дамыту, PISA халықаралық бағалауды жүргізу аясында оқушыларды психологиялық қолдау мәселелері туралы вебинарлар сериясы;

– демалыс уақытында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды шешу үшін тегін тренажер-симуляторларды пайдалануды үйретуге арналған аудандарға/қалаларға шығатын көшпелі семинарлар.

ПШО-да оқыған мектеп басшылары үшін мектептерге барған кезде тренерлер мектептердің қолданыстағы даму жоспарларына бірлескен талдау жүргізді, мектептердің педагогикалық және әдістемелік кеңестерінің отырыстарына қатысты. Қатысу нәтижелері бойынша мынадай қиындықтар анықталды: мектепті дамыту жоспарлары мектептің алдын ала аудитін жүргізбей жасалған, даму басымдықтары мектеп жұмысының негізгі мақсатымен

сәйкес келмейді; мектепішілік командалар жұмысының нәтижелері байқалмайды; мектеп басшылары ұжымның кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша өткізілген мектепішілік іс-шаралардың нәтижелілігін қадағаламайды. Анықталған қиындықтар негізінде тренерлер басқарушылық дағдыларды, стратегиялық жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталған семинарлар/вебинарлар өткізді. Сондай-ақ «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы аясында мектеп/колледж басшылары үшін оқу үдерісінде тегін тренажер-симуляторларды пайдалану мүмкіндіктерін түсіндіру бойынша оқыту семинарлары мен вебинарлар ұйымдастырылды.

Мектеп басшыларының біліктілігін арттырудың қазақстандық жүйесіне алғаш рет ПШО мен ресейлік EdCrunch Academy IT-мамандары бірлесіп әзірлеген **«Жалпы білім беретін мектепті басқару»** компьютерлік симуляторы (бұдан әрі - Симулятор) енгізілді. Тренажер мектеп басшыларының мектеп үшін басым бағыттарға сәйкес басқарушылық шешімдер қабылдау, қабылданған шешімдердің нәтижелерін талдау және стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша одан әрі жұмысты жоспарлау сияқты кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған.

Симуляторда оқу барысында директорлар мен мектеп директорларының орынбасарлары виртуалды мектептің моделін жасайды және олардың нақты қызметіне жақын кәсіби және басқарушылық жағдайларға түседі.

2022 жылдың желтоқсанында ПШО ДББҰ-ның Басқарма Төрайымының қатысуымен Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Ақтөбе қалаларының директорлары, директордың орынбасарлары, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандары үшін жаңа құралды таныстырды. Келесі жылы осы тренажерді қолдана отырып оқыту жалғасатын болады.

Курстан кейінгі қолдаудың басым бағыттарының бірі педагогтердің зерттеу дағдыларын дамыту болып табылады. 2015 жылдан бастап ПШО-ның Word Association of Lesson Studies (Дүниежүзілік Сабақты зерттеу қауымдастығы, бұдан әрі - WALs) сараптамалық кеңесіне мүшелігі шеңберінде еліміздегі педагогтердің оқыту тәжірибесін жақсарту үшін ғана емес, олардың кәсіби дамуы үшін де «Сабақты зерттеу» тәсілде-

месін қолдануға бағытталған «Lesson Study Kazakhstan» жобасын іске асыруды белсенді жалғастыруда. Әрбір жалпы білім беретін мектеп деңгейінде педагогтерге мектептегі зерттеу тренерлері тұрақты әдістемелік қолдау көрсетеді.

«Lesson Study» тәсілдемесін оқыту үдерісіне енгізудегі ПШО тәжірибесі бірнеше жыл бойы білім беру саласындағы саясатты зерттеу Ұлттық Институтының жетекші қызметкері Тошия Чичибумен (Жапония) бірлесіп жүргізілген үлкен зерттеу жұмысында жинақталды. Оған 9130 қазақстандық педагог қатысты. Зерттеудің мақсаты - мектептерде кәсіби капиталды құру тетіктерін түсіну және Lesson Study мектеп мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігін арттыруға және мектеп ұжымын дамытуға қалай ықпал ететінін анықтау. Зерттеу нәтижелері 2022 жылдың қазан айында «НЗМ» ДББҰ-ның XIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының пленарлық бөлімінде ұсынылды, сондай-ақ 2022 жылдың күзінде Emerald Group Publishing Ltd (Ұлыбритания) шығаратын (Q2) - International Journal of Lesson and Learning Studies (IJLLS) білім беру технологияларына арналған журналында жариялану үшін бірнеше рет сараптамадан өтті.

Дәстүрлі түрде 2016 жылдан бастап ПШО өткізетін «Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» атты жыл сайынғы өңірлік ғылыми-практикалық конференциялар мектептегі зерттеулердің нәтижелерін белсенді тарататын мұғалімдерді біріктіруді жалғастыруда. 2022 жылы өңірлік конференцияларға қатысушылардың аудиториясы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерін де қамтыды. 2022 жылдың қазан айында «Lesson Study Kazakhstan» жобасына Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің соңғы курстарының студенттері енгізілді, олар үшін «Теориядан практикаға: мектептегі Lesson Study» 4 күндік курсы және мектептердегі педагогикалық практика кезеңінде курстан кейінгі сүйемелдеу әзірленді. Оқыту барысында болашақ педагогтер «Сабақты зерттеу» тәсілдемесін ұйымдастырудың ерекшеліктерімен танысты, әріптестерімен бірлесіп жоспарлауды және сабақтарды бақылауды жүргізуді, «Сабақты зерттеу» тәсілдемесін қолдану нәтижелерін талдауды

және оқытуды одан әрі жақсарту үшін рефлексияны жүзеге асыруды үйренді.

ПШО қазақстандық мектептерде ғана емес, Lesson Study тәсілдемесін халықаралық деңгейде таратуда белсенді жұмыс жүргізуде. Мәселен, 2022 жылдың жазында Қырғызстанда танымал «Білімқана» мектеп желісінің оқытушылары үшін «Lesson Study – мұғалімдердің кәсіби дамуының тиімді құралы» атты тақырыптық семинар өткізді. Қырғыз елінің «Білімқана» әріптестеріне арналған жазғы семинар отандық және шетелдік мұғалімдер үшін білім беру туризмін енгізу бойынша ПШО-ның жаңа жобасы аясында ұйымдастырылды.

ПШО қазақстандық педагогтерді екі бағытта кәсіби дамыту бойынша жүйелі әдістемелік жұмысты жалғастыруда.

1. Тіркелген серіктес мектептер ұжымдары үшін мектепті каскадты әдіспен оқыту мен басқарудың ең жақсы тәжірибесін көрсететін құрылымдалған мектепаралық қауымдастықтар болып табылатын жетекші мектептер желісі арқылы педагогтерді кәсіби дамыту. Жетекші және серіктес мектептердің мұғалімдері ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, жаңа тәжірибе, мектеп практикасының өзгеруіне әсер ететін жаңа дағдылар алады. Жетекші мектептердің саны жыл сайын аймақтың басқа мектептерімен серіктестік жүйесінде жұмыс істеуге дайын жаңа мектептерді анықтау есебінен артып келеді. 2022 жылы жетекші мектептердің саны елдегі мектептердің жалпы санының 26%-ын (немесе 1838) құрады.

Өңірлер бойынша жетекші және серіктес мектептердің саны

№	Облыс	ҚР-ның барлық мектептері	Олардың ішінде	
			Жетекші	Серіктес
1	Астана қ.	93	30	63
2	Алматы қ.	207	49	158
3	Шымкент қ.	142	39	103
4	Ақмола облысы	547	142	405
5	Ақтөбе облысы	405	117	288
6	Алматы облысы	420	120	300
7	Атырау облысы	198	49	149
8	Абай облысы	302	84	218
9	Шығыс Қазақстан облысы	342	106	236
10	Жамбыл облысы	442	114	329
11	Жетісу облысы	340	100	240
12	Батыс Қазақстан облысы	370	114	256
13	Қарағанды облысы	417	94	323
14	Қостанай облысы	477	98	361
15	Қызылорда облысы	294	85	210
16	Маңғыстау облысы	143	38	105
17	Павлодар облысы	356	72	284
18	Солтүстік Қазақстан облысы	461	122	339
19	Түркістан облысы	904	238	666
20	Ұлытау облысы	89	27	62
Барлығы		6 942	1 838	5 104

Жетекші мектептердің жұмыс істеуі ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру мазмұнын жаңартуды қолдау мектептерінің қызметін ұйымдастыру туралы» құжаттарымен реттеледі, ҚР БҒМ 2018 жылғы 11 қазандағы № 11-4/874 нұсқаулық хаты). Мектептердің тізімін жыл сайын Астана, Алматы, Шымкент қалаларының облыстық білім басқармалары бекітеді.

Жетекші мектептердің қызметін әдістемелік қолдау бойынша жұмыс педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін зерттеу нәтижелеріне негізделген. 2018-2022 жылдар аралығында ПШО еліміздің жетекші және серіктес мектептерінің базасында 6 ауқымды зерттеу жүргізді. Барлық зерттеулердің нәтижелерінен тұжырымдалған негізгі қорытынды – жетекші мектептер тетігін құру өзекті және қазіргі таңда қажетті үдеріс, өйткені ол тек серіктес мектептерде ғана емес, жетекші мектептерде де сапалық және сандық өзгерістерге ықпал етеді әрі жетекші мектеп үшін де, серіктес мектеп үшін де өзара тиімді болып саналады.

Серіктес мектептердің өкілдері өздерінде болып жатқан жаңарулар мен жақсарулар жетекші мектептердің педагогикалық ұжымының жұмысының тікелей нәтижесі екенін айтады, жетекші мектептердің де, серіктестік мектептердің өкілдерінің (орта есеппен 69%) жетекші мектептер тарапынан әдістемелік көмектің жиілігі мен алуан түрлілігі туралы пікірлері сәйкес келеді, жетекші мектептердің жұмысы бүкіл зерттеу кезеңінде (2018 жылдан 2022 жылға дейін) үздіксіздігімен, формаларының әртүрлілігімен және нақты нәтижеге бағытталуымен ерекшеленді.

Серіктестік мектеп басшылары мен мұғалімдерінің 78,9%-ының пікірінше, олардың ынтымақтастығының жүйелілігі мен жоспарлылығы жетекші мектептерде бар кадрлық және әдістемелік ресурстардың жеткілікті деңгейімен, сондай-ақ жұмыс әдістері мен формаларының кең спектрімен қамтамасыз етіледі, атап айтқанда, сыныпта оқуды бақылау, мұғалімдердің мәселелері мен оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау, мұғалімдердің өз жұмысын талдау және өзін-өзі талдау.

Серіктес мектептер басшыларының 82%-ының пікірінше, жетекші мектептердің ресурстары, оларды пайдаланудың жүйелі сипаты, сондай-ақ қалыптасқан сенімді қарым-қатынастар мектеп мәдениетін өзгертуге және сапалық өзгерістер енгізуге объективті негіз болып табылады.

2022 жылы дәстүрлі түрде жетекші мектептер арасында үздік тәжірибемен алмасу мақсатында диалог алаңдары жұмысын жалғастырды. ПШО жетекші мектептердің 16 өңірлік форумын ұйымдастырды және өткізді, онда қатысушылардың жалпы саны 4 500-ден астам педагогті құрады. Форумдар аясында мектеп басшыларына, мектеп тренерлері мен үйлестірушілеріне, зерттеуші мұғалімдерге арналған алаңдар жұмыс істеді. Жұмыс практикасынан жетекші мектептердің педагогтері жетекші және серіктес мектептердің топтық жұмысының күшті және әлсіз жақтарын анықтау, мектеп мәдениетін дамыту, мектеп командалары мен желілік қауымдастықтарды қалыптастыру бойынша түрлі кейстерді ұсынды.

2. ПШО біліктілікті арттыру жүйесін мектепке бейімдеу және жергілікті жерлерде мұғалімдерге уақытылы әдістемелік қолдау көрсету мақсатында дайындаған мектеп тренерлерінің пулы арқылы қазақстандық педагогтерді кәсіби дамыту бойынша жүйелі әдістемелік жұмысты жалғастыруда. Мектеп тренерлері «теңге – тең» қағидаты бойынша әріптестерінің кәсіби дамуын ұйымдастыратын мектепішілік әдістемелік актив болып саналады, олар бірнеше бағытта жұмыс жасайды:

- оқу мен оқыту әдістемесі мен технологиясы;
- бағалауға арналған тапсырмалар әзірлеу;
- өз іс-тәжірибесін зерттеу;
- педагогтердің талдамалық құзыреттіліктерін дамыту.

Жалпы, 2016-2022 жылдар аралығында жалпы білім беретін мектептер үшін 62 037 мектеп тренері дайындалды (яғни елдегі әрбір 15 мұғалім).

Мектеп тренерлерінің бағыттарға қарай бөлінісі

Жалпы мектеп тренерлері	Олардың ішінде			
	оқыту әдістемесі мен технологиясы	өз іс- тәжірибесін зерттеу	бағалау тапсырмаларын әзірлеу	талдамалық құзыреттіліктерді дамыту
62 037	17 517	8 526	34 283	1 711

Мектеп тренерлерін оқыту мектеп ішінде кәсіби мамандар командасын құруға мүмкіндік береді, бұл мектепте оқыту мен бағалау үдерісінде туындайтын мәселелерді жедел шешуге ықпал етеді.

Әдістемелік актив мүшелерінің қызметі ҚР БҒМ құжаттарымен реттеледі: 2016 жылғы 24 тамыздағы №11-4/372 «Практикадағы рефлексия» жалпы білім беретін мектептерде педагог кадрларды кәсіби дамытудың білім беру бағдарламасы бойынша мектепшілік курстарды ұйымдастыру туралы нұсқаулық хаты, 2016 жылғы 7 қазандағы №11-4/459 ҚР жалпы білім беретін мектептерінде критериялды бағалау жүйесін енгізу жөніндегі үйлестірушілердің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулық хаты, 2018 жылғы 6 сәуірдегі №11-4/303 «Зерттеу бойынша мектеп тренерлерінің қызметін ұйымдастыру туралы» нұсқаулық хаты.

Жыл бойы ПШО барлық өңірлердегі мектеп қауымдастығының кәсіби дамуын ұйымдастыруға бағытталған түрлі тақырыптар бойынша вебинарлар мен семинарларға қатысу арқылы мектеп тренерлеріне әдістемелік қолдау көрсетеді. Мектеп тренерлері жетекші және серіктес мектептер үшін іс-шаралар өткізуге тартылады. Тамыз іс-шаралары мен жетекші мектептердің аймақтық форумдары кезінде секциялардың бірі әріптестердің кәсіби дамуы бойынша мектеп тренерлерінің жұмыс тәжірибесімен алмасуға арналған. Мектеп тренерлерін оқыту және оларды тренерлікке тарту педагогикалық ұжымға педагогикалық мәселелерді дербес шешуге және әріптестерінің кәсіби дамуы үшін мектепшілік оқытуды жүргізуге мүмкіндік береді.

5

ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

5.1

Тәжірибені ұлттық
деңгейде тарату

5.1 Тәжірибені ұлттық деңгейде тарату

«Ауыл мектебі: powered by NIS» жобасы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ 2020 жылдан бастап педагогтерге әдіснамалық қолдау көрсете отырып, ауылдық мектептерді дамыту жөніндегі ауқымды жобаға қатысады.

2022 жылы БББО іс-шаралар жоспарына сәйкес Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Жамбыл, Қызылорда, Қарағанды облыстарының 155 мұғалімі үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша 8 оқыту веби-

нары, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Жамбыл, Қызылорда, Қарағанды облыстарының 12 мұғалімі үшін CLIL тәсілдемесін қолдану бойынша 1 вебинар өткізілді.

15 ауылдық мектеп үшін қорытынды іс-шара «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Математика» және «Информатика» пәндері бойынша проблемалық-бағдарланған оқыту (Problem Based Learning) бойынша вебинарлар өткізілді. Вебинарларға барлығы 34 мұғалім қатысты.

Жобаны іске асырудың екі жылында 73 оқыту вебинары өткізілді, 15 ауылдық мектептен 457 мұғалім оқытылды.

15 ауыл мектебі



«Concierge Service QZ» ЖШС компаниясы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Көктас ауылының №4 орта мектебіне қайырымдылық көмек көрсету туралы бастама көтерді. Нәтижесінде робототехника бойынша оқушылардың топтық жұмысы үшін Fisher Technik TXT 4.0 5598886 базалық жиынтықтары сатып алынып, мектепке жеткізілді. Оған қоса компания өкілі Қарағанды қаласының Зияткерлік мектебінің педагогтерімен бірлесіп информатика мұғалімдеріне арналған жаңа жабдықтарды пайдалануды үйрету үшін шеберлік сабағын өткізді.

Робототехника – заманауи балаларды дамытудың маңызды бағыттарының бірі, бұл оларға қажетті техникалық білім мен робот техникасы мен инженерия негіздерін білуге, модельдеу және құрастыру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлер үшін үздік педагогтерді тарту (Арнайы бағдарлама)

2022 жылы «НЗМ» ДББҰ алғаш рет ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы №390 қаулысымен бекітілген «Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидалары (Арнайы бағдарлама)» аясында конкурстық іріктеу рәсімдерін өткізді.

Конкурстық іріктеу 2 кезеңнен тұрды: бірінші кезең – пәндік тест және эссе, екінші кезең – сұхбаттасу. Конкурстың бірінші кезеңін ұйымдастыру және өткізу мақсатында Педагогикалық өлшемдер орталығы қазақ және орыс тілдеріндегі тесттердің ерекшеліктерін әзірлеп, бекітті, 1 114 тест тапсырмасын әзірледі және 11 пән бойынша

сараптамадан өтті: «Математика», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Физика», «География», «Химия», «Тарих», «Ағылшын тілі», «Биология», «Информатика», бастауыш сыныптар.

Байқаудың бірінші кезеңі Назарбаев Зияткерлік мектептерінің базасында 3 ағымда (2022 жылғы 14 шілде, 1 тамыз, 18 қазан) өткізілді. Үміткерлердің жалпы саны 656 адамды құрады.



Бірінші ағымда 273 үміткер, екіншісінде - 324, үшіншісінде - 59 үміткер қатысты. Бұл ретте шекті балды еңсерген үш ағым бой-

ынша үміткерлер саны орта есеппен 19%-ды құрады: бірінші ағымда - 56 (21%), екінші ағымда - 49 (15%), үшінші ағымда - 13 (22%).

Қалалар бөлінісіндегі үміткерлер туралы сандық деректер

№	Қала	14.07.2022		01.08.2022		18.10.2022	
		барлығы	ұсынылды	барлығы	ұсынылды	барлығы	ұсынылды
1	Петропавл	1	-	1	-	1	1
2	Қостанай	1	-	1	1	-	-
3	Көкшетау	2	1	1	-	-	-
4	Павлодар	5	2	4	-	3	2
5	Семей	4	1	6	2	1	0
6	Қарағанды	5	2	4	-	-	-
7	Өскемен	4	1	5	2	1	0
8	Қызылорда	8	1	17	2	2	0
9	Астана	7	1	10	1	2	1
10	Тараз	10	3	12		2	0
11	Ақтөбе	11	2	16	2	6	1
12	Ақтау	13	3	23	4	2	0
13	Түркістан	13	3	19	2	3	0
14	Талдықорған	17	4	13	1	1	0
15	Атырау	31	3	17	2	1	0
16	Орал	37	7	37	8	7	1
17	Шымкент	33	6	50	9	11	3
18	Алматы	71	16	88	13	16	4
Барлығы		273	56 (21 %)	324	49 (15 %)	59	13 (22 %)

Деректер еліміздің солтүстік өңірлері мен орталық бөлігіндегі үміткерлердің саны 5 адамнан аспайтынын, ал конкурсқа қатысудың ең жоғары белсенділігі Алматы, Шымкент, Орал, Атырау қалаларының педагогтері тарапынан болғанын көрсетті.

Жас құрамына қатысты: бірінші және екінші ағымдарға 20 - 23 жас аралығындағы 176 үміткер қатысты, бұл жалпы санның 29%-ын құрады, үшінші ағымда жас құрамы өзгерді, оған 41 - 50 жас аралығындағы үміткерлердің 32%-ы қатысты.

Конкурстық іріктеудегі үміткерлердің жас құрамы

Жасы	14.07.2022		01.08.2022		18.10.2022	
	барлығы	ұсынылды	барлығы	ұсынылды	барлығы	ұсынылды
20-23	95 (35 %)	7	81 (25 %)	6	1 (2 %)	-
24-30	33 (12 %)	9	51 (16 %)	7	8 (14 %)	1
31-40	64 (23 %)	19	71 (22 %)	12	15 (25 %)	3
41-50	49 (18 %)	14	63 (19 %)	12	19 (32 %)	3
51-61	32 (12 %)	7	58 (18 %)	12	16 (27 %)	6
Барлығы	273	56 (21 %)	324	49 (15 %)	59	13 (22 %)

Шекті деңгейден сәтті өткен жас мамандардың саны көп болмады, бірақ қолдау шараларын құру болашақта олардың бағдарламаға қатысуына серпіліс береді деп болжауға болады.

Пәндер бойынша деректер үміткерлердің ең көп саны «Ағылшын тілі», «Математика», «Орыс тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша мәлімделгенін көрсетті. Өту балын ағылшын тілінен үміткерлердің 17%-ы, математика-

дан 15%-ы жинай алды. Орыс тілінде көрсеткіш айтарлықтай төмен - 7%; биология, география, информатика бойынша үміткерлер шекті деңгейден өте алмады. «Химия», «Физика», «Тарих», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері және бастауыш сыныптар бойынша тестілеуден өткен үміткерлердің салыстырмалы түрде аз санына қарамастан, олардың 20%-дан астамы шекті балл жинады.



Пәндер бойынша үміткерлер саны

Конкурстық іріктеудің бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша үміткерлерге тестілеу және эссе жазу нәтижелері негізінде пәндік білім мен рефлексия дағдыларын дамытуға қатысты ұсыныстарды қамтитын 656 жеке кері байланыс парағы ұсынылды.

Мұғалімнің кәсіби стандартын әзірлеу

ҚР БҒМ тапсырмасы бойынша 2022 жылдың наурыз - шілде айлары аралығында ПШО мұғалімнің кәсіби **стандартын әзірлеуге** қатысты. Бастапқы кезеңде ПШО қызметкерлері Эстония, Сингапур, Аустралия, Ұлыбритания, Канаданың Онтарио провинциясы, Шотландияда мұғалімдердің кәсіби стандарттарын әзірлеудің халықаралық тәжірибесін зерттеді. Бұл жұмыс ұлттық білім беру жүйелеріне оң әсерін растайтын кәсіби стандарттарға сәйкестіктің негізгі критерийлерін анықтауға мүмкіндік берді. Қолданыстағы кәсіби стандартты қайта қараудың негізгі бағыттарын айқындау үшін жалпы үрдістер мен айырмашылықтар, мұғалімге қойылатын талаптардың ерекшеліктері тұрғысынан қолданыстағы қазақстандық «Педагог» кәсіби стандартымен шетелдік стандарттарға салыстырмалы талдау жүргізілді.

Келесі кезеңде ПШО педагогикалық шеберлік деңгейлері тұрғысынан негізгі құзыреттілік топтары мен оларды меңгеру деңгейлерін көрсететін «Мұғалімнің негізгі құзыреттіліктері» құжатын әзірледі. Кәсіби стандартты әзірлеу үшін ПШО Канада, Финляндия, АҚШ және Жапонияның халықаралық сарапшыларын тартты, олар кеңес беру, зерттеу материалдарын таңдау, жұмыс тобы әзірлеген құжаттар бойынша кері байланыс беру арқылы қолдау көрсетті.

Кейіннен ПШО әзірлеген кәсіби стандарт ҚР Білім министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілді.

«Жас ұстаз: табысқа апарар жол» жобасы

2022 жылы ПШО «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» атты үлкен республикалық жобаны іске асыруға кірісті. Жобаның негізгі бағыты - еліміздің білім беру жүйесін дамытудағы стратегиялық маңызды кадрлық ресурс ретінде жас педагогтермен жүйелі әдістемелік жұмыс.

Осы жұмыс барысында сәуір - маусым айлары аралығында ПШО ДББҰ Басқарма Төрағасының Астана, Алматы, Қостанай, Павлодар, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының жалпы білім беретін мектептерінің жас педагогтерімен кездесулерін ұйымдастырды және өткізді. Кейсті өз практикасынан талқылау форматында жас мұғалімдер қалыптастырушы бағалау, оқыту үшін АКТ-ны қолдану, зерттеу практикасы, оқытудағы сараланған тәсілдеме және т.б. мәселелер бойынша педагогикалық жағдайлардың оңтайлы шешімдерін тапты. Сондай-ақ жас мұғалімдер Қазақстанның және әлемнің жетекші елдерінің білім беру саясатының негізгі трендтерімен танысты.

2022 жылдың тамыз айында Астана қаласында ПШО ҚР ОА министрінің қатысуымен жас мұғалімдердің I республикалық форумын ұйымдастырып, өткізді. Қатысушылар үшін еліміздің үздік жас педагогтерінің жұмыс тәжірибесімен алмасу бойынша шеберлік сабақтары («Цифрлық мұғалім: сән немесе қажеттілік», «Зерттеу практикасы: жас мұғалімнің өсу нүктесі», «Сабақты болжау: ой-пікірден оқыту құралдарына дейін», «Педагогикалық ангажемент: оқуға тартамыз және үйретеміз», «Оқытудағы саралау: лайфхактар және креативті идеялар», «Бағалау: кешен туралы»), «Зерттеуге болмайды» педагогикалық сайысы, шығармашылық ойлауды, оқу сауаттылығын және эмоциялық зиятты дамытуға арналған тренингтер ұйымдастырылды. Жас педагогтер педагогикалық кәсіптің табыстылығының құпияларын талқылады: практикада зерттеу саласын қалай анықтауға болады, сабақты бірлесіп жоспарлау мен бақылаудың тиімділігі, топтағы рефлексия және т.б. Медиа тұлғалар: бизнесмендер, журналистер, актерлер, спортшылар арасынан мотивациялық спикерлердің сөз сөйлеуі ерекше қызығушылық тудырды. Форум динамикалық түрде, позитивті және нәтижелі өтті.

Жас мұғалімдермен жұмысты жалғастыру үшін 2022 жылдың қазан айында еліміздің 20 өңірінің әрқайсысында «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» аймақтық форумдары ұйымдастырылып, өткізілді, оған жалпы білім беретін мектептердің 3 000-нан астам жас мамандары қатысты.

2022-2023 оқу жылының бірінші тоқсанынан бастап барлық өңірлерде жас педагогтер клубтары өз жұмысын бастады. 2022 жылдың 4 айында ПШО тренерлері жас педагогтердің өздері анықтаған тақырыптары бойынша 14 семинар/вебинар өткізді: «Мамандықта қалыптасу», «Өз практикасын зерттеу», «Сабақты жоспарлау: мақсаттан нәтижеге апаратын жол», «Оқытудағы саралау», «Сыныпта өздік жұмысты қалай ұйымдастыру керек», «Сабақта оқытудың тиімді әдістері».

Жас мұғалімдерді тұрақты қолдау үшін Instagram әлеуметтік желісінде «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» парақшасы құрылды, онда жас мұғалімдердің 7 жазбасы жарияланды, 19 бейнематериал орналастырылды және онда жас педагогтер өздерінің педагогикалық іс-тәжірибелерінен лайфхактарымен бөліседі.

ҚР білім беру қызметкерлерінің жыл сайынғы республикалық тамыз конференциясына қатысу

2022 жылдың 4-19 тамызы аралығында ҚР педагог қызметкерлеріне арналған «Білімді ұлт: білімге ұмтылу, еңбекқорлық және патриотизм» атты жыл сайынғы республикалық конференциясы өтті.

2022 жылдың 15 тамызында ПШО республикалық тамыз конференциясы аясында секциялық онлайн-отырыстар өткізді, олардың негізгі мақсаттары басшылармен және мұғалімдермен білім беру сапасын арттыру, оқушыларға атаулы қолдау мәселелерін талқылау болды. Аталған сессияларға еліміздің 20 өңірінен 6 000-ға жуық мұғалім қатысты.

Секциялар үш бағытта жұмыс жасады:

1) пән мұғалімдері мен мектептің пәндік бірлестіктерінің басшыларына арналған «Инклюзивті білім беруге қатысты идеялар және практикалық шешімдер» тақырыбы;

2) мектеп басшылары үшін «Мектеп басшысының талдамалық жұмысы - сапаны басқару факторы» тақырыбы;

3) жас педагогтар үшін «Жоспарлаймыз, оқытамыз, дамытамыз» педагогикалық квесті.

Жалпы білім беретін мектептердің басшылары мен мұғалімдері, ПШО тренерлері қатарынан 136 спикер Team Teaching форматында кәсіби міндеттерді шешудің үздік

бірлескен тәжірибесін ұсынды. Секцияларда деректерді талдауға негізделген сапаны басқару факторлары, инклюзивті білім беру және оқытуды саралау мәселелерінің практикалық шешімдері қарастырылды.

Педагогтерді секциялар жұмысына белсенді тарту үшін кейс-сессиялар, практикумдар, тренингтер, педагогикалық квест-карусель сияқты өзара араласу және талқылаудың интерактивті әдістері пайдаланылды. Тамыз конференциясы аясында алғаш рет жас мұғалімдерге арналған секция өткізілді. Танымал халықаралық білім сарапшысы, Educluster Finland (Финляндия) академиялық консультативтік кеңесінің мүшесі Дэвид Марш жастарға кәсіби ынтаны арттыру жайында жігерлендіруші сөз айтты. Өз сөзінде сарапшы сұранысқа ие мұғалімге қажетті кәсіби қасиеттерді атады. Ақпараттық қолдау мен жүйелі кері байланыс қатысушыларға жаңа оқу жылында ары қарай жақсы жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бағдарларды анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар **2022 жылдың 15 тамызында** республикалық тамыз конференциясы аясында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-да «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына қатысушылар үшін Zoom платформасында онлайн секция өткізілді. Пленарлық бөлім Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ресми YouTube-арнасында көрсетілді.

Конференция тақырыбы «Ауыл мектебі: powered by NIS» жобасына және «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық білім беру жобасына қатысатын педагогтерге үздік тәжірибелерді жеткізуге арналған.

Нақты кейстер мысалында басшылармен және мұғалімдермен ауыл мектептеріндегі білім беру сапасын арттыру мәселелері пысықталды. Жобаға қатысушылар сыныптағы оқыту мен мектепті басқаруды жақсарту бойынша тәжірибе алмасты.

Еліміздің педагогтеріне білім берудегі үздік тәжірибелер мен заманауи үрдістер көрсетілді. «НЗМ» ДББҰ-ның 52 спикері Zoom платформасында тірек мектептердің 300-ден астам педагогтері үшін қазақ және орыс тілдерінде 13 пәндік сессия өткізіп, тәжірибелерімен бөлісті.

Білім беру бағдарламалары орталығының қызметкерлері функционалдық сауат-

тылықты дамыту бойынша қазақ және орыс тілдерінде 27 практикалық сессия өткізді.

Оқытушылар үшін функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша келесі бағыттарда практикумдар өткізілді:

- «Функционалды оқуды дамыту»;
- «Сабақта шығармашылық ойлауды дамыту»;
- «Математикалық сауаттылықты дамыту»;
- «Жаратылыстану ғылымдары бағытындағы сауаттылықты дамыту»;
- «Тарих сабақтарында зерттеу дағдыларын дамыту»;
- «Информатика сабақтарында цифрлық сауаттылықты дамыту».

Сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттау бойынша «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «География», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Ағылшын тілі» және «Тарих» пәндерінен тапсырмалар әзірлеудің форматы, мазмұны және тәсілдемелері туралы практикумдар өткізілді.

«Қазақ әдебиетін дамыту» дөңгелек үстелі

2022 жылдың 12 мамырында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Қазақ әдебиетін дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Кездесуді «Қазағымның әдебиеті» ауқымды жобасы аясында Білім беру бағдарламалары орталығы әзірледі.

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітап пен оқу туралы түсініктерін қалыптастыру, оқу сауаттылығын дамыту, ақындар, жазушылар, әдіскерлер мен мұғалімдер арасында тығыз байланыс орнату.

Білім беру мазмұнын жетілдіру және қазақ әдебиетін дәріптеу қажеттілігін түсіндіру мақсатында республиканың білім, ғылым және мәдениет салаларының 25 өкілі шақырылды. Сондай-ақ құрметті қонақ ретінде дөңгелек үстелге Ақберен Елгезек, Гүлжаһан Орда, Ғазиза Құдайберген, Дүйсен Мағлұмов, Кенжебай Ахметов, Кенжехан Матыжанов, Қайрат Жолдыбайұлы, Қалқаман Жақып, Қалқаман Сарин, Мақпал Құрманжанқызы, Юлай Шамильоглы, Лаура Оспанқызы, Бибігүл Жамбылқызы, Жанар Советханқызы, Нұрғали Ораз, Даулетбек Байтұрсынұлы, Кәдірбек Құныпияұлы, Бауыржан Жұмаханұлы, Самалбай Дәрібайұлы, Серікбол Хасан, Смағұл Елубай, Ұлан Еркінбай, Ұлықбек Оразбайұлы, Асқар Алтай сияқты белгілі жазушылар, ақындар, драматургтер мен ғалымдар шақырылды. Бүгінгі күнгі мектеп жағдайында тұлғаны тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды сіңірту, оқу мәдениетін қалыптастыру, қазақ әдебиетін оқуға деген тұрақты қызығушылықты дамыту мәселелері талқыланды. Соңында дөңгелек үстелге қатысушылар оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыруда, сондай-ақ жеке тұлғаны тәрбиелеуде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің рөлін атап өтті.



Елдің орта білімін жетілдіру аясында пән мамандарын, әдіскерлерді оқыту

Жан-жақты дамытуға бағытталған курсикулумның сапалы білім берудегі маңызды рөлін ескере отырып, көптеген елдер сапалы

білім беру бағдарламаларын әзірлеп, жетілдіруді мақсат етеді, ол БҰҰ-ның тұрақты дамуының төртінші мақсатын – «сапалы білім беруді» іске асыру үшін шешуші рөл атқарады (Amadio, 2016 ж.).

Қазақстандық білім беру тарихында тұңғыш рет оқу бағдарламаларын әзірлеушілер үшін халықаралық маманның қатысуымен ауқымды оқыту ұйымдастырылды. Бұл оқытудың басқалардан айырмашылығы – ұйымдастырушылар білім беру мазмұнын белгілі бір мемлекет тұрғысынан ғана қарастырумен шектелмей, оны білім беру саласындағы халықаралық прогрессивті өзгерістерге сәйкес жетілдіруге тырысты.

Орта білім беру мазмұнын жетілдіру аясында оқу бағдарламаларын әзірлеушілерді оқыту семинарлары ҚР БҒМ-ның 2022 жылғы 3 наурыздағы №5-13-2/928-И хатының негізінде жүзеге асырылды.



Оқытуды орта білім беру мазмұнын әзірлеу саласындағы халықаралық маман, ЭЫДҰ сарапшысы, доктор Фил Ламберт (Сидней қ., Аустралия), сондай-ақ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Білім беру бағдарламалары орталығының 37 сарапшысы жүргізді. Семинарларды өткізуге қосымша 18 ғылыми кеңесші, Зияткерлік мектептерден 2 мұғалім тартылды.

Семинар бағдарламаларына сүйенсек, семинарлар 22 мектеп пәні бойынша өткізілген.

Әзірлеушілер оқыту семинарларына ҚР БҒМ-ның 2022 жылғы 1 маусымдағы №256 бұйрығы негізінде қатысты. Бұйрыққа сәйкес семинарға қатысуға тапсырыс бергендер (әзірлеушілер) саны – 300 адам. Алайда іс жүзінде семинарларға тек 229 тыңдаушы қатысты. Сонымен қатар семинарға ҰБА, Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының қызметкерлері және ҚР БҒМ-ның хатымен шақырылған тұлғалар қатысты.

Семинарға қатысушылар саны

№	Қатысушылар	Саны	Педагогтердің біліктілік санаты
1	Ғылым докторы	13	
2	Ғылым кандидаты	35	
3	Доктор PhD	5	
4	Магистр	33	
5	Әдіскер	16	
6	ҰБА	8	
7	РҒПО	5	
8	Практик-мұғалім	114	29 - педагог 1 - модератор-мұғалім 3 - сарапшы-мұғалім 42 - зерттеуші-мұғалім 39 - шебер-мұғалім
Барлығы		229	


Оқыту барысында білім беру бағдарламасын жобалаудың келесі маңызды аспектілері қарастырылды: білім беру бағдарламаларын жобалау қағидаттары, мақсаттары мен міндеттері, бағдарлама құрылымы, шет елдердің куррикулумдарын талдау, дағдылар мен құндылықтар, білім мен дағдылар прогрессиясы, оқу мақсаттарын жобалау.

Семинар аясында сауалнама жүргізу арқылы кері байланыс алынды.

Сауалнаманың мақсаты – қатысушылар үшін семинарда оқу тиімділігін бағалау, болашақта оқу бағдарламаларын қайта қарау кезінде алған білімдері мен дағдыларын қолдану, сондай-ақ семинардың пайдалы сессияларын анықтау.

Кері байланысқа жасалған шолу мұғалімдердің сауалнамасына сүйенеді (199 адам). Сауалнаманы қазақ тілінде 114 адам (57,3%), орыс тілінде 85 адам (42,7%) толтырды.


Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің 99,5%-ы семинардың тиімділігін атап өткен. Оның ішінде респонденттердің 68,5%-ы семинардың жоғары тиімділігін атап өтті.



Қатысушылардың семинардың тиімділігі туралы пікірі (%-бен)

Семинарға қатысушылардың 98%-ы алған білімдері мен дағдыларының оқу бағдарламасын қайта қараудағы пайдалылығын «5» және одан жоғары межемен

бағалады. Айта кету керек, респонденттердің 60,8%-ы ең жоғары 10 балды, 13,4%-ы 9 балл және 12,4%-ы 8 балл қойды.



Семинарға қатысушылардың алған білімдері мен дағдылары оқу бағдарламасын қайта қарауда қалай пайдалы болатындығы туралы пікірі (%-бен).


Семинарға қатысушылардың көпшілігі «Сіздің ойыңызша семинардың қай сессиясы ең пайдалы болды? (бірнеше жауап беруге болады)» деген сұраққа жауап берген кезде нақты бір сессияны бөліп көрсете алмады, өйткені олардың пікірінше барлық сессиялар пайдалы болды. Десек те, семинарға қаты-

сушылар арасында жүргізілген сауалнамаға сүйенсек, білім беру бағдарламаларын жобалау сессиясы ең пайдалы болды: оқу мақсаттарын жобалау (4-күн) – 151 дауыс (75,9%), белсенді оқу (3-күн) – 145 дауыс (72,9%), білім беру бағдарламаларын жобалау: құрылымы, құндылықтары (2-күн) – 143 дауыс (71,9%).




Қатысушылардың «Семинардың қай сессиясы ең пайдалы болды?» сұрағына пікірі (%-бен).

Семинарға қатысушылардың 62,9%-ы семинар бағдарламасы олардың үмітін толық ақтағанын, 36%-ы семинардан күткені ішінара қанағаттандырылғанын атап өтті.




Қатысушылардың семинар бағдарламасының олардың күткеніне қаншалықты сәйкес келгендігі жайлы пікірлері (%-бен).

Қатысушылар арасында өткізілген сауалнаманы талдауға сүйенсек, респонденттердің 98,9%-ы семинарда ұсынылған материалды түсіндіру сапасына көңілі толған (ақпарат көлемі, қолжетімділігі, ақпаратты ұсыну жолы, ұзақтығы, жұмыс қарқыны және т.б.).




Семинарға қатысушылардың оқыту бағдарламасының олардың күткеніне қаншалықты сәйкес келгендігі жайлы пікірі (%-бен).

Семинарға қатысушылардың 99,5%-ы пән тренерлерінің (ғылыми кеңесшілер) түсіндірмелері анық, түсінікті және қисынды болғанын атап өтті.



«Пән тренерлерінің (ғылыми кеңесшілердің) түсіндірмелері қаншалықты анық, түсінікті және қисынды болды» сұрағы туралы семинарға қатысушылардың пікірі (%-бен).

«Оқу ортасы сіздің талаптарыңызға қаншалықты жауап берді (аудиторияның сыйымдылығы, ауа температурасы, жарықтандыру, аудиовизуалды жабдық және т.б.)» деген сұраққа семинарға қатысушылардың 68,6%-ы толық қанағаттандырды десе, 28,2%-ы ішінара қанағаттандырды деп жауап берді. Оқу ортасына көңілі толмаған 3,2% қатысушы бөлмедегі ауаның тарлығын, асханадағы үлкен кезектерді және т.б. көрсеткен.



«Оқу ортасы талапқа қаншалықты жауап берді (аудиторияның сыйымдылығы, ауа температурасы, жарықтандыру, аудиовизуалды жабдық және т.б.)» сұрағы туралы қатысушылардың пікірі (%-бен).

«Атырау облысының орта білім беру жүйесін дамытуға жәрдемдесу» жобасынан кейінгі сүйемелдеу

«Атырау облысының орта білім беру жүйесін дамытуға жәрдемдесу» жобасы аясында оқушылардың математикалық жаратылыстану және оқу сауаттылығының даму динамикасын қадағалау мақсатында 2022 жылы 183 мектептің 7 354 оқушысы үшін функционалдық сауаттылықтың қалыптасу деңгейін бағалау тесті қайта өткізілді.

Тест өткізу үшін 120 тест тапсырмасы әзірленіп, тестің үш бөлімі – математикалық, жаратылыстану және оқу сауаттылығы (қазақ және орыс тілдерінде) бойынша 52 ресурс сараптамадан өтті.

Екі жылдың тест нәтижелерін салыстыра талдау нәтижесінде математикалық (17,6%-ға) және оқу сауаттылығы (4,6%-ға) көрсеткіштерінің артқанын, бірақ жаратылыстану ғылымдарынан сауаттылық (4,4%-ға) көрсеткішінің төмендегенін байқаймыз.

2022 жылы «НЗМ» ДББҰ-ның БББО келесі іс-шаралар өткізді:

- оқу бағдарламалары мен элективті курстар бағдарламаларының «Зияткер» мектебіне енгізілуіне мониторинг жүргізілді;
- «Зияткер» мектебінің оқушылары үшін стандартты емес және олимпиадалық математикалық есептерді шешуден онлайн сабақтар өткізілді;

– Атырау қаласының жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері үшін химия, физика, биология сабақтарында зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға арналған семинар өткізілді.

Оқу бағдарламалары мен элективті курстар бағдарламаларының «Зияткер» мектебіне енгізілуіне мониторинг жүргізу

Оқу бағдарламалары мен элективті курстар бағдарламаларының іске асырылуын зерттеу және «Зияткер» мектебінің педагогтеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында Білім беру бағдарламалары орталығының пән үйлестірушілері мониторинг жүргізді.

Мониторингтің міндеттері:

– пәндердің оқу бағдарламаларын іске асырудың оң жақтары мен проблемаларын анықтау;

– элективті курстардың бағдарламаларын іске асыруда туындаған қиындықтарды анықтау;

– жергілікті жерлерде шеберлік сабақтар өткізу арқылы мұғалімдерге оқу бағдарламалары мен элективті курстардың бағдарламаларын іске асыруда әдістемелік қолдау көрсету.

Мониторинг 5 кезеңнен тұрды:

1-кезең (дайындық) – деректерді жинау, онлайн-сауалнамаға сұрақтар дайындау;

2-кезең – мұғалімдер мен 9-11 сынып оқушылары арасында онлайн-сауалнама жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, «Зияткер» мектебінің 83 оқушысы мен 19 мұғалімі қатысқан онлайн-сауалнама нәтижесінде жиналған деректерді өңдегеннен кейін аралық есеп жасау;

3-кезең – мониторингтік сапар бағдарламасын, мұғалімдер мен оқушыларға қоятын сұхбат сұрақтарын дайындау;

4-кезең – 2022 жылдың 21-23 ақпан аралығында мектепке сапармен бару; көшпелі мониторинг шеңберінде 66 сабақ бақыланып, мектептің 17 мұғалімімен және 16 оқушысымен сұхбат жүргізілді; мониторинг барысында БББО-ның пән үйлестірушілері мектеп мұғалімдері мен оқушыларына қиындық туғызатын жайттарды анықтап, мұғалімдерге 9 шеберлік сабақ өткізді;


5-кезең – мониторинг нәтижелері бойынша қорытынды есеп дайындау.

Қорытынды талдамалық есеп «Зияткер» мектебіне жіберілді.



«Зияткер» мектебінің оқушыларына математикадан онлайн-сабақтар өткізу

Постжоба аясында «Зияткер» мектебінің 9-10 сынып оқушыларына стандартты емес және олимпиадалық математикалық есептерді шешу тақырыбында онлайн сабақтар өткізілді. Онлайн сабақтарды аптасына бір рет Zoom платформасында БББО-ның пән үйлестірушісінің жетекшілігімен өткізілді.



Атырау қаласының жалпы білім беретін мектептері мұғалімдеріне зертханалық және практикалық жұмыстар арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту бойынша семинар өткізу

2022 жылдың 28-29 сәуірінде Білім беру бағдарламалары орталығының мамандары Атырау қаласының жалпы білім беретін мектептерінің 60 мұғаліміне зертханалық және практикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту туралы семинар өткізді. Семинар Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектепте ұйымдастырылды.

Семинар барысында зерттеу жүргізу кезеңдері, сондай-ақ жаратылыстану ғылымдары бағытында сауаттылықты қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалар түрлері қарастырылды.

Мұғалімдер іс жүзінде зертханалық және практикалық жұмыстарды ұйымдас-

тырып өткізу ерекшеліктерін зерттеді, STEM сабақтарды жобалады, Pasco цифрлық жабдықтарын қолдана отырып зертханалық жұмыстар өткізді, сонымен қатар химия, физика және биология сабақтарында проблемалық оқыту құралдарын қолданды. Сыныптан тыс ғылыми-зерттеу жобасын ұйымдастырудан шеберлік сабақтар өткізілді, STEM-жобалардың мысалдары көрсетілді.





BINOM Education педагогтеріне арналған физика, химия және биология сабақтарында практикалық және зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру әдістері мен технологиялары бойынша семинарлар

БББО-ның пән мамандары физика, химия және биология сабақтарында зертханалық және практикалық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша BINOM мектептер желісінің мұғалімдеріне қазақ және орыс тілдерінде ақылы негізде семинарлар өткізіп, оқытты. Аталған семинарлар екі кезеңде өткізілді:

1-кезең: 12-26 қараша аралығында (әр сенбі сайын) семинарлар химия және биология мұғалімдеріне өткізілді;

2-кезең: 26 қараша мен 10 желтоқсан аралығында (әр сенбі сайын) семинарлар физика мұғалімдері үшін өткізілді.




Биология, химия және физикадан семинарлар кезінде қатысушылар оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру тәсілдері мен әдістерін талқылады, цифрлық зертхананы пайдалана отырып эксперименттер жүргізді және оларды ұйымдастыру бойынша әдістемелік кеңестер алды. Эксперименттер нәтижесінде жиналған сандық және сапалық деректерді өңдеудің тиімді әдістері көрсетілді, сондай-ақ интеграцияланған ғылыми зерттеулерді іске асыру, жобалау жұмыстарын ұйымдастыру, оларды оқу үдерісіне енгізу мүмкіндіктері қарастырылды.



Химия мұғалімдері оқу бағдарламасына сәйкес практикалық және зертханалық жұмыстарды жүзеге асыру әдістері мен ерекшеліктерін зерттеді. Дәлелдеу, талдау және синтез сияқты жоғары дәрежелі дағдыларды дамытуға бағытталған зерттеу тапсырмаларының мысалдары қарастырылды. Осының барлығын қатысушылар бір апта бойы тәжірибеде қолданды және зертханалық, практикалық жұмыстарға жұмыс парақтарын өздері дайындады. Семинар барысында мұғалімдермен бірге оқу үдерісінде қиындық туғызатын тақырыптар талқыланды.

«Биология» пәнінен семинарларда қатысушылар негізгі және жоғары мектептердің оқу бағдарламасына сәйкес биологиядан практикалық жұмыстарды талдады. Практикалық жұмыстар қосымша есептеу тапсырмалары мен эксперименттік деректерді талдаудың статистикалық әдістерін енгізу және күрделілігі жоғары мәселелермен жұмыс жасау арқылы тереңдетілді және кеңейтілді. Мысалы, 7-сыныпта «Азық-түлікте органикалық заттардың бар-жоғын» тексеру практикалық жұмысы оқушылардың көп деңгейлі проблемалық сұрақтарды өз бетінше әзірлеуі арқылы кеңейтілді.



«Физика» пәнінің семинары аясында қатысушылар оқушылардың ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерімен танысты. Зертханалық жұмыстарды өз бетінше жасаған кезде мұғалімдер зерттеудің барлық кезеңдерін қарастырды: жоспарлау, алынған деректерді жазу және өңдеу (эксперименттік деректерді жинау, алынған деректерді аналитикалық өңдеу, нәтижелерді түсіндіру),

қорытындыларды тұжырымдау және нәтижелерді бағалау. Зерттеу сұрақтарын тұжырымдауға және гипотеза құруға, тәуелсіз, тәуелді және бақыланатын айнымалыларды анықтауға, PHUWE сандық құралдарын қолдана отырып зертханалық жұмыстарды жүргізуге (сандық сенсорларды іске қосу және олардың көмегімен өлшеу, MeasureAPP және MeasureLab бағдарламаларын қолдану) ерекше назар аударылды.

BINOM Education педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстары

2022 жылы ПШО жаратылыстану, математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерден сабақ беретін 495 мұғалімді, сондай-ақ Астана қаласының «BINOM Education» мектептер желісінің бастауыш сынып мұғалімдерін оқытты. Педагогтер мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына сәйкес «Мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» курстарын өтті.

6

**«АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ
ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ
ӘЛЕУЕТІН ДАМУ»
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
ЖОБАСЫ**

2022 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы Президентінің бастама-сымен отандық қайырымдылық тарихы мен тәжірибесінде тұңғыш рет кең ауқымды мақсаттары мен міндеттері бар «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор) құрылды. Тиісінше, көптеген қоғамдық ұйымдар мен қорлардың жинақталған тәжірибесіне сүйене отырып, Қор өзінің жұмыс желісін ұйымдастырды.

Қор 17 қайырымдылық бағдарламасы мен жобасын жүзеге асыра бастады. Әрбір бағдарламаның негізінде күрделі өмір тарихы жатыр, бұл өмірлік жағдайлар жобалардың пайда болуына және атаулы көмек көрсетіле басталуына себепші болды.

Қор білім беру саласында жинақталған проблемаларды шешудің жүйелі тәсілін қолданады. Бүгінгі таңда мемлекет оқушылар үшін қолжетімді білім беру ортасын құруға күш-жігер жұмсап жатқанына қарамастан, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтық аса қысқара қоймады. Қордың пікірінше, балалар қай жерде тұрмасын, сапалы білім алуға құқылы. Жұртшылық өкілдерінің Қормен мобильді және офлайн кездесулері кезінде жиі айтатын бір тілегі – осы ауылдық жерлердегі білім сапасы.

2022 жылдың шілде айынан бастап Қор «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және «Білім беруді тұрақты дамыту Қоры» ҚҚ-мен бірлесіп, «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» атты мемлекеттік үлкен бағдарламаны қолға алды.

Бұл жобаны іске асырудың басты мақсаты – ауыл балаларына сапалы білім алуға, ал ауыл мұғалімдеріне кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға тең мүмкіндіктер беру. Кейіннен бұл мектептер тірек мектептерге айналып, аймақтағы барлық мектептер үшін ресурстық орталық қызметін атқаруы тиіс.

Жобаның бірінші кезеңіне Қазақстан Республикасының 17 мектебі қатысады, осы кезде мектептердегі білім беру ортасын жаңғырту және мектеп педагогтерінің әдіснамалық әлеуетін арттыру жоспарлануда, мұндағы мақсат – басқа ауылдық және шағын жинақты мектептерге тәжірибе тарату.

Жобаның бюджеті – 4 млрд 250 млн теңге (1 мектепке 250 млн теңгеден, барлығы 17 мектеп).

2022 жылдың 14 шілдесінде жобаны іске асыру бойынша үшжақты меморандумға қол қойылды. Меморандумда жобаның барлық қатысушыларының функциялары айқындалған.

Оның ішінде:

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мынадай әдістемелік іс-шаралар өткізеді:

- базалық курстардан өтпеген педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курстары, мұндағы мақсат – курстан өтпеген мұғалімдерді бағдарламаны іске асыру кезінде оқытып алу;

- оқыту және оқу әдістемесі жөніндегі семинарлар, олар мектептердегі педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін зерттеу нәтижелеріне негізделеді;

- мұғалімдерді ДББҰ-да тағылымдамадан өткізу және оқыту;

- 4-, 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу;

- критериалды бағалау жүйесі бойынша курстар (пәндер бойынша) өткізу;

- оқу бағдарламасын іске асыру бойынша онлайн семинарлар (пәндер бойынша) өткізу;

- әдістемелік сүйемелдеу бойынша практикумдар мен тағылымдамалар ұйымдастыру.

«Білім беруді тұрақты дамыту қоры» қоғамдық қоры ДББҰ-ның жоғарыда аталған пункттерін іске асыруға, сондай-ақ қатысушы мектептерді іріктеуге және жобаға қатысушы мектептермен өзара іс-қимылды үйлестіруге, мектеп инфрақұрылымын жақсартуға және қайырымдылық жобасына қатысу үшін бизнес-қауымдастықтарды тартуға толық жәрдем көрсетеді.

«Қазақстан халқына» қоры тірек мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңартуды қаржыландырады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту мақсатында мұғалімдерді, мектеп әкімшілігін, оқушыларды, олардың ата-аналарын, бүкіл мектеп қауымдастығын оқыту арқылы барлық аймақтарда әдістемелік қолдаудың кешенді бағдарламасын жүзеге асырады.

Жобаға қатысушы мектептер

№	Аймақтар	Мектеп атауы
1	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл ауылы	«Досов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
2	Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы	«Мектеп жанындағы интернаты бар №2 Кішкенекөл орта мектебі» КММ
3	Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Марқакөл ауылы	«№1 Марқакөл орта мектебі» КММ
4	Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл ауылы	«№1 Урицкий жалпы білім беретін мектеп» КММ
5	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сафон ауылы	«Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектеп» КММ
6	Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы	«Мектеп жанындағы интернаты бар Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектеп» КММ
7	Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы	«Ақсай қаласының №5 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
8	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы	«№4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» КММ
9	Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы	«Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ
10	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылы	«Бестамақ орта мектебі» КММ
11	Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы	«Ө. Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернаты» КММ
12	Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудақент ауылы	«Балтабай Адамбаев атындағы тірек орта мектебі (ресурстық орталық)» КММ
13	Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы	«Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» КММ
14	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы	«Күйкен жалпы білім беретін мектебі» КММ
15	Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы	«Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ
16	Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы	«Мектеп жанындағы интернаты бар Есмұрат Сиқымов атындағы орта мектебі» КММ
17	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы	«№1 тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасын іске асыру жоспарына сәйкес «НЗМ» ДББҰ 2022 жылға жоспарлаған барлық іс-шараларды толық көлемде орындады.

- Қайырымдылық жобасын іске асыру үшін келесілер құрылды.

- Ауылдық мектептерді қолдау бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жөніндегі үйлестіру кеңесі. Бұл кеңеске

«НЗМ» ДББҰ басшылары, ББТДҚ, 20 НЗМ директорлары кіреді. Кеңес ауылдық мектептер әкімшілігіне оқу үдерісі мен тәрбие жұмысын басқаруды ұйымдастыруда, жағымды оқу ортасын құруда, оқушылардың академиялық білімін тереңдету үшін қосымша білім беру алаңын ұйымдастыруда практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді.

– Ауылдық тірек мектептер мұғалімдеріне, әкімшілігіне көмек көрсететін кеңес беруші топ («НЗМ» ДББҰ-ның 2022 жылғы 18 тамыздағы №263/Д бұйрығы). Топқа 20 НЗМ-ның пән мұғалімдері, Білім беру бағдарламалары орталығы мен Педагогикалық өлшемдер орталығының оқу бағдарламаларын әзірлеушілер кіреді. Бұл топ ауыл мектептерінің пән мұғалімдеріне туындаған қиындықтар мен сұрақтар бойынша онлайн және офлайн форматта кәсіби консультациялар береді.

• Өңірлердегі ауылдық мектептердің жай-күйін зерттеу, оқыту мен оқу сапасын бағалау, мектеп пен қоғамдастық арасындағы коммуникацияны қарастыру, білім беру ресурстарының бар болуы мен олардың қолданылуын, мектептердің материалдық-техникалық базамен қамтылуын тексеру мақсатында зерттеу құралдары әзірленді.

• Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің мұғалімдерін әдістемелік қолдау және әлеуетін арттыру бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары құрылды. Жұмыс жоспары 2022-2026 жылдарға арналған.

• Оқу-тәрбие жұмысына, білім сапасына, сондай-ақ мұғалімдер арасында сауалнама жүргізу және сабақтарды бақылау арқылы педагогтердің сапалық құрамына, тірек мектептердегі оқу ортасы мен зертханалық жабдықтарға зерттеулер жүргізілді.

• Ауылдық тірек мектептер үшін «NIS тәжірибесін тарату порталы» әзірленіп, 2022 жылдың қыркүйегінен бастап іске қосылды – www.tt.nis.edu.kz.



«NIS тәжірибесін тарату порталы» еліміздің педагогикалық қауымдастығын және барлық мүдделі тұлғаларды Назарбаев Зияткерлік мектептерінің әдістемелік

іс-шаралары іске асырылатын жоба туралы хабардар етуге арналған. Портал арқылы пайдаланушы өзіне қажетті барлық ақпаратқа қол жеткізе алады, оның ішінде көптеген кішігірім тақырыптық бөлімдер бар. Бұл ретте портал корпоративішілік ақпаратты жүйелеу, сақтау және өңдеу бойынша бірнеше функциялар мен міндеттерді атқарады және білім беру механизмдерін әлеуметтік кеңістікке кіріктіруге көмектеседі.

Портал жұмысының арқасында шығармашыл ойлайтын және білім беру үдерісін үнемі жетілдіруге тырысатын мүдделес адамдардың жаңа ортасы қалыптасуда. Еліміздің барлық педагогтеріне озық тәжірибені таратуға және іске асырылып жатқан жобаларға қатысуға тең мүмкіндіктер берілген.

NIS тәжірибесін тарату порталының басты беті – www.tt.nis.edu.kz

Тірек мектептердің инфрақұрылымы

Жалпы білім беру ұйымының инфрақұрылымы - бұл оқу үдерісін ұйымдастыру тұрғысынан да, оқу нәтижелеріне қол жеткізу тұрғысынан да негізгі білім беру бағдарламасын іске асыруға тікелей немесе жанама ықпал ететін дүние. Сондықтан ғимараттардың жай-күйін, инженерлік коммуникациялардың ағымдағы жағдайын тексеру және бағалау арқылы мектептердің инфрақұрылымы қарастырылды.

Қазақстан Республикасында әрбір елді мекенде мектеп жұмыс істейтініне кепілдік беріледі. Аймақта әртүрлі мектептер желісінің жұмыс жасауы балаларға өздерінің қажеттіліктері мен ниетіне сай білім алу құқығын қолдану мүмкіндігін береді.

Жобаға қатысатын барлық 17 мектеп толық жинақты мектеп болып табылады және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының оқу бағдарламаларын қазақ және орыс тілдерінде іске асырады. Құрамына 1 гимназия (5,8%), 2 лицей (11,7%), 14 жалпы білім беретін мектеп (82%) кіреді.

Көптеген оқушылар мемлекеттік тілде оқуға басымдық береді: 17 тірек мектепте оқитын жалпы оқушылар санынан қазақ тілінде оқитын оқушылардың үлесі 85,5%-ды құрайды. Осылайша, тірек мектептерде оқитын 13 716 баланың 11 727-сі (85,5%) мемлекеттік тілде (қазақ тілінде) оқиды, қалған 1 989 оқушы, яғни балалардың жалпы санының 14,5%-ы орыс тілінде оқиды. Сәйкесінше, 17 мектепте барлығы 702 жинақ-сынып бар, оның 578-і қазақ тілінде оқытса (82,3%), қалған 124-і орыс тілінде оқытады (16,8%).

Ауылдық 17 тірек мектептің 9-ы (52,9%) қазақ тілінде оқытатын мектеп болса, 1 мектеп (5,8%) - орыс тілінде, 7 мектеп (41,1%) - екі тілде де оқытатын аралас мектептер.

Мектеп инфрақұрылымын талдау келесі деректерді анықтауға мүмкіндік берді:

- 9 мектепте (52,9%) мектеп жанындағы интернаттары бар;
- 1 мектепте (5,8%) инклюзивті білім енгізілген;
- 5 мектепте (29,4%) 3 жастан бастап балаларды оқытуға арналған шағын орталықтар жұмыс істейді;
- 17 мектепте 32 ғимарат пен үй-жай, оның ішінде 21 оқу ғимараты бар.

17 мектеп ғимараттарының пайдала-

нылуға енгізілуі талданды, талдау нәтижесінде **барлық оқу ғимараттарының оқуға жарамды екені және апаттық жағдайдағы ғимараттар жоқ екені анықталды.** Алайда 4 мектепке (23,5%) күрделі жөндеу жасау қажет. Бұл мектептер физикалық тұрғыдан 30%-дан аса тозған.

Педагогикалық кадрлар

Педагогикалық кадрлар - мектептегі білім сапасын анықтайтын негізгі фактор.

Ауылдық жерлердегі 17 мектепте барлығы 1 582 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде 1 448 адамның (немесе 91,3%) жоғары білімі, 137 педагогтің (немесе 8,6%) арнайы орта білімі бар. Мектептің кадрлық құрамының дәрежесі педагогтің мансап жолымен өсуі үшін негізгі талап болып табылады, 63 педагогтің магистр дәрежесі бар (3,9%).

Барлық педагогтердің ішінде басшылар үлесі - 6,1%; пән мұғалімдері - 65%, бастауыш сынып және мектепалды даярлық мұғалімдері - 14,6%; психологтар мен әлеуметтік педагог және декреттік демалыстағылар - 5%. 17 мектепте қосымша жұмыс істейтін 35 педагог бар.

Педагогтерді жасына қарай талдау көрсеткендей, мектептерде 30 жасқа дейінгі мұғалімдер - 26,2%-ды, 40 жасқа дейінгілер - 33%-ды, 50 жасқа дейінгілер - 21,5%-ды құрайды, бұл педагог кадрлардың негізгі тірегі саналады. 50 және 60 жастан асқан мұғалімдер тиісінше 17,9%-ды құрайды. Мұғалімдердің тек 1,4%-ы 60 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істейді. Жас бойынша салыстырмалы талдауға сүйенсек, оң динамиканы байқауға болады, яғни мектептерде негізінен жас мұғалімдер (80,7%) жұмыс жасайды.

Педагогтерді жұмыс өтілі бойынша қарастырсақ, 3 жылға дейінгі өтілі бар мұғалімдер 16,8%-ды, 20 жылға дейінгі өтілі бар мұғалімдер 54,7%-ды құрайды. Бұл педагог кадрлардың негізгі контингенті болып табылады. 20 жылдан және 30 жылдан астам еңбек өтілі бар мұғалімдер саны сәйкесінше 7,4%-ды және 8,8%-ды құрайды, демек, мектептерде тәжірибелі педагогтердің бар екенін түсінеміз.

Мұғалімдердің сапалық құрамын біліктілік санаты бойынша талдасақ, мұғалімдердің тек 16,7%-нда ғана педагогикалық шеберліктің ең жоғары деңгейі - педагог-

шебер, педагог-зерттеуші деңгейі бар екені (жоғары санат) анықталды; педагогтердің 27,4%-ы – сарапшы-мұғалім (бірінші санат), 24,9%-ы – модератор-мұғалім (екінші санат), 31%-ы – ешқандай санаты жоқ мұғалімдер.

17 тірек мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жағдайын зерттеу, диагностикалау және талдау

«НЗМ» ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы педагогтердің кәсіби қиындықтарының диагностикасын жүргізді, ол үшін сабақтарды бақылады, педагогтердің біліктілікті арттыру жолында кездестіретін кәсіби қажеттіліктерін, сондай-ақ оқудан күткен үміттері қаншалықты ақталып, оқуына қаншалықты көңілдері толғанын анықтау

үшін сауалнама өткізді және олардың АКТ құзыреттіліктерін зерттеді.

Жобаға қатысатын 17 мектеп мұғалімдерінің кәсіби қиындықтарын сабақтарды бақылау арқылы диагностикалау

Сабақтарды бақылаудың мақсаты – педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін және біліктілігін арттыру қажеттіліктерін анықтау, сондай-ақ мұғалімдердің жоспарлау, оқыту және оқу тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

Сабақтарды бақылау үшін ПШО тренерлері жобаға қатысатын 17 ауылдық мектепке сапармен барды. 684 сабақ, 670 мектеп педагогінің оқытуы бақыланды (немесе осы мектеп педагогтерінің жалпы санының 66%-ы).

Сабақтары бақыланған педагогтердің үлесі

Білім беру ұйымы	Мектептегі мұғалімдердің жалпы саны	Олардың ішінде		Бақыланған сабақтар саны, барлығы
		сабақтары бақыланған мұғалімдер саны	жалпы көлемнен үлесі	
1 Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ	86	40	47 %	40
2 Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сафон ауылы, «Қадыр Мырза Әли атындағы орта мектеп» КММ	41	40	98 %	40
3 Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл ауылы, «Досов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ	42	40	94 %	40
4 Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылы, «Бестамақ орта мектебі» КММ	76	40	53 %	40
5 Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектеп» КММ	224	41	18 %	41
6 Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Марқакөл ауылы, «№1 Марқакөл орта мектебі» КММ	45	41	89 %	41
7 Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар Есмұрат Сиқымов атындағы орта мектебі» КММ	43	40	88 %	40

8	Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудакент ауылы, «Балтабай Адамбаев атындағы тірек орта мектебі (ресурстық орталық)» КММ	103	40	39 %	40
9	Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, «Ақсай қаласының №5 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	56	40	70 %	40
10	Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ	43	40	93 %	40
11	Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл ауылы, «№1 Урицкий жалпы білім беретін мектеп» КММ	29	27	94 %	41
12	Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» КММ	131	40	31 %	40
13	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, «Күйкен жалпы білім беретін мектебі» КММ	164	40	24 %	40
14	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы, «№4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» КММ	39	40	97 %	40
15	Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар №2 Кішкенекөл орта мектебі» КММ	62	40	65 %	40
16	Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, «Ө. Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернаты» КММ	97	40	41 %	40
17	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы, «№1 тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ	50	41	82 %	41
Барлығы		1 331	670	66 %	684

670 педагогтің 97%-нда жоғары білім және аяқталмаған жоғары білім, 3%-нда арнайы орта білім бар. Сабақтары бақыланған мұғалімдердің 38%-нда 20 жылдан астам педагогикалық өтілі бар, 28%-нда педагогикалық еңбек өтілі - 11-20 жыл, 18%-нда - 6-10 жыл және 16%-ды құрайтын жас мамандарда 5 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар.

Біліктілік санатының барлық деңгейлеріндегі педагогтердің сабақтары бақыланды. Педагогтардың үштен бірінен астамы

(33%) - «сарапшы-мұғалім», 21%-ы - «зерттеуші-мұғалім», 20%-ы - «модератор-мұғалім», 1%-ы - «шебер-мұғалім». Педагогтердің 9%-нда жаңа формат бойынша біліктілік санаты жоқ. Сабақ өткізген педагогтердің 16%-нда біліктілік санаты жоқ.

Сабақтарды бақылаған кезде мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктері қаншалықты дамығанына басты назар аударылды, олар:

- сабақты жоспарлау құзыреттілігі;
- коммуникативтік құзыреттілік;

– оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану құзыреттілігі;

– оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және талдау құзыреттілігі.

Сабақтарды бақылаған кезде бақылау парақтары қолданылды, онда сабақ беруші мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің даму деңгейін көрсететін дағдылары мен білігі сипатталған.

Осылайша, 17 ауылдық мектеп педагогтерінің сабақтарын бақылау нәтижелерін талдау арқылы біліктілік деңгейі «жоғары» және «орташадан жоғары» педагогтердің пайыздық үлесі анықталды:

– педагогтердің **51%**-нда коммуникативтік құзыреттілік бар;

– педагогтердің **37%**-да оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және талдау құзыреттілігі бар;

– мұғалімдердің **35%**-да сабақты жоспарлау құзыреттілігі бар;

– педагогтердің 9%-да оқытуда АКТ қолдану құзыреттілігі бар.

Орта есеппен алғанда, сабақты бақылауға қатысатын **17 ауылдық мектеп мұғалімдерінің 33%-нда «жоғары» және «орташадан жоғары» деген кәсіби біліктілік деңгейі бар.**


Оның ішінде:

– мектептердің жартысынан астамы екі облыстан: *Шығыс Қазақстан (59% педагог)* және *Павлодар (53% педагог)*;

– педагогтердің үштен бірінен астамы алты облыстан: *Атырау, Батыс Қазақстан (39% педагог), Ақтөбе (37% педагог), Ұлытау (35% педагог), Қызылорда, Жамбыл (34% педагог), Жетісу (33 %);*

– педагогтердің төрттен бірі жеті облыстан: *Солтүстік Қазақстан (педагогтердің 21%-ы), Маңғыстау, Алматы (педагогтердің 22%-ы), Түркістан (педагогтердің 24%-ы), Абай (педагогтердің 26%-ы), Қарағанды (педагогтердің 27%-ы), Қостанай (педагогтердің 29%-ы).*

«Жоғары» және «орташадан жоғары» біліктілік деңгейлері бар педагогтер, (%)



Өңір мектептері бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту

Жобаға қатысатын 17 мектептің мұғалімдерінің сабақтарын бақылау арқылы мұғалімдердің дағдылары анықталып қана қоймай, күнделікті сабақ беруді жоспарлау және өткізу кезінде туындайтын қиындықтар да анықталды.

Жобаға қатысатын 17 мектептің педагогтерінің сабақтарын бақылау және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту нәтижелері

Құзыреттілік	Мұғалімдердің жеткілікті деңгейде көрсететін дағдылары	Мұғалімдер қиындық көретін дағдылар
Сабақты жоспарлау құзыреттілігі (мұғалімдердің 35%-ы)	Пәннің оқу бағдарламалары негізінде сабақ жоспарлау. Талаптарға сәйкес жоспар құру.	Оқушылардың сабақ мақсатына жетуіне бағытталған тапсырмаларды жоспарлау. Барлық оқушылар сабақ мақсатына жететіндей тиімді жұмыс түрін (жеке, жұптық, топтық) ұйымдастыруды жоспарлау. Барлық оқушыларды қалыптастырушы бағалау үшін оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар жоспарлау. Оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай саралау әдістерін жоспарлау. Сабақта оқушылардың жұмыс істеу қарқынын ескере отырып, сабақтың әрбір кезеңінің уақытын жоспарлау. Ұй тапсырмасын түсіндіруді жоспарлау.
Коммуникативтік құзыреттілік (мұғалімдердің 51%-ы)	Оқушылардың материалды қаншалықты түсінгенін анықтау үшін жабық сұрақтар дайындау. Әртүрлі әдістерді қолдана отырып, сұрақтарды тұжырымдау.	Оқушылардың ойлау деңгейіне қарай ашық/жабық сұрақтарды тұжырымдау. Диалогтың барысы мен сапасын бақылау: жауапты тыңдап, барлық оқушыларды талқылауға тарту. Оқушыларда диалог жүргізу үшін сұрақтар қою дағдысын дамыту.
Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану құзыреттілігі (мұғалімдердің 9%-ы)	Материалды визуализациялау үшін Power Point бағдарламасында таныстырылымдар жасау.	АКТ дағдыларын дамыту мақсатында бірлескен жұмыс үшін онлайн платформаларды пайдаланып, оқушыларды бірлескен жобаларға тарту. Оқушылардан жылдам кері байланыс алу үшін онлайн платформаларды пайдалану. Күрделі тақырыптарды оқытқан кезде көрнекілік үшін интернет желісіндегі видеоконтентті қолдану.
Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және талдау құзыреттілігі (мұғалімдердің 37%-ы)	Мақсаттарды тұжырымдау кезеңін ұйымдастырған кезде сабақ мақсатын, күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлерін талқылауға оқушыларды тарту. Қалыптастырушы бағалауға тапсырмаларды іріктеп, критерийлер мен дескрипторларды әзірлеу.	Оқушылардың ойлау деңгейін ескере отырып, сабақ мақсаттарына сәйкес тапсырмаларды таңдау және бағалау критерийлерін әзірлеу. Сабақта жүйелі түрде қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру, оқушылардың үлгерімін қадағалау. Бағалау нәтижелерін кейінгі оқытуда пайдалану. Әр оқушыға жазбаша/ауызша түрде сындарлы кері байланыс беру. Оқушыларға критерийлер негізінде өзін-өзі және өзара бағалатқызу.

Жобаға қатысатын мектеп педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту бойынша ұсыныстар

Талдау нәтижесінде қол жеткізілген қорытындылар негізінде келесі кеңестер берілді.

Мектеп әкімшілігіне

- Тиімді мектепшілік бақылау жүйесін әзірлеу (оның ішінде, сабақты бақылау, сындарлы кері байланыс беру, кәсіби әңгімелесу және т.б.), мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалауға мониторинг жүргізу, мектепте тиімді әдістемелік жұмыс құру үшін сабақтарды бақылау үдерісінде анықталған мұғалімдердің проблемалық жұмыс аймақтарын үнемі талқылап отыру.

- Педагогтердің/мектеп тренерлерінің әлеуетін пайдаланып, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытатын мектепшілік біліктілікті арттыру жүйесін құру.

- Сыныпта да, мектепте де педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін дамытушы, бірлескен әдістемелік орта құру үшін «Сабақты зерттеу», «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілдемелерін білім беру үдерісіне енгізу жұмысын ұйымдастыру.

Аудандық әдістемелік кабинеттеріне

- Ауыл мектептері мұғалімдерінің оқытудағы қиындықтары мен мектепке әдістемелік қолдау көрсету мазмұнын анықтау үшін ауыл мектептері педагогтерінің сабақтарын бақылаушы әдістемелік десанттар ұйымдастыру.

- Тұрақты түрде семинарлар/вебинарлар өткізу арқылы облыстардағы ауылдық мектеп педагогтеріне оқытуды тиімді жоспарлау және өткізу бойынша әдістемелік қолдау көрсету жүйесін құру.

- Мектепшілік бақылау, мектеп ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру, педагогтерді жетілдіру үшін сабақтарды бақылау және өңірлік мектептерге зерттеу мәдениетін енгізу мәселелері бойынша мектеп әкімшілігіне әдістемелік қолдау көрсету.

Сабақтарды бақылау нәтижесінде әр мектепке қатысты талдамалық анықтамалар (17 есеп) әзірленді, онда мектеп әкімшілігі үшін педагогтердің кәсіби білігін одан әрі дамыту туралы әдістемелік ұсыныстар берілген. Сонымен қатар 17 мектеп бойынша жиынтық талдамалық есеп дайындалды.

Педагогтердің біліктілігін арттырудағы кәсіби қажеттіліктерін анықтау, оқытудан күтетін үміттері мен сұраныстары қаншалықты қанағаттандырылғанын анықтау бойынша зерттеу

Жүргізілген диагностикалық зерттеу фокусы – жобаға қатысатын 17 ауылдық мектеп мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін, атап айтқанда, мектеп контекстін (дамуды басқару, оқу ортасы, мәдениеті), педагогтердің шеберлігін, оқыту және оқу практикасын зерттеу.

Мониторингтік зерттеу фокустары мен параметрлері

Фокустар	МЕКТЕП БАСШЫСЫ	ОҚУШЫЛАР	АТА-АНАЛАР
	ЗЕРТТЕУ ПАРАМЕТРЛЕРІ		
МЕКТЕП КОНТЕКСТІ (дамуды басқару, мәдениет, оқу ортасы)	• Басшы ретінде жұмыс жасауға дайын болу және өзінің кәсіби дамуы. • Мұғалімдердің кәсіби дамуына нақты атсалысу. • Ынтымақтастық дәстүрлері. • Оқыту сапасын бағалауға тікелей қатысу. • Сабақтарды бақылау нәтижесінде алынған деректерді оқыту практикасына жақсартып, түзетулер енгізу үшін қолдану. • Мектеп мәдениеті. • Мектепшілік бақылау.	• Мектеп басшылығына деген сенім. • Тұрғылықты жеріне және мектепке деген қарым-қатынасы. • Болашақ мамандықты таңдау мүмкіндігі. • Қосымша білім алу жағдайы. • Сыныпта, мектепте достарының болуы. • Мектеп басшылығымен проблемалық мәселелерді талқылай алу мүмкіндігі. • Мектептің дамуына үлес қосу.	• Баланы оқытуға қатысуы. • Оқу ортасы мен жағдайына көңілінің толуы. • Мектеп басшылығына деген сенім. • Мектеппен ынтымақтасып жұмыс істеуге дайын болу. • Мектепті дамытуға қатысу. • Мұғалімдермен және мектеп басшылығымен үнемі байланыста болу мүмкіндігі.

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУ ПРАКТИКАСЫ	МҰҒАЛІМДЕР	ОҚУШЫЛАР	АТА-АНАЛАР
	ЗЕРТТЕУ ПАРАМЕТРЛЕРІ		
	- Оқыту мазмұны. - Кәсіби қиындықтар және кәсіби даму. - Әдістемелік арсенал. - Өзара әрекеттесу және ынтымақтастық. - Бағалау жүйесі. - Үй тапсырмасына мониторинг жүргізу. - Өзінің оқыту практикасын зерттеу.	- Оқу мақсатын және ағымдағы оқу жетістіктерін білу. - Оқуға ынталану. - Пәндік білімді қолдану және түсіну қабілеті. - Құрдастарымен және мұғалімдермен ынтымақтасу.	- Балаларға ұсынылатын оқытудан күтетін үміттері мен сұраныстарының қанағаттандырылуы. - Мұғалімдермен жұмыс істеуі. - Үй тапсырмасына дайындалуға және оны орындауға қатысу. - Қолданыстағы бағалау жүйесін түсінуі. - Баласының әлеуетін көру.

Зерттеу онлайн-сауалнама түрінде жүргізілді. Әділетті деректерге қол жеткізу үшін сауалнамаға зерттелетін мектептердің басшылары мен мұғалімдері ғана емес, негізгі және жоғары мектеп оқушылары мен ата-аналары да қатысты.

Сауалнамаға жалпы 6 716 адам қатысты, оның ішінде:

- мектеп басшылары – 85 адам;
- мұғалімдер – 1 219 адам;
- оқушылардың ата-аналары – 2 754 адам;
- оқушылар – 2 658 бала.

Зерттеу нәтижелері әрбір зерттеу фокусының күшті және әлсіз жақтарын көрсетті.

Зерттеу нәтижелері бойынша жасалған қорытындылар

МЕКТЕП КОНТЕКСТІ: дамуды басқару, мәдениет, оқу ортасы	
Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
Басшы ретінде жұмыс жасауға дайын болу және өзінің кәсіби дамуы	
Барлық басшылар бакалавриат деңгейінде жоғары педагогикалық білімге ие.	Басшылардың ешқайсысында жоғары оқу орнынан кейінгі білім дәрежесі жоқ. Директор қызметін атқарып отырған барлық респонденттер бұл лауазымға өздерінің көшбасшылық және басқарушылық қасиеті үшін емес, табысты оқытушылық тәжірибесі үшін сайланған. Респонденттер басқару тәжірибесі мен дағдысын жұмыс барысында өз бетінше қалыптастырған. 51%-ы әртүрлі уақытта білім беру ұйымдарының басшыларына арналған бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.
Мұғалімдердің кәсіби дамуына нақты атсалысу	
Жекелеген мектептерде (32,6%) мектепшілік кәсіптік даму жүйесі қалыптасқан.	Педагогикалық ұжымды кәсіби тұрғыдан дамыту жұмысында біраз берекетсіздік байқалады, себебі бірден барынша көп мұғалімді біліктілікті арттыру курстарына жіберуге деген ұмтылыс көрінеді. Мектептің дамуындағы нақты проблемалар, оқыту мен оқу сапасына кешенді түрде әсер ете алатын көшбасшы мұғалімдердің мектепшілік командаларын қалыптастырудың маңыздылығын түсіну – респонденттер үшін басты критерий болып санаады (орта есеппен 43%). Мұғалімдердің пікірлері Мұғалімдердің 35%-ы мектепшілік кәсіби даму бойынша қолданыстағы жүйе жүйесіз, тиімсіз және тек жас мұғалімдер үшін құрылған деп санайды.

Ынтымақтастық дәстүрлері

Мектептерде табысты тәжірибелер жинақталады, бұл көптеген басшылардың пікірінше, белгілі бір нәтиже мен пайда әкеледі; басқарушы командалардың сапалық құрамын талдау нәтижесінде бұл жұмысқа тренерлерді даярлау бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқыған тәжірибелі педагогтер, директорлардың орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктердің басшылары белсенді қатысатыны анықталды.

Мектептерде:

- ұжымда мектептің нақты жағдайын, оқушылар контингентін және олардың оқудағы қажеттіліктерін ескеретін нақты бағыт немесе жалпы түсінік жоқ;
- мектепшілік бақылау, оқушылардың оқу үлгерімінің мониторингі, деректерге талдамалық шолу жасау және сыныпта/бүкіл мектепте бақылау жүргізу нәтижелеріне негізделген нақты міндеттер қойылмаған;
- бүкіл ұжымның кәсіби дамуы мектепті дамыту мақсаттары мен міндеттеріне бағытталмаған және байланымаған.

Зерттелген 17 мектептің 14-інде ресми сайттарға кіру мүмкіндігі жоқ. Оқушылардың ата-аналарының 35%-дан астамы қажетті ақпарат жазылған мектеп сайтының болмауына немесе оған кіру мүмкіндігі жоқ екеніне наразылығын білдірген.

Директордың оқыту сапасын бағалау рәсімдеріне тікелей қатысуы

Мұғалімдердің 11%-ы мектеп директорының сабақты бақылауға қатысып, пайдалы кері байланыс бергенін растады; көптеген басшылардың айтуынша, мектептерде оқу нәтижелеріне мониторинг жүргізіледі.

Оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі оқыту әдістерінің кешенімен үйлеспейді және нақты бір мұғалімдердің пікірлері мен үміттерін ескермеген. Мектептерде үздіксіз мониторинг жүргізу және оқытуды жетілдіру бойынша мақсатты әрі ресми жүйе құрылмаған. Оқытудағы әлсіз жақтарды анықтау мақсатымен сабақтарды бақылау нәтижесінде нақты күтілетін нәтижелер жүйесі құрылмаған, проблемалар анықталып, олардан құтылу стратегиялары әзірленбеген.

Сабақтарды бақылау нәтижесінде алынған деректерді оқыту практикасына жақсартып, түзетулер енгізу үшін қолдану

Мектептерде оқушылардың үлгерімі туралы мәліметтер бар, оларды мұғалімдер мен мектеп басшылары қолданады. Көптеген басшылар оқушылардың оқу жетістіктері базасын құрып, талдайды және соның нәтижесінде оқу мақсаттарына жету жолындағы жұмысының тиімділігін бағалайды.

Стандарттарға негізделген жалпы немесе бағдар берерлік баға жоқ. Оқушылардың оқу жетістіктері жөніндегі қолдағы деректер - оқыту практикасының өзгеруі мен оқу нәтижелері арасындағы байланысты талдау үдерісінің бір бөлігі болып саналмайды. Қолданыстағы стратегиялар мен әдістемелердің қайта қаралғаны, нақтылаушы түсініктемелердің енгізілгені туралы мұғалімдерді бірден хабардар ету үшін деректерді жинау мен талдаудың тұрақты жүйесі жоқ. Мектептерде жемісін берген практика стандарттары жоқ, сондықтан мұғалімдерде стандарттарға негізделген оқу стратегияларын, сабақ жоспарлары мен оқыту әдістемесін әр оқушының қажеттіліктеріне бейімдеп, қайта қарастыру мүмкіндігі жоқ.

Басшылар қосымша қолдауды және дамытуды қажет ететін нақты оқушыларды анықтау үшін әртүрлі бағалау нысандарын пайдаланады. Кейбір мұғалімдер сабақты жоспарлау және сабақтан тыс іс-шараларды өткізу үшін оқушылардың академиялық қажеттіліктері мен қиындықтары туралы деректерді қолданады.

Стандарттарға негізделген сенімді деректерді жинаудың және талдаудың нақты жүйесі жоқ. Мұндай жүйе мынадай мүмкіндіктер берер еді:

- оқу сапасын қамтамасыз ету бойынша жалпы мектептік стандарттарға сәйкес оқуда қиналатын оқушыларды уақытылы қолдау мүмкіндігі;
- сабақтарды жоспарлаған, сыныпта оқыту әдістері мен нысандарын нақтылаған және әр оқушыға атаулы қолдау көрсететін шараларды әзірлеген кезде деректерді белсенді пайдалануға мүмкіндік берер еді.

Оқушыларға қолдау көрсету және оның тиімділігін бақылау

Оқушылардың сапалы оқуға қол жеткізуі үшін мұғалімдер көмекті қажет ететін бағыттарды анықтайды, ол үшін әртүрлі әдістемелік стратегияларды қолдана алады, оқушылар мен ата-аналардың айтуынша, бұл белгілі бір нәтиже береді. Мектеп басшылары оқушыларға академиялық және академиялық емес қолдау көрсету үшін іс-шаралар өткізеді; көрсетілетін қолдауды бағалау үшін деректерді белсенді пайдаланады.

Сауалнамаға қатысқан мектеп басшыларының ешқайсысы мектепте оқыту және оқу сапасының бірлесіп әзірленген стандарттарының бар екенін растамады. Бір сыныпта шамадан тыс көп оқушы оқитындықтан, мұғалімдердің көрсетілетін қолдаудың әсерін бақылауға мүмкіндігі мен уақыты жоқ. Өткізілетін іс-шараларда әрдайым нақты, өлшенетін шешімдер қабылданбайды және олардың іске асырылуы бақылана қоймайды.

Мектептегі оқу ортасы

Мектептерде әртүрлі сыныптан тыс іс-шаралар белсенді түрде өткізіледі, жекелеген мектептер олардың сапасын аудандық және республикалық деңгейде атап өткен. Қосымша білім беруді ұйымдастыру мүмкіндіктері бар.

Мектеп қауымдастықтары (басшылар, оқушылар, ата-аналар) оқушылардың мінез-құлқын нығайтатын, тәртіпке қатысты мәселелерді шешетін әртүрлі тиімді әдістерді қолданады.

Мектепте оқушыларға қосымша білім беруге, кәсіптік бағдарлауды ұйымдастыруға, сондай-ақ олардың әлеуметтік-эмоциялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын ресурстар кешені жоқ.

Қолда бар ресурстар кешені барлық оқушылардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Мектептерде барлық оқушыларға өзара араласуға мүмкіндік беретін, тұрақты жұмыс істейтін, сыйластыққа толы жағымды орта байқалмайды, мұғалімдер арасында ынтымақтастық, бірлесіп шешім қабылдау мәдениеті жоқ. Оқушылар мен олардың ата-аналары талап ететін қосымша білім мен кәсіптік бағдар беру жұмысы барлық зерттелетін білім беру ұйымдарының әлсіз жақтары болып саналады.

Мектепішілік бақылау

Мектеп басшыларының көпшілігі оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру үшін мектепішілік бақылауды ұйымдастыру маңыздылығын мойындайды; 23,6%-ы тұрақты мониторинг негізінде әрбір оқушының оқу қабілетінің деңгейін, жеке оқу қарқынын және дамуын анықтай алады.

Мектептерде жүйелі мектепішілік бақылау жоқ; оқушылардың білім сапасының көрсеткіштеріне жыл сайынғы талдау және мониторинг жүргізілмейді, бақылау нәтижелері қадағаланбайды.

Зерттелетін мектептерде жоспарлау және есеп беру мектепішілік бақылау нәтижелеріне тікелей байланысты емес.

Орташа алғанда, шамамен оқушылардың 31,4%-ы үлгерімін мұқият бақылау қажеттілігінің маңыздылығын толық түсінбейді, сондықтан сәйкесінше оған мән бермейді және тиісті дағдыларды дамыту қажеттілігіне сенімсіз.

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ШЕБЕРЛІГІ. ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУ ПРАКТИКАСЫ

Оқыту мазмұны

Мұғалімдердің 42,8%-ы жаңартылған оқу бағдарламасының әдіснамалық негіздерімен және қағидаттарымен терең танысты.

Мұғалімдердің шамамен 57%-ы қолданыстағы бағдарламаны үстіртін біледі және егжей-тегжейлі түсініктемені қажет етеді.

Кәсіби қиындықтар және кәсіби даму

Мұғалімдердің 86%-дан астамы, оның ішінде:
Өрлеуде – 61,1%-ы,
Педагогикалық шеберлік орталығында – 25,4%-ы біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

Мұғалімдердің 77%-ы оқушылардың білім сапасын тұрақты түрде көтеруге едәуір әсерін тигізетін бес мәселені көрсетті және осы қиындықтарды еңсеру үшін қолдауды қажет ететінін жеткізді, олар:

- оқушылардың оқуға деген қызығушылығының болмауы;
- пән бойынша біліктің жетіспеуі;
- АКТ бойынша біліктің жетіспеуі;
- жаңартылған оқу бағдарламасын толық біліп, түсіне қоймауы.

Әдістемелік арсенал

Мұғалімдердің көпшілігі өз жұмыс тәжірибесінде қалыптастырған әдістемелік арсеналды қолдана отырып, сабақтарды өз бетінше жасай алады;
мұғалімдердің 25,6%-ы белсенді оқыту әдістерін біледі және үнемі қолданады.

Сапалы оқытуға қол жеткізуге кедергі келтіретін ықтимал факторлар:
- мұғалімдердің пән бойынша, сондай-ақ жаңартылған білім беру мазмұны мен оқыту әдістерін іске асыруға қажетті тұжырымдамалық негіздер туралы білімін тереңдету қажеттілігі жоғары;
- мұғалімдерде оқушылардың оқу маршрутын әзірлеу, жеке тұлғаға бағытталған оқытуды іске асыру және әрбір оқушының күтілетін нәтижелерге қаншалықты қол жеткізгенін қадағалау бойынша біліктері жетпейді;
- мұғалімдер бағалау нәтижелерін талдап, оның нәтижесінде қорытынды шығару, жоғары дәрежелі дағдыларды бағалау тапсырмаларын әзірлеуде қиналады.

Өзара әрекеттесу және ынтымақтастық

Мұғалімдердің шамамен 30%-ы сабақты бақылау нәтижесінде өзіне берілген кері байланыстың оқыту тәжірибесін жақсарту үшін айтарлықтай жеткілікті екенін атап өткен.
Мұғалімдерден (бірнеше/кейбір) құралған командалар мәдени дамыған стратегияларды кіріктіре отырып, өзара үйлесімді блоктар мен сабақтар жазды.

Оқытушылардың 70%-ға жуығы сабақтары бақыланғаннан кейін өзіне берілген кері байланысты аса бағалай қоймады, оның ішінде 11%-ы тіпті кері байланыстың теріс әсер тигізетінін жеткізген:

- кері байланыс көмектеспейді, керісінше, проблеманы одан әрі қиындата түседі;
- кері байланыс әрдайым әділ бола бермейді;
- қағаз үшін жасалатын дүние;
- зиянды психологиялық жағдай туғызады.

Мектептерде мұғалімдердің бір-бірімен кездесіп, бірігіп жұмыс істеп, сыныптағы оқу үдерісін тігінен және көлденеңінен (кросс-контент) қарастырып жоспарлау мәдениеті, ресми жүйесі қалыптаспаған.

Бағалау жүйесі

Мұғалімдердің 42,6%-ы қалыптастырушы бағалау әдістемесін білетініне және үнемі қолданатынына сенімді.

Оқушылардың шамамен 30%-ы білімдері қандай критерийлер негізінде бағаланатынын білмейді және әділетті баға берілетініне сенімді емес.
Ата-аналардың шамамен 53%-ы балаларына қойылатын бағалардың әділ екеніне күмәнданады және баласы қол жеткізе алатын баға емес деп санайды.
Мұғалімдердің орта есеппен 65%-ы оқушылардың білім сапасын бағалау қорытындыларын, негізінен, сабақтарды жоспарлау және оқушыларға кері байланыс беру кезінде басшылыққа алады.
Оқушылардың білім сапасын бағалау қорытындылары мұғалімдердің 45%-ы үшін өз оқыту сапасын бағалауға, проблемаларды анықтап, оларды ата-аналармен талқылап, шешу жолдарын бірлесіп іздеуге, сондай-ақ саралау тапсырмаларын әзірлеуге және жеке тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыруға көмектесетін ақпараттық ресурс.

Өзінің оқыту практикасын зерттеу

Өз оқыту практикасын үздіксіз зерттейтін мұғалімдердің 6%-ы оқушылардың оқуында (ойлау және талдау қабілеті жанданды, сынып ішіндегі қарым-қатынас жақсарды, өз пікірін жеткізуде өзіне деген сенімділік пайда болды) және өзінің оқыту тәжірибесінде (сабақты жоспарлау және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын әзірлеу үдерісі жақсарды және т.б.) ілгерілеуді байқаған.

Мұғалімдердің 35%-ы өз оқыту тәжірибесін зерттемейді; 58,8%-ы өз оқыту тәжірибесін анда-санда зерттеп тұрады, бірақ нәтижелерді қадағаламайды.

Зерттеу заманауи ғылыми және эмпирикалық зерттеулер аясында жүргізілді. Зерттеу сауалнамасының ауқымдылығы мен репрезентативтілігіне байланысты әртүрлі өңірлердегі педагогтердің кәсіби проблемалары мен қажеттіліктері жіктелді, оқушылардың білім сапасы көрсеткіштеріне теріс әсер ететін оқуды ұйымдастырудағы осал жерлер анықталды, зерттеліп жатқан үдерістерді жақсартуға ықпал ететін факторлар анықталды.

Алынған мәліметтер мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жұмысын құру үшін де, басқарушылық шешімдер қабылдау үшін де ақпараттық негіз болады.

Педагогтердің АКТ құзыреттілігін анықтау диагностикасы

Жобаға қатысатын ауылдық 17 мектептің мұғалімдері арасында жүргізілген АКТ құзыреттіліктерін анықтау сауалнамасының негізгі мақсаты – педагогтердің оқыту, оқу, бірігіп жұмыс істеу әрі кәсіби дамуы үшін қажетті ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру дәрежесін анықтау және одан әрі кәсіби дамуы үшін ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдіснамасы – Microsoft Forms онлайн-сауалнамалар құру сервисінде әлеуметтік сауалнама жүргізу.

Онлайн-сауалнамаға **1 274** педагог қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша педагогтердің АКТ құзыреттіліктерінің қалыптасуы: бастапқы, орта, озық деңгейлері айқындалды.

АКТ құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі:

622 мұғалім (немесе **49%**) – **бастапқы деңгейде**. Облыс бойынша алып қарағанда, 7 облыстағы (Павлодар, Қызылорда,

Қарағанды, Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау, Ұлытау) ауыл мұғалімдерінің 50%-дан астамының АКТ қолдануы бастапқы деңгейде;

600 респондент (немесе **47,1%**) – **орташа деңгейде**, оның 27%-ы – 20 жылдан астам педагогикалық тәжірибесі бар мұғалімдер. Сауалнама нәтижелері бойынша 3 облыс (Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай) мұғалімдерінің 60%-дан астамында АКТ пайдалануы орташа деңгейде;

52 педагогтің (немесе **4%**) АКТ дағдысы жоғары **деңгейде**, олардың шамамен 30%-ының жұмыс өтілі 20 жылдан асқан. АКТ қолдана білуден едәуір жоғары деңгейді Ақмола облысындағы ауыл мұғалімдерінің 12%-ы көрсетті.

Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірленді

- АКТ-дан бастапқы деңгейдегі білігі бар мұғалімдерге оқыту мен оқудан цифрлық сауаттылықты арттыру курстарынан өту қажет.

- Сауалнама нәтижесінде жиналған мәліметтер сенімді болуы үшін мұғалімдер онлайн-сауалнамаға жауап бергенде академиялық адалдық қағидаттарын сақтауы керек.

- Мектеп басшылығы өзара оқыту қағидаты негізінде цифрлық сауаттылығы жоғары деңгейдегі педагогтердің көмегімен АКТ құзыреттілігін арттыру бойынша ішкі оқытуды ұйымдастыруы керек.

Сауалнама нәтижелері бойынша «2022-2023 оқу жылында педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту (базалық/озық деңгей)» біліктілікті арттыру курстарына жіберілетін педагогтердің тізімі анықталды.

Біліктілікті арттыру курстарында оқу Жобаны іске асыру шеңберінде

2022 жылы ПШО әзірлеген біліктілікті арттыру курстарында тірек мектептердің 426 мұғалімі оқытылды, бұл барлық педагогтердің жалпы санының 26,9% -ын құрайды.

Педагогтердің біліктілігін арттыру келесі білім беру бағдарламалары бойынша өтті.

Мектеп басшылары үшін:

- «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент»;

- «Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы».

Пән мұғалімдері үшін:

- «Мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» (пәндер бойынша);

- «Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту (базалық деңгей)».

Мектеп тренерлері үшін:

- «Оқыту практикасын жақсарту үшін педагогтердің талдау жасау құзыреттілігі»

- «Мұғалім практикасындағы зерттеу».

Аудандық әдіскерлер үшін:

- «Оқыту әдістемесі мен технологиясы».

Педагогтердің басым бөлігі, атап айтқанда, 175 адам (41%-ы) «Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту» бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқыды, 133 (31,2%-ы) педагог «Оқыту әдістемесі мен технологиясына» оқытылды, 50 (11,7%-ы) мұғалім пәндер бойынша «Мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» курстарынан өтті.

Облыс бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру

№	Облыс	Барлығы	«Мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» (пәндер бойынша)	«Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы»	«Оқыту практикасын жақсарту үшін педагогтердің талдау жасау құзыреттілігі»	«Мұғалім практикасындағы зерттеу»	«Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент»	«Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту»	«Оқыту әдістемесі мен технологиясы» (аудандық әдіскерлер үшін)
1	Абай облысы	23	2	3	1		0	7	10
2	Атырау облысы	19	2	3	1	1		2	10
3	Ақмола облысы	17	2	3	2			0	10
4	Ақтөбе облысы	31	8	3	2			10	8
5	Алматы облысы	42	0					35	7
6	Жетісу облысы	22	6	3	1			6	6
7	Жамбыл облысы	27	0		1			16	10
8	Шығыс Қазақстан облысы	12	1		1			1	9
9	Батыс Қазақстан облысы	14	1		1		1	4	7
10	Қарағанды облысы	18	1	3			1	7	6
11	Ұлытау облысы	32	8	3	1		1	9	10
12	Қостанай облысы	16	3	3	1			2	7
13	Қызылорда облысы	49	9	3	1	7	1	19	9
14	Маңғыстау облысы	43	2	3	3			30	5
15	Павлодар облысы	12	1		2			4	5
16	СҚО	16	3	3	1			4	5
17	Түркістан облысы	33	1	3	1		0	19	9
	Барлығы	426	50	36	20	8	4	175	133

Педагогтердің жұмысын әдістемелік қолдау

Ауылдық 17 мектеп мұғалімдерінің сабақтары бақыланып, кәсіби біліктерінің дамуындағы проблемалық аймақтар анықталғаннан кейін келесі жұмыстар жүргізілді.

- Сабақты жоспарлау, оқу мақсаттары негізінде сабақ тапсырмаларын әзірлеу, оқушылардың сабақтағы жұмысын ұйымдастыру тәсілдері бойынша семинарлар/вебинарлар өткізілді. Мұғалімдер Блум таксономиясы негізінде мақсаттарды тұжырымдау, оқушылардың ойлау қабілеттеріне қарай тапсырмаларды таңдап алу, қалыптастырушы бағалауға бағытталған критерийлері мен дескрипторлары берілген тапсырмаларды таңдау дағдыларын пысықтады.

- Пәндер бойынша күрделі тақырыптарды талдау семинарлары/вебинарлары өткізілді. Педагогтер «Физика», «Химия»,

«Биология», «Математика» пәндерінен практикалық кейстерді талдады, қиын тақырыптарды оқытудың оңтайлы әдістерін тапты.

- «Сабақты зерттеу арқылы ауыл мектептері мұғалімдерінің тәжірибесін жетілдіру» атты республикалық семинар өткізілді. Мектеп мұғалімдері «Сабақты зерттеу» тәсілдемесінің құрылымы мен оны іске асыру стратегияларын қарастырды, зерттеу топтарын құру мәселесін, сондай-ақ жоспарлау кезеңдері мен сабақты бақылау тәсілдерін талқылады. Семинарға жобаның 250-ден астам педагогі қатысты.

- Ауылдық 17 мектеп педагогтері жетекші мектептердің облыстық форумдарына қатысып, мектеп командасының жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

- **2022 жылы** жобаға қатысушы ауылдық 17 мектеп мұғалімдері үшін барлығы **79 әдістемелік іс-шара өткізілді.**

Педагогтердің жұмысын әдістемелік қолдау

№	Облыс	Семинарлар/ вебинарлар саны
1	Абай облысы	9
2	Атырау облысы	2
3	Ақмола облысы	3
4	Ақтөбе облысы	4
5	Алматы облысы	4
6	Жетісу облысы	1
7	Жамбыл облысы	6
8	Шығыс Қазақстан облысы	9
9	Батыс Қазақстан облысы	6
10	Қарағанды облысы	5
11	Ұлытау облысы	7
12	Қостанай облысы	2
13	Қызылорда облысы	10
14	Маңғыстау облысы	1
15	Павлодар облысы	2
16	Солтүстік Қазақстан облысы	7
17	Түркістан облысы	1
Барлығы		79

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша оқу семинарларының жиынтығы

2022 жылы қазан айында жоба аясында БББО мамандары ауылдық 17 мектептің мұғалімдеріне арналған екі кезеңдік оқу семинарларының жиынтығын өткізді:

1) 2022 жылғы 31 қазан мен 4 қараша аралығында Атырау, Түркістан, Көкшетау және Семей қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің қабырғасында 13 тірек мектепте (Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Абай облыстары) өтті;

2) 2022 жылғы 9-16 желтоқсан аралығында мектептердің базасында 4 мектепте (Алматы, Қарағанды, Ұлытау және Жетісу облыстары) өтті.

Оқу семинарлары мынадай тақырыптар бойынша ұйымдастырылды:

1. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (оқу, математика, жаратылыстану-ғылыми).

2. Негізгі орта мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі).

3. Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру (математика).

4. Оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру (информатика).

5. Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру (физика, химия, биология, география).

6. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту (Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, еңбек, музыка).

7. «Дене шынықтыру» пәнінен сабақ беру ерекшеліктері.

Оқу семинарларының тыңдаушылары 14 мектеп пәні бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта мектеп мұғалімдерінен құралды. Ол пәндер: тіл (қазақ тілі, қазақ тілі мен әдебиеті (Т2), қазақ әдебиеті, орыс тілі, орыс тілі мен әдебиеті (Я2), орыс әдебиеті, ағылшын тілі), жаратылыстану-математика (математика, информатика, химия, физика, биология, география, жаратылыстану), қоғамдық-гуманитарлық (Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, көркем еңбек, музыка және дене шынықтыру) бағытын дағы пәндер.



Семинарларға барлығы 1 051 мұғалім қатысты.

Семинар барысында қатысушылар оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әртүрлі аспектілерін зерттеді, сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалардың түрлерімен танысты және өздері тапсырма құрастыруды үйренді.

Мысалы, «Оқу сауаттылығын қалыптастыру» тақырыбындағы семинар барысында коммуникативтік тәсілге басымдық беретін, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша сабақ беру ерекшеліктері қарастырылды. Әртүрлі ресурстармен жұмыс істей отырып, қатысушылар оқу сауаттылығының негізгі құзыреттіліктері бойынша тапсырмаларды орындауға машықтанды: ақпаратты іздеу және алу, оны түсіндіру, рефлексия және бағалау. Сонымен қатар «Цифрлық оқу дағдыларын дамыту» тақырыбына жеке сессиялар арналды, онда қатысушылар цифрлық оқу стратегияларымен танысты, сондай-ақ іс жүзінде цифрлық мәтінмен жұмыс істеу кезінде алған дағдыларын қолданды.

«Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру» тақырыбындағы семинарда мұғалімдер оқушыларға ақпаратты өз бетінше табуға, құрылымдауға және алған білімдері мен дағдыларын күнделікті өмірде тиімді қолдануға ықпал ететін оқу әдістерімен танысты. Семинарда қатысушылар тапсырмаларды орындады, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тәжірибеге негізделген тапсырмаларды әзірлеу үшін өз идеяларын ұсынды.





Семинарға қатысушылар әртүрлі эксперименттер жасады, жаратылыстану-ғылыми зерттеу кезеңдерін талдады, оқушылардың зерттеу дағдыларын, сыни ойлауын және функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы химиялық эксперименттердің мүмкіндіктерін талқылады. Сонымен қатар қатысушылар құбылыстарды ғылыми тілде түсіндіру, ғылыми зерттеу әдістерін қолдану, зерттеу міндеттері, зертханалық тәжірибелер және жобалау жұмыстары арқылы қорытындыларды тұжырымдау үшін деректерді түсіндіру сияқты жаратылыстану-ғылыми құзыреттіліктерін дамыту мүмкіндіктерін қарастырды. Қатысушылар өздерінің сабақ беру тәжірибелері туралы шындап ойлағанын, енді сабақ беру кезінде жаңа әдістер мен технологияларды енгізгісі келетінін атап өтті.

Семинар аясында кері байланыс алу мақсатында қатысушылар арасында онлайн-сауалнама жүргізілді.

Онлайн-сауалнамада берілген ашық сұрақтарды талдау нәтижесінде семинар өте пайдалы болғаны анықталды.

Сауалнама нәтижелерінде мұғалімдер семинардың келесі жағымды жақтарын атап өтті:

- қатысушылардың 19%-ы семинарлар барысында оқыту жұмыстары өте пайдалы және сапалы болғанын ерекше атап өтті;

- сауалнамаға қатысушылардың 16%-ы белсенді оқу әдістері мен оқу жұмыстарына қызығушылықты ояту жолдары қолданылғанын атап өтті;

- сауалнамаға қатысушылардың 13%-ы семинар барысында айтылған функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмаларды әзірлеу және орындау тәсілдерін ерекше атап өтті;

- сауалнамаға қатысушылардың 12%-ы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және дамыту мәселелерін қарау керек екенін атап өтті;

- сауалнамаға қатысушылардың 13%-ы семинарлардың тәжірибеге негізделгенін атап өтті;

- сауалнамаға қатысушылардың 6%-ы қысқа мерзімді жоспарды (сабақ жоспары) құру және талдау мәселелерін ерекше атап өтті;

- сауалнамаға қатысушылардың 5%-ы өздерінің оқу пәні шеңберінде жекелеген

тақырыптарды және/немесе тәсілдерді қарастырғанын ерекше атап өтті;

– сауалнамаға қатысушылардың 5%-ы семинарлар тақырыбының және берілген ақпараттың өзектілігін ерекше атап өтті;

– сауалнамаға қатысушылардың 3%-ы сабақ барысындағы жобалық және зерттеу жұмыстары туралы мәселелерді қарастырғанын атап өтті.

Семинардың жағымды жағы ретінде сауалнамаға қатысушылар теория мен практиканың өзара байланысын (2%), тұжырымдамалар (1%), критериалды бағалау (қалыптастырушы және жиынтық) (1%), АКТ қолдану (1%), оқу мақсаттары (1%) туралы мәселелерді қарастырғанын атап өтті. Сауалнамаға қатысушылардың 2%-ы оқытудың ойын әдістері, ресурстарды, құндылықтарды пайдалану, топтық жұмыс, оқу бағдарламасының құрылымы мен ерекшеліктері, оқыту практикасын жақсарту туралы мәселелерді ерекше атап өтті.

Ауылдық мектептердің мұғалімдерін ресурстық және әдістемелік қолдау мақсатында Білім беру бағдарламалары орталығы бастауыш мектеп пәндері, жаратылыстану-математика, қоғамдық-гуманитарлық және тіл бағытындағы пәндер бойынша қазақ және орыс тілдерінде әдістемелік нұсқаулықтар мен оқу құралдарын басып шығарып, мектептерге табыстады. Жалпы табысталған оқу құралдарының саны 84 болды.

Зияткерлік мектептер қабырғасында тірек мектептердің мұғалімдерінің тағылымдамасы

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап өңірлердегі Назарбаев Зияткерлік мектептерінің қабырғасында барлық пән мұғалімдері үшін қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ жобаға қатысатын тірек мектептердің әкімшілік-басқару қызметкерлері үшін (бұдан әрі – ӘБҚ) оқу үдерісі мен тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша тағылымдамадан өтудің оқу бағдарламасы басталды.

Тірек мектептердің педагогикалық кадрларын әдістемелік қолдау мен тағылымдамадан өткізуді жүйелі ұйымдастыру үшін педагогтердің кәсіби қажеттіліктері мен сұраныстары бойынша 17 бағдарлама мен тағылымдама жоспары әзірленді.

Тағылымдамаға қатысушылардың жалпы саны **883** адам болды, бұл пән мұғалімдері мен тірек мектептердің ӘБҚ жалпы санының 79%-ын құрайды, оның ішінде **817-сі (80 %)** – пән мұғалімдері, **66-сы (65%)** – мектептердің ӘБҚ.

Тағылымдама бағдарламасы ашық сабақтар, шеберлік сабақтар, оқу семинарлары, оқыту семинар-тренингтері, практикумдар және педагогтар үшін де, тірек мектептердің ӘБҚ үшін де дөңгелек үстел форматында әдістемелік іс-шаралар өткізуден тұрды. Осылайша, педагогтар үшін барлығы **1 273** әдістемелік оқу іс-шарасы өткізілді.

Пән мұғалімдері үшін барлығы 1 169 (91,8%) іс-шара өткізілді, оның ішінде:

сабақтар	шеберлік сабақтар	практикумдар	семинарлар	дөңгелек үстелдер
639	223	76	214	17

ӘБҚ үшін барлығы 104 (8,1 %) іс-шара өткізілді, оның ішінде:

шеберлік сабақтар	практикумдар	семинарлар	дөңгелек үстелдер
29	19	45	11

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының мұғалімдеріне:

• жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша 272, оның

ішінде: математикадан – 64, физикадан – 55, химиядан – 43, биологиядан – 50, робототехника және информатикадан – 60 сабақ;

- қоғамдық-гуманитарлық және кешенді-эстетикалық бағыттағы пәндерден – 352, оның ішінде: қазақ тілінен – 71, орыс тілінен – 53, ағылшын тілінен – 61, Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихынан – 47, дене шынықтырудан – 42, өнерден – 39, географиядан – 35, АӘД-ден – 4 сабақ;

- бастауыш сынып пәндері бойынша 15 сабақ өткізілді.

Шеберлік сабақтар, семинарлар, тренингтер мен практикумдардың тақырыптары мұғалімдердің кәсіби дамуының, мектепте оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастырудың, инновациялық кітапханаларды енгізудің, мектепті басқару мен дамытудың өзекті мәселелерін көтерді, атап айтқанда:

- оқу мен оқытудың заманауи тәсілдері;
- сабақты тиімді жоспарлау;
- сабақтарда критериялы бағалауды қолдану;
- мұғалімнің практикасындағы зерттеулер;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын және шығармашылық жобаларды дамыту, олимпиадаларға қатысу бойынша дарынды оқушылармен жұмыс;
- оқушылардың функционалдық, оқу, математикалық сауаттылығын дамыту;
- мектепішілік бақылауды ұйымдастыру;
- оқу үдерісін ұйымдастыруда және мектепті басқаруда цифрлық технологияларды қолдану;
- мектептің дамуын стратегиялық жоспарлау.

4-, 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мен «Білім беруді тұрақты дамыту Қоры» ҚҚ арасында жасалған 2022 жылғы 20 қазандағы №178 шартты жүзеге асыру

аясында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету мақсатында еліміздің 17 ауылдық мектебінің 4-ші және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізілді (бұдан әрі – мониторинг).

Мониторингтің мақсаты оқушылардың білімі мен дағдыларының өзекті деңгейін анықтау және оқытуда жеке педагогикалық қолдау көрсету болып саналады.

Мониторингті ұйымдастыру және жүргізу үдерісі мынадай кезеңдерден тұрды:

- 1) тест тапсырмаларын әзірлеу, сараптау және оқу;
- 2) тапсырмаларды ТАО (Testing Assisté par Ordinateur) компьютерлік тестілеу жүйесіне жүктеу;
- 3) мектептер үшін қазақ әрі орыс тілдерінде мониторингті ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықты дайындау;
- 4) мектеп басшыларына нұсқау беру;
- 5) мониторинг жүргізгенге дейін және жүргізу барысында онлайн-режимде қолдау көрсету;
- 6) мектептерге мониторингтен өту үшін сілтемелерді жіберу;
- 7) ТАО платформасында онлайн форматта мониторинг жүргізу;
- 8) оқушылардың жеке егжей-тегжейлі есептеріне және мектептер бойынша сынып деңгейіндегі егжей-тегжейлі есептерге арналған шаблондар дайындау;
- 9) деректерді өңдеу, мектептер бойынша есептерді қалыптастыру және жолдау;
- 10) мониторинг қорытындысы бойынша есептік таныстырылым дайындау.

2022 жылғы 14-18 қараша аралығында ТАО платформасында онлайн форматта мониторинг жүргізілді.

Пәндер тізімі және мониторинг жүргізу мерзімдері

Сыныбы	Пән атауы	Мерзімдері
4	Математика	2022 жылғы 14 қараша
	Қазақ тілі (Т1)	2022 жылғы 15 қараша
	Орыс тілі (Я1)	2022 жылғы 15 қараша
	Жаратылыстану, Дүниетану	2022 жылғы 16 қараша
8	Математика	2022 жылғы 14 қараша
	Қазақ тілі (Т1)	2022 жылғы 14 қараша
	Орыс тілі (Я1)	2022 жылғы 14 қараша
	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	2022 жылғы 15 қараша
	Орыс тілі мен әдебиеті (Я2)	2022 жылғы 15 қараша
	Ағылшын тілі	2022 жылғы 15 қараша
	Химия	2022 жылғы 16 қараша
	Биология	2022 жылғы 17 қараша
	Физика	2022 жылғы 18 қараша

Әр пән бойынша тестілер жауабының бірнеше нұсқасы бар 20 сұрақтан тұрды, онда оқушыларға бір дұрыс жауапты таңдау ұсынылды. Тест тапсырмасының әрбір сұрағының бағалау критерийі бар, ол оқушылардың біліміне, дағдылары мен қабілеттеріне деген бірдей талаптарды және оларға ұсыныстарды қамтамасыз етеді.

Мониторинг жүргізу үшін барлық пән бойынша барлығы 220 тест тапсырмасы әзірленіп, сараптамадан өтті.

Мониторинг қорытындысы бойынша:

- оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі бойынша оқушылардың нәтижелері туралы жеке егжей-тегжейлі есептер;
- сынып деңгейіндегі егжей-тегжейлі есептер дайындалды.

Сонымен қоса мониторингті ұйымдастыру және өткізу бойынша үйлестіру жұмыстары жүргізілді, оның барысында мектептерге мониторингті ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық берілді (1-қосымшаны қараңыз).

Ауылдық 17 мектептің әкімшілігі үшін мониторингті ұйымдастыру және өткізу бойынша онлайн нұсқаулық берілді (2-қосымшаны қараңыз).

Мониторингке ауылдық 17 мектептен – 2 565 оқушы, оның ішінде: 4-сыныптан – 1 392 оқушы (1 154 – қазақ тілінде, 238 – орыс тілінде) және 8-сыныптан 1 173 оқушы (1 015 – қазақ тілінде, 158 – орыс тілінде) қатысты (келесі кестелерді қараңыз).

4-сынып оқушыларының контингенті

№	Мектеп	Барлығы 4-сынып	Пәндер			Жаратылыстану ғылымдары
			Математика	Қазақ тілі	Орыс тілі	
1	Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл орта мектебі» ҚММ	60	60	35	25	60
2	Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, «Ақсай қаласының №5 жалпы орта білім беретін мектебі» ҚММ	82	73	26	46	70
3	Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» ҚММ	161	159	159	-	159
4	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы, «№1 тірек мектебі (ресурстық орталық)» ҚММ	51	38	48	1	43
5	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы, «№4 Ертіс жалпы орта білім беретін мектебі» ҚММ	38	37	8	29	38
6	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, «Күйкен жалпы білім беретін мектебі» ҚММ	184	182	183	-	182
7	Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар Есмұрат Сижымов атындағы орта мектебі» ҚММ	44	44	44	-	44
8	Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Марқакөл ауылы, «№1 Марқакөл орта мектебі» ҚММ	36	34	29	6	33
9	Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, «Ө. Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернаты» ҚММ	79	79	79	-	79
10	Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі» (ресурстық орталығы) ҚММ	36	36	36	-	36
11	Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектеп» ҚММ	242	237	240	-	238
12	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сафон ауылы, «Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектеп» ҚММ	33	32	31	-	32
13	Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл ауылы, «№1 Урицкий жалпы білім беретін мектеп» ҚММ	30	30	-	30	30
14	Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» ҚММ	95	94	94	-	94
15	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылы, «Бестамақ орта мектебі» ҚММ	90	89	83	7	90
16	Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудақент ауылы, «Балтабай Адамбаев атындағы тірек орта мектебі (ресурстық орталық)» ҚММ	78	78	45	33	78
17	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл ауылы, «Досов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» ҚММ	53	52	-	50	52
Барлығы		1 392	1 354	1 140	227	1 358

8-сынып оқушыларының контингенті

№	Мектеп	Барлығы 8-сынып	Пәндер								
			Математика	Қазақ тілі (Т1)	Орыс тілі (Я1)	Қазақ тілі (Т2)	Орыс тілі (Я2)	Ағылшын тілі	Биология	Химия	Физика
1	Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар №2 Кішкенекөл орта мектебі» КММ	48	48	35	13	13	35	48	48	48	48
2	Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, «Ақсай қаласының №5 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	66	63	28	36	35	28	64	64	63	61
3	Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» КММ	115	110	114	-	115	-	114	115	115	111
4	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы, «№1 тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ	30	30	30	-	-	29	29	29	30	29
5	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы, «№4 Ертіс жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	43	43	11	32	32	11	42	42	42	43
6	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, «Күйкен жалпы білім беретін мектебі» КММ	145	137	137	-	-	137	136	137	139	140
7	Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар Есмұрат Сіқымов атындағы орта мектебі» КММ	37	34	-	-	-	34	33	32	33	33
8	Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Марқакөл ауылы, «№1 Марқакөл орта мектебі» КММ	31	28	25	4	4	26	30	30	30	29

№	Мектеп	Барлығы 8-сынып	Пәндер							Химия	Физика
			Математика	Қазақ тілі (Т1)	Орыс тілі (Я1)	Қазақ тілі (Т2)	Орыс тілі (Я2)	Ағылшын тілі	Биология		
9	Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, «Ө. Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернаты» КММ	94	92	92	-	-	91	91	92	92	90
10	Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі» (ресурстық орталығы) КММ	33	33	33	-	-	33	33	33	31	33
11	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектеп» КММ	213	185	201	-	-	202	200	202	194	192
12	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сафон ауылы, «Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектеп» КММ	31	29	30	-	-	30	29	29	28	28
13	Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл ауылы, «№1 Урицкий жалпы білім беретін мектеп» КММ	19	18	-	18	19	-	19	19	19	18
14	Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ	101	97	97	-	-	96	95	96	97	94
15	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылы, «Бестамақ орта мектебі» КММ	54	53	51	2	2	51	51	52	52	53
16	Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудақент ауылы, «Балтабай Адамбаев атындағы тірек орта мектебі (ресурстық орталық)» КММ	80	77	60	13	17	60	75	76	76	75
17	Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Қатаркөл ауылы, «Досов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ	33	33	-	33	33	-	33	33	32	33
Барлығы		1 173	1 110	944	151	155	978	1 122	1 129	1 121	1 110

Мониторинг қорытындысы бойынша 11 899 жеке егжей-тегжейлі есеп және сынып деңгейінде 226 егжей-тегжейлі есеп дайындалды.

Әрбір пән бойынша жеке егжей-тегжейлі есеп оқушының жеке басына қатысты мәліметтерді, бөлімдер, тақырыптар, бағалау критерийлері, тексерілетін дағдылар, жауап мәртебесі және әрбір тапсырманың орындалу сипаттамасы бойынша оқушының нәтижелері туралы егжей-тегжейлі ақпаратты қамтиды (3-қосымшаны қараңыз).

Сыныптар бойынша, әр пән бойынша мектеп деңгейіндегі егжей-тегжейлі есепте қатар сыныптарда оқитын оқушылардың жеке басына қатысты мәліметтерден, бөлім, тақырып, бағалау критерийі, тексерілетін дағдылар, тапсырманы бағалау критерийі және орындалу пайызы, сондай-ақ барлық оқушылардың осы тапсырмаларды тексеретін сипаттамасы мен әр тапсырманың орындалу сапасы туралы жалпыланған мәліметтерден тұрады (4-қосымшаны қараңыз).

Бұл есептерді әр пән бойынша оқушылардың нәтижелеріне сапалы және сандық талдау жүргізу, одан әрі жұмысты ұйымдастыру және оқушылардың өзекті білімдері мен дағдыларының деңгейін арттыру үшін пайдалануға болады.

Мониторинг қорытындысы бойынша пәндер, сыныптар, аудандар, оқу тілі


бөлінісінде оқушылардың нәтижелерімен есепті таныстырылым дайындалды, онда пәндер арасындағы корреляциялық талдау, мониторинг нәтижелері, әрбір пән бойынша бағалау критерийлері және оқушылар төмен нәтиже көрсеткен сұрақтарға ұсыныстар көрсетілді. Сонымен қатар оқу тілі мен тапсырмалар бөлінісіндегі мониторинг нәтижелері мен ағымдағы бағалау нәтижелерінің (тоқсанға жиынтық бағалау) салыстырмалы талдауы жасалды.

Мониторинг нәтижелерін талдау

Мониторинг қорытындысы бойынша оқушылардың нәтижелері классикалық (TIA Plus) тест теориясының көмегімен статистикалық өңдеуден және психометриялық талдаудан өтті, онда әрбір оқушының нәтижелері оқудың табыстылық траекториясын қадағалауға және есеп беру арқылы уақытылы қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін қабілеттер шкаласына бөлінді.

4-сынып оқушыларының мониторинг нәтижелерін талдау

«Жаратылыстану» және «Математика» пәндері бойынша 4-сынып оқушыларында жоғары нәтижелер байқалды, «Қазақ тілі (T1)»/«Орыс тілі (T1)» бойынша оқушылардың нәтижелері салыстырмалы түрде төмен болды (келесі диаграмманы қараңыз).



Тапсырмаларды орындаудың пайыздық көрсеткіші

Қазақ тілінде оқитын оқушылардың нәтижелері, диаграммада көрініп тұрғандай, «Жаратылыстану» және «Математика» пәндері бойынша орыс тілінде оқитын оқушылардың нәтижелерінен сәл жоғары.



Оқу тілі бойынша тапсырмаларды орындаудың пайыздық көрсеткіші

Мектептер мен пәндер бойынша тапсырмаларды орындаудың орташа пайыздық көрсеткіші төмендегі кестеде көрсетілген.

Мектептер мен пәндер бойынша тапсырмаларды орындаудың орташа пайыздық көрсеткіші

№	Мектеп	Пәндер			
		математика	қазақ тілі	орыс тілі	жаратылыс-тану
1	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл ауылы, «Досов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ	43,9	-	48,9	57,1
2	Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, «Ақсай қаласының №5 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	44,2	26,9	43,5	49,9
3	Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар Есмұрат Сиқымов атындағы орта мектебі» КММ	45,5	38,9	-	50,8
4	Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, «Ө. Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернаты» КММ	47,2	43,9	-	56,5
5	Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар №2 Кішкенекөл орта мектебі» КММ	47,9	51,7	50,8	64,4
6	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сафон ауылы, «Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектеп» КММ	52,3	38,9	-	50,6
7	Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласының «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ	52,8	33,2	-	48,4
8	Ақтөбе облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ	59,3	51,9	65,0	65,2
9	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, «Күйкен жалпы білім беретін мектебі» КММ	59,4	54,7	-	69,3
10	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы, «№4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» КММ	62,6	35,0	62,2	58,6

11	Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектеп» КММ	62,7	48,1	55,3	74,9
12	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы, «№1 тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ	62,9	52,6	55,0	64,7
13	Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл ауылы, «№1 Урицкий жалпы білім беретін мектеп» КММ	67,3	-	64,0	63,5
14	Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудакент ауылы, «Балтабай Адамбаев атындағы тірек орта мектебі (ресурстық орталық)» КММ	72,1	-	55,0	68,3
15	Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Марқакөл ауылы, «№1 Марқакөл орта мектебі» КММ	72,6	46,9	76,7	74,2
16	Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ	77,2	55,3	-	80,0
17	Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» КММ	78,9	52,1	-	72,2
Орташа пайыздық көрсеткіші		60,5	48,1	53,9	65,2

Математика

«Математика» пәні бойынша тапсырмалардың орындалуының орташа пайыздық көрсеткіші 60,5%-ды құрайды. Тапсырмаларды орындаудың пайыздық көрсеткішіне сәйкес жасалған мектептердің рейтингісі негізінде Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласының «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» КММ-і ең үздік нәтиже көрсетсе, ал Жетісу облысы, Ақсу ауданындағы «Мектеп жанындағы интернаты бар Есмұрат Сикымов атындағы орта мектеп» КММ-і мен Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының «№5 жалпы білім беретін мектебі» КММ-і мектептер арасында ең төмен нәтижелерді көрсеткен.

Қорытынды

Оқушылар:

- өлшем бірліктерді түрлендіру;
- заңдылығын анықтау;
- сандар арасындағы әрекеттерді орындау тапсырмаларын жақсы орындады.
- Оқушылар үшін мына тапсырмалар қиын болды:
 - берілген бөлік бойынша санды анықтау;
 - жиындар және санау әдісі.

Ұсыныстар

Оқушылармен жұмыс істеу барысында:

- комбинаторлық есептерді шешудің әртүрлі әдістеріне назар аудару керек;

• Эйлер-Венн диаграммасынан немесе графиктен алынған деректерді пайдалана отырып, оқушылардың қарапайым және құрама есептерді шешу дағдыларын дамыту қажет.

Ұсыныстар

Оқушылармен жұмыс істеу барысында:

- комбинаторлық есептерді шешудің әртүрлі әдістеріне назар аудару керек;
- Эйлер-Венн диаграммасынан немесе графиктен алынған деректерді пайдалана отырып, оқушылардың қарапайым және құрама есептерді шешу дағдыларын дамыту қажет.

Жаратылыстану

«Жаратылыстану» пәні бойынша тапсырмаларды орындаудың орташа көрсеткіші 65,2%-ды құрайды және бұл математикадағы көрсеткіштен 4,7% жоғары. Тапсырмаларды орындаудың пайыздық көрсеткішіне сәйкес жасалған мектептердің рейтингісі негізінде Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталығы)» КММ ең үздік нәтиже көрсетсе, ал Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданының «Ақсай қаласының №5 жалпы білім беретін мектебі» КММ-і және Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласының «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ қатысқан мектептер арасында ең төмен нәтижелерді көрсетті.

Қорытынды

Оқушылар:

- тірі ағзалар арасындағы қарым-қатынас түрлеріне;
- ауаны тазартуға;
- шөпқоректі және етқоректі жануарларды анықтауға қатысты тапсырмаларды орындай алды.

Оқушылар үшін:

- бунақденелілердің тіршілік кезеңіне;
- тәжірибені жоспарлауға;
- желдің қозғалыс бағытын анықтауға;
- қоректік тізбектегі ағзалардың рөліне;

- ландшафты қорғау жолдарын анықтауға қатысты тапсырмаларды орындау қиын болды.

Ұсыныстар

Оқушыларда тәжірибені өз бетінше жоспарлау дағдысын дамыту қажет.

Оқушылармен жұмыс кезінде зерттеуге тиіс нәрселер:

- ландшафты қорғау тәсілдері;
- қоректік тізбектегі ағзалардың рөлі;
- атмосферадағы жылы және суық ауаның қозғалысы;
- толық және толық емес түрленіп дамитын бунақденелілер арасындағы айырмашылықтар.

Қазақ тілі

«Қазақ тілі» пәнінен тапсырмалардың орташа орындалу пайызы 48,1%-ды құрайды. Оқушылардың нәтижелерін талдау негізінде Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ жоғары нәтиже көрсетсе, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Ақсай қаласының №5 жалпы орта білім беретін мектебі» мен Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ төмен нәтиже көрсеткен.

Қорытынды

Оқушылар:

- мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну;
- тілдік бірліктердің қолданысын анықтау;
- мәтіндегі сөздердің мағынасын анықтау тапсырмаларын орындауда жақсы нәтиже көрсетті.

Оқушыларға:

- құрылымдық байланысты түсіну;
- ақпаратты анықтау;
- негізгі ойды пайымдау;
- мәтін жанрын анықтау тапсырмаларын орындау біршама қиындық тудырған.

Ұсыныстар

• Зерттеп оқу түрін қолданып, қажетті мәліметтерді, маңызды ақпараттарды ажырата білуге және автордың түйінді ойын түсінуге баса назар аудару керек;

• жанр түрлерінің ерекшелігін еске түсіру және мәтіннің стиліне назар аудару қажет.

Орыс тілі

«Орыс тілі» пәні бойынша тапсырмалардың орындалуының орташа пайыздық көрсеткіші 53,9%-ды құрайды. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының «№1 Марқакөл орта мектебі» КММ-нің 4-сынып оқушылары орыс тілі бойынша жоғары біліктілік деңгейін көрсетіп, ең жоғары көрсеткішке ие болды. Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл ауылының «Досов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің оқушылары салыстырмалы түрде төмен нәтиже көрсетті. Ең төменгі нәтижені Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы «Ақсай қаласының №5 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің 4-сынып оқушылары көрсетті.

Қорытынды

Оқушылар автордың мәтін тақырыбына, жанрына, сөздің лексикалық мағынасына, автордың идеясына, мәтіннің мақсатына қатынасын анықтауға арналған тапсырмаларды жақсы орындады.

Оқушылар:

- мәтіннің мазмұнын түсінуді, ұғынуды;
- мәтіннің негізгі ойын анықтауды талап ететін тапсырмалар қиын болды.

Ұсыныстар


Қажетті әрекеттер:

- оқудың кіріспе (негізгі ақпаратты бөліп көрсете отырып, мазмұнды жалпы қамту арқылы оқу) және зерделеу (мазмұнын толық түсіну, мәнін, қажетті ақпаратты ала білу) сияқты түрлеріне аса мән беру;
- қажетті ақпаратты табу және алу дағдыларын қолдану;
- тірек сөздерді/сөз тіркестерін бөліп көрсету;
- мәтінмен жұмыс істеу кезінде қосалқы мәліметтерді елеместен тек негізгі ақпаратқа назар аудару.

Мониторинг қорытындысы бойынша 8-сынып оқушыларының нәтижелерін талдау


Салыстырмалы түрде алып қарағанда, 8-сынып оқушылары «Русский язык (Я2)»,

«Қазақ тілі (Т2)», «Қазақ тілі (Т1)» және «Биология» пәндерінен жоғары нәтиже көрсетті, ал «Ағылшын тілі» және «Химия» пәндері бойынша көрсеткіштер салыстырмалы түрде төмен болды.



Тапсырмаларды орындаудың пайыздық көрсеткіші

Орыс тілінде оқитын оқушылардың нәтижелері математика (1,1%) және физика (1,4%), ағылшын тілі (5,6%), химия (5,8%) және биология (10,8%) пәндері бойынша қазақ тілінде оқитын оқушылардың нәтижелерінен сәл жоғары болды.



Оқу тілі бойынша тапсырмаларды орындаудың пайыздық көрсеткіші

Мектептер мен пәндер бойынша тапсырмаларды орындаудың орташа пайыздық көрсеткіші келесі кестеде көрсетілген.

Мектептер мен пәндер бойынша тапсырмаларды орындаудың орташа пайыздық көрсеткіші

№		Мектеп	Пәндер							Физика	Биология	Химия
			Математика	Қазақ тілі (Т1)	Орыс тілі (Т1)	Қазақ тілі (Т2)	Орыс тілі (Т2)	Ағылшын тілі				
1	Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Қатаркөл ауылы, «Досов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ		46,2	-	46,7	53,6	-	49,5	70,9	59,1	59,1	
2	Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, «Ақсай қаласының №5 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ		40,2	41,1	57,1	47,3	58,4	54,7	56,5	45,4	41,8	
3	Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар Есмұрат Сиқымов атындағы орта мектебі» КММ		39,0	-	-	-	48,4	35,6	46,1	28,3	41,2	
4	Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, «Ө. Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернаты» КММ		34,7	48,3	-	-	44,8	37,2	39,5	37,9	31,5	
5	Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар №2 Кішкенекөл орта мектебі» КММ		45,0	54,3	45,8	52,7	59,6	43,0	56,8	39,9	34,5	
6	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сафон ауылы, «Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектеп» КММ		53,4	36,7	-	-	50,7	34,8	28,1	48,6	45,5	
7	Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ		46,1	42,2	-	-	63,3	45,6	44,3	37,0	41,7	

8	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылы, «Бестамақ орта мектебі» КММ	33,6	41,3	30,0	45,0	57,0	42,7	43,	51,8	48,9
9	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, «Күйкен жалпы білім беретін мектебі» КММ	51,6	48,9	-	-	43,3	44,8	39,60	58,	59,0
10	Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы, «№4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» КММ	40,9	35,50	43,8	-	50,0	38,9	40,8	55,6	57,7
11	Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, «Мектеп жанындағы интернаты бар Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектеп» КММ	43,0	61,0	-	-	75,9	41,3	61,2	47,6	43,2
12	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы, «№1 тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ	62,7	49,3	-	46,9	41,7	40,5	43,3	47,1	76,2
13	Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл ауылы, «№1 Урицкий жалпы білім беретін мектеп» КММ	78,6	-	58,1	79,2	-	61,8	69,5	38,6	48,2
14	Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудақент ауылы, «Балтабай Адамбаев атындағы тірек орта мектебі (ресурстық орталық)» КММ	61,0	51,9	35,8	41,8	64,1	37,9	52,0	56,4	42,6
15	Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Марқакөл ауылы, «№1 Марқакөл орта мектебі» КММ	73,0	60,4	58,8	90,0	69,8	44,3	44,3	56,9	41,3
16	Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ	59,7	54,2	-	-	63,2	42,4	63,6	46,4	42,7
17	Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» КММ	37,2	48,3	-	-	54,0	43,2	51,4	37,1	31,1
Орташа пайыздық көрсеткіші		46,3	50,5	49	53,4	58,2	42,9	50,1	46,8	44,5

Математика

«Математика» пәні бойынша тапсырмалардың орындалуының орташа пайыздық көрсеткіші 46,3%-ды құрайды. Тапсырмаларды орындаудың пайыздық көрсеткішіне сәйкес жасалған мектептердің рейтингісі негізінде Қостанай облысы, Сарыкөл ауданының «№1 Урицкий орта мектебі» КММ үздік нәтижелер көрсетсе, ал Түркістан облысы, Отырар ауданының «Ө. Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернаты» КММ және Ақтөбе облысы, Алға ауданының «Бестамақ орта мектебі» КММ ең төмен нәтижелерді көрсетті.

Қорытынды

Оқушылар келесі тапсырмаларды жақсы орындады:

- үшбұрыштардың теңдік белгілерін қолдану;
- қысқартылған көбейту формулаларын қолдану.

Оқушылар үшін келесі тапсырмалар қиынырақ болды:

- көпбұрыштардың қасиеттері;
- Фалес теоремасы мен үшбұрыштың бұрыштарының қосындысы туралы теореманы қолдану;
- функцияның қасиеттерін анықтау;
- квадрат түбірдің мәнін бағалау.

Ұсыныстар

Қажетті әрекеттер:

- негізгі ұғымдар мен терминдер туралы түсінік қалыптастыруға назар аудару;
- оқушыларда бұрыштардың, түзулер мен көпбұрыштардың қасиеттерін қолдануға арналған қарапайым және құрама геометриялық есептерді шешу, квадрат түбірдің мәндерін бағалауға арналған есептерді шешу дағдыларын дамыту.

Қазақ тілі (Т1)

«Қазақ тілі» пәнінен тапсырмалардың орындалуының орташа пайызы 50,5%-ды құрайды. Оқушылардың нәтижелерін талдау негізінде «Алматы облысы, Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектебі» КММ жоғары нәтиже көрсетсе, «Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің «№4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» КММ мен «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектебі» КММ төмен нәтиже көрсеткен.

Қорытынды

Оқушылар мынадай тапсырмаларды орындауда жақсы нәтиже көрсетті:

- қажетті ақпаратты табу;
- сөздердің мағынасын анықтау;
- мәтіннің жанрын анықтау;
- құрылымдық бөліктерін ажырату.

Оқушыларға мынадай тапсырмаларды орындау біршама қиындық тудырған:

- перефраз түріндегі ақпараттарды анықтау;
- ақпараттарды салыстыру.

Ұсыныстар

Мәтіндегі кез келген ақпаратты анықтай алу үшін іздеп оқу, зерттеп оқу, талдап оқу арқылы мазмұнды толық түсіну қажет;

- ұқсас ақпараттарды салыстыра отырып, дұрыс интерпретациялау үшін автордың түйінді ойын әрдайым ескеру қажет;
- ақпараттарды талдау, салыстыру және талдау негізінде қорытынды жасау сияқты дағдыларды дамытып отыру керек.

Қазақ тілі (Т2)

«Қазақ тілі (екінші тіл)» пәнінен тапсырмалардың орташа орындалу пайызы 53,4%-ды құрайды. Оқушылардың нәтижелерін талдау негізінде Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің «№4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» КММ жоғары нәтиже көрсетсе, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Сарыкөл ауданы білім бөлімінің №1 Урицкий жалпы білім беретін мектебі» КММ төмен нәтиже көрсеткен.

Қорытынды

Оқушылар келесі тапсырмаларды орындауда жақсы нәтиже көрсеткен:

- мәтіннің мазмұны мен идеясын түсініп, жалпы ақпаратты анықтау;
- ақпарат негізінде қорытынды жасау;
- мазмұн мен құрылымға қатысты тапсырмаларды орындау.

Оқушылар келесі дағдыларға қатысты төмен нәтиже көрсеткен:

- тақырыптар бойынша сөздік қордың жеткіліксіздігі;
- ауыспалы мағынада берілген толық ақпараттарды анықтау.

Ұсыныстар

Мәтінді зерттеп оқу, талдап оқу тәсілдерін қолдана отырып, сөйлемдердің,

сөздердің мағыналық ерекшеліктеріне назар аудару керек

- толық ақпаратты дұрыс анықтау үшін автордың негізгі ойын танытатын тірек сөздерге назар аударып, сол бойынша түйінді ойды анықтауға дағдыландыру қажет.

Орыс тілі (T1)

«Орыс тілі» пәні бойынша тапсырмалардың орындалуының орташа пайыздық көрсеткіші 53,9%-ды құрайды. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының «№1 Марқакөл орта мектебі» КММ-нің 4-сынып оқушылары орыс тілі бойынша жоғары деңгей көрсетіп, ең жоғары көрсеткішке ие болды. Ақтөбе облысы, Алға ауданы «Бестамақ орта мектебі» КММ оқушылары салыстырмалы түрде төмен нәтиже көрсетті.

Қорытынды

Оқушылар келесі тапсырмаларды жақсы орындады:

- мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну;
- мәтіндегі көркемдік құралдарды, оның стилін, түрін, жанрын анықтау;
- жасырын ойды анықтау.

Оқушылар үшін келесі тапсырмалар қиын болды:

- мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты анықтау;
- мәліметті оқыған соң негізгі ойды түсіну және тұжырымдау.

Ұсыныстар

Қажетті әрекеттер:

- нақты ақпаратты табу және алу дағдысын дамыту: мәтіндегі тірек сөздерді/сөз тіркестерін бөлектеу;
- мәтінде берілген мәліметті жауап нұсқаларындағы ақпараттармен салыстыру дағдысын жетілдіру;
- мәтінмен жұмыс істеу кезінде қосалқы мәліметтерді елеместен тек негізгі ақпаратқа назар аудару.

Орыс тілі (T2)

«Орыс тілі» пәні бойынша тапсырмалардың орындалуының орташа пайыздық көрсеткіші 58,2%-ды құрайды. Ұлытау облысы, Ұлытау ауданының «№1 тірек мектебі» КММ орыс тілі бойынша жоғары біліктілік деңгейін көрсетіп, ең жоғары көрсеткішке ие болды. Жетісу облысы, Ақсу ауданының «Мектеп жанындағы интернаты бар Есмұрат Сиқымов атындағы орта мектебі» КММ-нің

оқушылары салыстырмалы түрде төмен нәтиже көрсетті.

Қорытынды

Оқушылар келесі тапсырмаларды жақсы орындады:

- мәтіннің стилистикалық ерекшеліктеріне сәйкес жанрын анықтау;
- толық мәтіннен егжей-тегжейлі ақпаратты ұғыну.

Оқушылар үшін келесі жоғары деңгейдегі тапсырмалар қиын болды:

- мәтіннің негізгі ойын түсіну;
- мәтіннің қосалқы мәліметін түсіну.

Ұсыныстар

Қажетті әрекеттер:

- әртүрлі жанрлар мен стильдегі мәтіндердегі тірек сөздерді бөліп көрсету;
- негізгі ойды кілт сөздер бойынша анықтау (толықтығы, сенімділігі, түсініктілігі, қолжетімділігі, құндылығы);
- құбылыстардың егжей-тегжейлі сипаттамалары, түсіндірмелері, дәлелдері, негіздемелері арқылы көрсетілуі мүмкін тірек сөздер бойынша қосалқы мәліметті анықтау.

Ағылшын тілі

«Ағылшын тілі» пәні бойынша тапсырмалардың орындалуының орташа пайыздық көрсеткіші 42,9%-ды құрайды. Қостанай облысы, Сарыкөл ауданының «№1 Урицкий жалпы білім беретін мектебі» КММ пән бойынша жоғары біліктілік деңгейін көрсетіп, ең жоғары көрсеткішке ие болды. Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сафон ауылының «Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектебі» КММ оқушылары салыстырмалы түрде төмен нәтиже көрсетті.

Қорытынды

Оқушылар келесі тапсырмаларды жақсы орындады:

- бейтаныс тақырыптар бойынша мәтіннің жалпы идеясын түсіну;
- бағдарламаның белгілі бір тақырыптары бойынша қысқа мәтіндердегі жалпы мағынаны түсіну.

Оқушылар үшін келесі тапсырмалар қиын болды:

- мәтіндегі нақты және белгілі бір ақпаратты ұғыну;
- автордың көзқарасы мен пікірін анықтау;
- мәнмәтін бойынша мағынаны анықтау.

Ұсыныстар

Қажетті әрекеттер:

- мәтіндегі нақты ақпаратты іздей отырып, тапсырмалардың орындалуына назар аудару;
- мәтіндегі эмоционалды бояу бойынша автордың пікірі мен көзқарасын анықтау дағдыларын жетілдіру;
- мәнмәтін бойынша бейтаныс лексикалық бірліктердің мағынасын анықтау дағдыларын дамыту.

Физика

«Физика» пәні бойынша тапсырмалардың орындалуының орташа пайыздық көрсеткіші 46,8%-ды құрайды. Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл ауылының «Досов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ пән бойынша жоғары біліктілік деңгейін көрсетіп, ең жоғары көрсеткішке ие болды. Жетісу облысы, Ақсу ауданының «Мектеп жанындағы интернаты бар Есмұрат Сиқымов атындағы орта мектебі» КММ-нің оқушылары салыстырмалы түрде төмен нәтиже көрсетті.

Қорытынды

Оқушылар келесі тапсырмаларды жақсы орындады:

- температураны әртүрлі шкаламен көрсету;
- Күн жүйесінің объектілерін жүйелеу;
- заттардың агрегаттық күйлері арасындағы ауысулардың сипаттамасы.

Оқушылар үшін келесі тапсырмалар қиын болды:

- температураның уақытқа графикалық тәуелділігін талдау;
- энергияның сақталу және айналу заңын зерттеу;
- есептерді шешу үшін тиісті формулаларды қолдану.

Ұсыныстар

Оқушылармен жұмыс жасау барысында:

- нақты тұрмыстық жағдайлармен байланысты тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды орындау;
- график пен кестелердегі мәліметтерді қолдана отырып, қарапайым және күрделі есептерді шешу;
- физикалық шаманың өлшем бірліктерін ХБ-ге аудару.

Химия

«Химия» пәні бойынша тапсырмалардың орындалуының орташа пайыздық көрсеткіші 44,5%-ды құрайды. Ұлытау облысы, Ұлытау ауданының «№1 тірек мектебі» КММ пән бойынша жоғары біліктілік деңгейін көрсетіп, ең жоғары көрсеткішке ие болды. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласының «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» КММ оқушылары салыстырмалы түрде төмен нәтиже көрсетті.

Қорытынды

Оқушылар келесі тапсырмаларды жақсы орындады:

- «Жердің озон қабаты» тіркесінің мағынасын түсіндіру;
- «нөлдік қосынды» әдісімен қосылыстың формуласын құру;
- көмірқышқыл газының көміртекті отын оттеkte жанған кезде түзілетінін түсіну.

Оқушылар үшін келесі тапсырмалар қиын болды:

- эксперимент нәтижелері бойынша металдар белсенділігінің қатарларын әзірлеу;
- оттектің қасиеттерін зерттеу және қолдану;
- қалыпты жағдайда газдардың көлемін есептеу үшін молярлық көлемді пайдалану.

Ұсыныстар

Оқушылармен жұмыс жасау барысында:

- оттектің химиялық қасиеттерін және оны алу, қолдану тәсілдерін зерттеуге;
- металдардың белсенділік қатарын қолдана отырып, тәжірибе нәтижелері бойынша металдардың орынбасу реакцияларының барысын болжауға назар аудару керек.

Биология

«Биология» пәні бойынша тапсырмалардың орындалуының орташа пайыздық көрсеткіші 50,1%-ды құрайды. Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл ауылының «Досов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ пән бойынша жоғары біліктілік деңгейін көрсетіп, ең жоғары көрсеткішке ие болды. Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сафон ауылының «Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектебі» КММ оқушылары салыстырмалы түрде төмен нәтиже көрсетті.

Қорытынды

Оқушылар келесі тапсырмаларды жақсы орындады:

- генетикалық материалдың рөлін сипаттау;
- саңырауқұлақтардың айрықша белгілері;
- өсімдіктердің жыныссыз және жыныстық көбею сипаттамасы.


Оқушылар үшін антибиотиктерді, антисептиктерді және дезинфекциялау құралдарын қолдануды сипаттауды талап ететін тапсырмалар қиын болды.

Ұсыныстар

Оқушылармен жұмыс жасау барысында:

- антибиотиктерді, антисептиктерді және дезинфекциялау құралдарын қолдану айырмашылығына;
- адамның және әртүрлі ағзалардың асқорыту жүйесіне;
- биологиялық молекулалар және олардың ферменттермен әрекеттесуіне назар аудару керек.

Оқушылардың мониторинг нәтижелері бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша ағымдағы бағалау нәтижелерімен салыстырылды диаграмманы қараныз.



4- және 8-сыныптардың нәтижелерін салыстыру

Жүргізілген талдау нәтижелері ағымдағы бағалау мен мониторинг көрсеткіштері арасындағы айтарлықтай алшақтықты көрсетті. 4-сыныпта ең үлкен алшақтық Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы «Ақсай қаласының №5 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де байқалса, Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының «№1 Марқакөл орта мектебі» КММ-де ең аз алшақтық анықталғанын атап өткен жөн. Нәтижелерді талдау көрсеткендей, 8-сыныпта ең үлкен айырмашылық Түркістан облысы, Отырар ауданының «Ө. Жәнібеков атындағы

№4 жалпы орта лицей-интернаты» КММ-де тіркелген, ал Қостанай облысы, Сарыкөл ауданының «№1 Урицкий орта мектебі» КММ-де ең аз айырмашылық байқалады.

Бастауыш және негізгі мектептердің арасындағы ең аз айырмашылық Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының «№1 Марқакөл орта мектебі» КММ-де байқалды. Ең үлкен алшақтық Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласының «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» КММ-де тіркелгенін атап өткен жөн.

Мектептердің рейтингі: 4- және 8-сынып көрсеткіштерін салыстыру

Мектеп	4-сынып			8-сынып			Орын өзгерту
	мониторинг	ТЖБ	орын	мониторинг	ТЖБ	орын	
Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі» (ресурстық орталығы) КММ	70,8	82,5	1	53,2	75,9	5	-4
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласының «Жарасқан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі» КММ	67,7	74,9	2	43,2	65,8	14	-12
Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының «№1 Марқакөл ОМ» КММ	67,6	70,6	3	59,9	62,7	2	1
Қостанай облысы, Сарыкөл ауданының «№1 Урицкий орта мектебі» КММ	64,9	76,8	4	62	66,8	1	3
Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудакент ауылының «Балтабай Адамбаев атындағы тірек орта мектебі (ресурстық орталығы)» КММ	62,7	77,8	5	50,9	74,5	7	-2
Алматы облысы, Жамбыл ауданының «Мектеп жанындағы интернаты бар Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектебі» КММ	61,9	69,4	6	53,4	65,4	4	2
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданының «Күйкен жалпы білім беретін мектебі» КММ	61,1	73,7	7	47,7	70,4	10	-3
Ақтөбе облысы, Алға ауданының «Бестатақ орта мектебі» КММ	60,4	74,5	8	43,8	62,5	13	-5
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданының «№1 тірек мектебі» КММ	58,8	78,2	9	51,5	73,3	6	3
Павлодар облысы, Ертіс ауданының «№4 Ертіс жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	54,6	61,7	10	45,6	58,1	12	-2
Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданының «Мектеп жанындағы интернаты бар №2 Кішкенекөл орта мектебі» КММ	53,7	73,4	11	47,9	61,6	9	2
Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл ауылының «Досов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ	49,9	77,5	12	55	67,4	3	9
Түркістан облысы Отырар ауданының «О. Жәнібеков атындағы № 4 жалпы орта лицей-интернаты» КММ	49,2	76,4	13	39,1	71,7	17	-4
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сафон ауылының «Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектебі» КММ	47,3	74,8	14	42,5	63,5	15	-1
Жетісу облысы, Ақсу ауданының «Мектеп жанындағы интернаты бар Есмұрат Сиқымов атындағы орта мектебі» КММ	45,1	73,9	15	39,8	67,5	16	-1
Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласының «Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ	44,8	72,9	16	45,4	72,3	11	5
Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданының «Ақсай қаласының №5 жалпы білім беретін мектебі» КММ	41,1	73,7	17	49,2	62,7	8	9

7

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«Оқыту, тәрбиелеу, жақсы көру: Қазақстандағы Балалар жылы» атты XIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Қазақстанның орта біліміндегі өзгерістердің жетекші қозғалтқышы болып саналады. 2008 жылдан бастап ДББҰ Қазақстандағы бүкіл білім беру жүйесіне арналған мұғалімдерді даярлау үшін инновациялық білім беру бағдарламаларын, бағалау жүйесі мен білім беру ресурстарын әзірледі.

«НЗМ» ДББҰ ұйымдастырған халықаралық ғылыми-практикалық конференция Қазақстан мен жалпы Орталық Азиядағы орта білім берудің болашағына мүдделі реформаторлар үшін маңызды оқиға болды. Конференция білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылау және шешу үшін көшбасшылардың, ойшылдардың, саясаткерлер мен практиктердің жаһандық аудиториясын бір ортаға жинайды.



2022 жылғы 21-22 қазанда әлемнің түкпір-түкпірінен білім беру саласының танымал өкілдерін біріктірген «Оқыту, тәрбиелеу, жақсы көру: Қазақстандағы Балалар жылы» тақырыбында XIII халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Конференция бағдарламасына сәйкес басты спикерлердің дәрістері, шеберлік сабақтары, симпозиум және дөңгелек үстел форматындағы тәжірибе алмасулар, Ignite Talks, плакаттар көрмесі, сондай-ақ Канада, Сингапур, Ұлыбритания және Нидерланд елдерінен тікелей жасалған эфирлер өткізілді.

Қазақстандық 1 300-ден астам мұғалімдер мен ғалымдар, сондай-ақ Финляндия, Ұлыбритания, Корея, Эстония, Ресей, Сингапур, Нидерланд, Канада, Жаңа Зеландия, Португалия және басқа елдерден келген белгілі педагогтер ақпараттық қоғамдағы функционалдық сауаттылық, жас мұғалімнің кәсіби дамуы, қалыптастырушы бағалаудағы инновациялар, достыққа негізделген мектеп ортасын құру, инклюзивті және дербестендірілген оқыту, цифрлық мұғалімнің миссиясы және т.б. тақырыптар бойынша пікір таластырып, тәжірибе-лерімен бөлісті.

Конференцияның басты спикерлері:

- **Саймон Браунхилл**, Бристоль университетінің профессоры (Ұлыбритания);
- **Ирам Сираж**, балаларды дамыту және білім беру профессоры, Оксфорд университеті (Ұлыбритания)
- **Рия Палмквист**, фин ұлттық білім агенттігінің білім беру жөніндегі кеңесшісі (Финляндия);
- **Лусия-Лима Родригеш**, Сетубал политехникалық институтының білім беру факультетінің аға оқытушысы, Лусофон университетінің арнайы білім беру кафедрасы директорының орынбасары (Португалия);
- **Ива Бонева**, инклюзивті білім беру орталығының негізін қалаушы және бас директоры, София университетінің профессоры (Болгария);
- **Нейтон Уоллис**, нейроғылым педагог-психологы (Жаңа Зеландия);
- **Питер Мехисто**, көптілді оқу бойынша сарапшы (Эстония);
- **Фил Болл**, пәндік-тілдік интеграцияланған оқудың жаттықтырушысы және авторы (Испания);
- **Дебора Макнамара**, Ньюфельдинститутының профессоры, «Ойын, тыныштық, даму» кітабының авторы (Канада);
- **Трейси Галлахер, Анджела Проджер**, PenGreen Center балалар мен отбасы орталығы (Ұлыбритания).

XIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

Оқыту, тәрбиелеу, жақсы көру: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

Нұр-Сұлтан
21–22 қазан

20-дан астам мемлекет қатысушылары

Конференция тілдері: қазақ, орыс, ағылшын (синхронды аударма)

- атақты спикерлердің лекциялары
- сарапшылар сессиялары
- мастер-класстар
- симпозиумдар
- дөңгелек үстелдер
- Ignite talks
- постер көрмесі
- практик мұғалімдермен тәжірибе алмасу
- Қазақстан аймақтарынан тікелей қосылу

Қатысу тегін!
Толық ақпаратты <https://conf.nis.edu.kz> сайтында таба аласыз

Мобильді қосымшаны қолданып тіркеле аласыз

Басты спикерлер:

	Кулаш Шәмшидинова Басқарма тарайымы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ		Тошия Чичибу Білім беру саласындағы зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Жапония
	Дэвид Марш Ювяскюля университетінің EduCluster Finland тобының инновация және сыртқы байланыс директоры, Финляндия		Сари Суикунен Ювяскюля университетінің профессоры, Финляндия
	Ирам Сираж Бала дамуы мен білім беру профессоры, Оксфорд университеті, Ұлыбритания		Шорик Кранс Cito математика тестін әзірлеушісі, Нидерланд
	Дейл Джонсон Аризона Университетінің инновация директоры, АҚШ		Саймон Браунхилл Бристоль университетінің профессоры, Ұлыбритания
	Нейтон Уоллис Нейроғылым саласындағы педагог-психолог, Жаңа Зеландия		Кэти Ригг CIS Оқушылардың қауіпсіздігі және ап-аудаты бөлімінің басқарушысы, АҚШ
	Дейв Редеккоп Life-Role Development Group LTD президенті, Канада		Стефани Дикоинс PhD, Ecological Approaches to Social Emotional Learning Laboratory (EASEL) ғылыми-зерттеу зертханасының басқарушысы, Гарвард университеті, АҚШ
	Арнольд Дж. Брауэр PhD, RSES (сараптама және сертификация бойынша зерттеу орталығы) аккредитация агенттігінің директоры, Нидерланд		Розмари Таннер Тренер және пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту бойынша кітап авторы, Нидерланд

Сарапшылардың толық тізімі – <https://conf.nis.edu.kz> сайтында

conf.nis.edu.kz сайты, conference@nis.edu.kz электронды поштасы немесе +7-7172-235700 (ішкі нөмір 1177) арқылы бізбен хабарласа аласыз.

«Болашақтағы жетістіктер мектепке дейінгі білім беруден бастау алады» – осындай ұранмен мектепке дейінгі білім беру саласындағы халықаралық және қазақстандық сарапшылар шеберлік сабақтарын өткізді, тәжірибелерімен бөлісті, барлық сұрақтарға жауап берді. Секциялық отырыс аясында Ұлыбританияның Бристоль университетінің профессоры Саймон Браунхилл шеберлік сабақтарын өткізді. Ол 90 минут ішінде білім беру ұйымдарына, балабақшаларға, мектептерге, ер мұғалімдер қауымына мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру саласына ер адамдарды тарту, оларды ұстап қалу және кәсіби біліктілігін арттыру мәселелерін шешудегі арнайы стратегияларды ұсынды.

Шетелдік спикерлермен қатар мектепке дейінгі білім берудің отандық сарапшылары, ОУНА балалық шақ институтының қызметкерлері өз баяндамаларында елдегі мектепке дейінгі білім беру сапасы бойынша алғашқы ұлттық зерттеу нәтижелерімен бөлісті, сондай-ақ негізгі проблемаларды атап өтті.

БББО пән мамандары «Сөзден іске көшу» секциялық отырысы аясында «Оқу сауаттылығын дамыту: цифрлық мәтіндермен жұмыс стратегиясы» тақырыбында шеберлік сабағын өткізді, «Бастауыш сыныптарына

оқытуда Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерін пайдалану» тақырыбында баяндамалар жасады, зертханалық және тәжірибелік жұмыстар арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту, өнер түрлері арқылы оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту бойынша шеберлік сабағын өткізді.

Халықаралық конференция аясында қазақ және балалар әдебиетін дәріптеу мақсатында белгілі отандық балалар әдебиетінің жазушылары мен суретшілері Сауран Қастеев, Әсел Имай, Алтай Асқар, Мейіржан Зылқыбай, Серікбол Хасан, Саят Қамшыгер, Рүстем Сауытбай, Ольга Гумирова, Қымбат Қараева, Зауре Төрехан өз туындыларын қолтаңба сессиясында ұсынды. Белгілі ақын, Жазушылар Одағының мүшесі Саят Қамшыгер Зияткерлік мектептерінің бір алаңға оқырман, жазушы және баспагер жинаған бұл бастамасының қазақ әдебиеті мен жалпы руханиятына үлкен үлес қосатынын атап өтті. Қолтаңба сессиясы барысында балаларды әдебиет пен өнерге баулу, қазіргі жасөспірімдердің жанрлық сұраныстары және оқу мәдениеті сияқты тақырыптар талқыланды.

ПШО жаттықтырушылары 4 секция өткізді: «Балабақшадағы маңызды зерттеулер», «Баланы сабақта оқу үдерісін қалай байқауға болады», «Жас мұғалім: бірге қиындықты жеңеміз», «Мектеп командаларындағы педагогтардың кәсіби дамуы». Осы отырыстар аясында мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері өз зерттеулерін жүргізу тәжірибесімен және нәтижелерімен бөлісті.





ТМД елдерінің мұғалімдері мен білім беру қызметкерлерінің VII съезі

2022 жылғы 4-6 қазан аралығында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастығының мемлекетаралық қорының

қолдауымен Назарбаев Университетінің базасында «Жаңа нақты жағдайда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру және пандемиядан кейінгі кезеңдегі білім беру үдерісінің трансформациясы» тақырыбында мұғалімдер мен білім беру қызметкерлерінің VII съезі өтті.

Мұғалімдер съезі ТМД білім министрлері конференциясының шешімі бойынша (2008 жылғы 23 қазан, Астана қаласы) екі жылда бір рет өткізіледі. I съезд Қазақстанда 2010 жылы өтті, содан кейін съездер кезекпен Армения, Беларусь, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстанда өткізілді.

ТМД білім беру саласындағы ынтымақтастық кеңесі Қазақстан Республикасында VII съезді (2022 жыл) және Армения Республикасында VIII съезді (2024 жыл) өткізу туралы шешім қабылдады. Астана қаласындағы съездің үйлестірушісі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы болды.

Съезд бағдарламасына түрлі бағыттар бойынша 9 тақырыптық секция енгізілді: білім беру мазмұны, бағалау, жалпыадамзаттық құндылықтар, мұғалімдерді дамыту, қосымша білім беру, цифрлық трансформация, балалардың әл-ауқаты, инклюзивтілік және кәсіптік-техникалық білім беру. Цифрландыру дәуіріндегі оқу сауаттылығына және ата-аналармен өзара іс-қимылға арналған диалог алаңдары ұйымдастырылды.

БББО қызметкерлері заманауи білім беруді жаңғырту мәселелері талқыланған «Болашаққа бағдарланған білім: оқу мазмұны және педагогика» секциясына қатысты. Тәжірибе алмасу мақсатында «Зерттеуге негізделген оқу: ізденімпаздықтан зерттеу дағдыларына» тақырыбында шеберлік сағаттары өткізілді. Секция қатысушылары өздерін оқушы-зерттеуші ретінде көрсетіп, тәжірибелерге қатысты, сондай-ақ практикалық жұмыстарға қатысу арқылы бастауыш мектепте жаратылыстану сабақтарын зерттеу тәсілінің негізінде өткізу зерттеу дағдыларын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс істеуге, баланың табиғатынан ізденімпаз болуына және негізгі мектепте жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік беретініне көз жеткізді.

Съезд аясында педагогикалық шеберліктің II фестивалі өткізілді, оның күндізгі кезеңіне байқау сабақтарының финалистері, ТМД елдерінің педагогтері келді. Мұғалімдерге арналған шеберлік сабақтары үш номинация бойынша өткізілді: мұғалім, тәрбиеші және психолог/әлеуметтік педагог.

Қазақстандық тәжірибені көрсету үшін шетелдік делегациялар Астанадағы Назарбаев Зияткерлік мектептері, «Білім-инновация» мектеп-интернаты, NURORDA мектеп-лицейі, Binom School, Назарбаев Университеті, Quantum STEM Schools және «Алтын-Сара» балабақшасы сияқты білім

беру ұйымдарына барып қайтты. Елордалық мұғалімдерге педагогикадағы эксклюзивті, ерекше тәжірибе мен инновациялық тәсілдерді қамтитын білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік берілді.

Съезд барысында мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы цифрлық өнімдер, баспа өнімдері және съезд қатысушыларына арналған оқу-әдістемелік кешендерінің көрмесі өтті. Қазақстандық бизнесмендер, стартаперлер цифрлық дәуірде оқу мен оқытуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін өнімдерді таныстырды.



«Қоғамды қолдау және сапалы білім беру сабағын зерттеу» атты WALS-2022 халықаралық конференциясына қатысу



Дүниежүзілік сабақты зерттеу қауымдастығы (WALS) оқу сапасын арттыру мақсатында сабақты түсіндіруге арналған зерттеулер мен тәжірибені жақсартуды, дамытуды

көздейді.

Қауымдастық өз мүшелері арасында зерттеу, өзара көмек және ақпарат алмасу саласындағы ынтымақтастық платформа-

сын ұсынады. Оның құрамына білім беру саласындағы зерттеушілер мен оқу сапасын жақсартуға ұмтылатын білім саласындағы мамандар кіреді.

2022 жылы «НЗМ» ДББҰ ПШО WALS-қа мүшелігін жалғастырды. Қауымдастықтың сараптамалық кеңесінің мүшелерімен тұрақты байланыс орнатылды, қауымдастықтың ағымдағы мәселелерін талқылау бойынша қашықтықтан жұмыс және онлайн-кездесулер белсенді өткізілуде. ПШО WALS атқарушы комитетінің сайлауына, Қауымдастықтың жаңа саясатын страте-

гиялық жоспарлауға және Сараптамалық кеңестің қызметіндегі рөлін анықтауға қатысты.

Қауымдастықтың мүшесі ретінде ПШО Қазақстанда WALIS-2024 халықаралық конференциясын өткізуге өтінім жіберді. WALIS атқару комитетіне жазбаша өтінім жіберілгеннен кейін ПШО-ның бетпе-бет таныстырылымы Куала-Лумпурдағы Халықаралық конференция шеңберінде атқару комитетінің отырысында өткізілді, одан соң Дүниежүзілік қауымдастық мүшелерінің жыл сайынғы жиналысында және конференциядан кейін Сараптамалық кеңестің 2-отырысында ұсынылды.

25 ел өкілдерінен тұратын WALIS сараптамалық кеңесі «НЗМ» ДББҰ базасында Астана қаласында WALIS-2024 халықаралық конференциясын өткізу туралы ұсынысты қарастырып, дауыс берді және ресми түрде шешім қабылдады.

2022 жылғы 20-22 қыркүйек аралығында Куала-Лумпур қаласында (Малайзия) «НЗМ» ДББҰ делегациясы «Қоғамды қолдау және сапалы білім беруді қамтамасыз ету сабағын зерттеу» атты жыл сайынғы WALIS-2022 конференциясына қатысты.

«НЗМ» ДББҰ ПШО 20 зерттеу таныстырды, оның 16-сын конференцияның ұйымдастыру комитеті мақұлдады.

WALIS президенті Кэтрин Льюис, Миллс колледжінің (АҚШ) құрметті ғылыми қызметкері және WALIS вице-президенті, Кембридж университеті (Ұлыбритания) Білім беру факультетінің профессоры Питер Дадли қонақта болған симпозиумда ПШО «Білім беру ұйымдарындағы мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесінің тұрақты өзгеруін қамтамасыз ететін жағдайлар. ПШО-ның бұл үдерістері рөлі» атты зерттеуін ұсынды.



Ең ауқымды домбыра сабағы



Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде оқу жылы маңызды әрі көптен күткен оқиғамен - Гиннестің рекордтар кітабына енгізілен «Ең ауқымды домбыра сабағымен» аяқталды. 2022 жылдың 24 мамырында бір уақытта 984 оқушы қазақ халқының басты музыкалық аспабында ойнаған.

Гиннестің рекордтар кітабының талаптары бойынша ауқымды сабақты 25-тен астам тәуелсіз стюардтар мен екі куәгер бақылаған. Әрбір 50 қатысушыдан құралған белгілі бір топты бақылау үшін бір тәуелсіз стюард тағайындалды. Куәгерлер GWR-дің сенімді адамдарының арасынан таңдалып алынды, олар рекордты орнатудың және кітаптың барлық критерийлерінің абсолютті сақталуын қадағалады.

Guinness World Records талаптарына сәйкес, ауқымды сабақ басталар алдында барлық қатысушы екі тармақта тіркелді: біріншісінде өз бейждерін сканерлеп, «Кандидат-маркер» бағдарламасы арқылы тіркелді, екіншісінде кезекші қатысушылардың механикалық есебін жүргізді.

Ең ауқымды домбыра сабағын қосымша білім беру мұғалімі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Айтжан Тоқтаған жүргізді. Мыңға жуық оқушы әйгілі «Сарыарқа», «Балбырауын», «Еркем-ай», «Кеңес», «Жастар биі» күйлерін орындады.

2016 жылдан бастап елордалық физика-математика бағытындағы НЗМ-де домбырадан элективті курстар енгізілген. Көптеген Республикалық және Халықаралық музыкалық байқаулардың жеңімпазы, итальяндық «Sun of Italy» фестиваль-байқауының Гран-при иегері атанған мектепшілік «Жігер» ансамблі Гарвард және Бостон университеттерінің, Массачусетс технологиялық институты секілді АҚШ-тың әйгілі жоғары оқу орындарының сахналарында өнер көрсеткен.

Қазақ халқының басты ұлттық аспабы болып саналатын домбыра – Назарбаев Зияткерлік мектептерінің де символы. Бүгінгі таңда барлық НЗМ-де элективті домбыра курстары енгізілді, оның аясында атақты күйшілер Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Нұрғиса Тілендиевтің әйгілі күйлерінің тарихы міндетті түрде оқытылады, ең танымал жобалардың қатарында «100 күйдің тарихы» жобасын атап өтуге болады. Барлық мектепте домбыра ансамбльдері мен студиялары жұмыс істейді, дом-

быра сабағы математика, физика, шетел тілі сабақтарымен ұштастырылуда, жас музыканттар «Ұлы дала мұрагерлері» дәстүрлі флешмобында жыл сайын елді сүйсіндіруде. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді дәріптеуге бағытталған НЗМ-нің ауқымды бағдарламасы аясында домбыра мен ұлттық музыкаға қызығушылықты арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.



Халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне сертификаттар тапсыру



2022 жылғы 26 тамызда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Зияткерлік мектептің Халықаралық олимпиадалардың жүлдегері атанған оқушыларына төменде көрсетілген айлық есептік көрсеткішіне (бұдан әрі - АЕК) тең мөлшерде мемлекеттің атынан ақшалай сыйлықтарға сертификаттар табыс етті:

- I дәрежелі диплом және алтын медаль үшін - 1 500 АЕК;
- II дәрежелі диплом және күміс медаль үшін - 1 000 АЕК;
- III дәрежелі диплом және қола медаль үшін - 500 АЕК.


Ұлттық құраманың қоржынында 3 алтын, 15 күміс және 9 қола медаль бар.


Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дарынды балаларды қолдауға ерекше көңіл бөлуде. 2022 жылы пәндік халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарына біржолғы ақшалай сомаларды төлеу туралы ережелерді қамтитын заңға қол қойды.

Мемлекеттік ақшалай сыйлықтарға ие болған Зияткерлік мектептердің оқушылары:

- Сатубалдин Таир (Алматы қ. ФМБ НЗМ);
- Жумагалиев Әлихан (Алматы қ. ФМБ НЗМ);
- Пітебай Ерсұлтан (Алматы қ. ФМБ НЗМ);
- Нұрланова Альмира (Павлодар қ. ХББ НЗМ);
- Хамитов Санжар (Ақтөбе қ. ФМБ НЗМ);
- Давлетова Аида (Астана қ. НЗМ);
- Тазабек Еркебұлан (Шымкент қ. ХББ НЗМ);

- Бисенали Санжар (Астана қ. ФМБ НЗМ);
- Сахмолдин Мухаммадариф (Семей қ. ФМБ НЗМ).





ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру парадигмасы уақыт талаптарына сәйкес өзгеруде. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, қазақстандықтардың мемлекеттік тілі мен лингвистикалық капиталын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу және тиімді іске асыру білім беру жүйесінің негізгі міндеттері болып саналады.

Сонымен қатар Қазақстан халқының сауаттылығы мен құзыреттілігін арттыру бойынша жүйелі жұмысты нығайту қажет, өйткені PISA, PIAC халықаралық зерттеулерінің нәтижелері еліміздің әлемнің көптеген елдерінен едәуір артта қалғаны туралы айғақтар келтіреді.

Қала мен ауыл арасындағы алшақтықты азайту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және ЭЫДҰ елдерінің үздік тәжірибелеріне жақындау үшін білім беру жүйесін дамыту арқылы негізгі мәселелерді шешуге бағытталуы қажет.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ағымдағы даму деңгейі мен қолда бар мүмкіндіктерге қарай өз күш-жігерін аса маңызды міндеттерді шешуге бағыттайтын болады.

ҚОСЫМШАЛАР

*Ауылдық 17 мектептің 4- және 8-сынып оқушыларының
оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу және
оны ұйымдастыру бойынша нұсқаулық
1-қосымша*

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымының
«Педагогикалық өлшемдер орталығы» филиалы

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ
ЖӘНЕ ОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

Астана
2022 жыл

Жалпы ережелер

1. Осы нұсқаулық 4- және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг (бұдан әрі - Мониторинг) ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Мониторинг жүргізу үшін тапсырмаларды «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшемдер орталығы» (бұдан әрі - Орталық) филиалының пән мамандары дайындады және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының зияткерлік меншігі болып саналады. Сондықтан Мониторинг материалдарын жүктеуге, көшіруге және таратуға тыйым салынады.

3. Мониторинг жүргізу мерзімдері мен кестесін Орталық айқындайды. Мониторинг компьютер форматында жүргізіледі.

4. Осы нұсқаулық мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының (бұдан әрі - Мектеп үйлестірушісі) функциясын айқындайды және оқушылардың компьютерлік тестілеу жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты (бұдан әрі - Нұсқаулық) қамтиды.

Мектеп үйлестірушісінің функциялары

1. Мектеп үйлестірушісі Мониторингті ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты болып саналады, Мониторингті ұйымдас-

тыруға тартылған тұлғалардың, сондай-ақ оқушылардың Мониторинг жүргізу тәртібі мен мерзімдері туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді.

2. Мектеп үйлестірушісі барлық оқушының компьютермен немесе Интернет желісі қолжетімді ноутбукпен қамтамасыз етілгеніне көз жеткізуі керек.

3. Мектеп үйлестірушісі барлық қатысушы тұлғаларға (кураторлар, мұғалімдер және т.б.) нұсқаулық, Мониторинг кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау қажеттілігі туралы оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, яғни оқушыларға анықтамалық әдебиеттерді, Интернетті, электрондық ақпарат тасымалдағыштарды (ұялы телефондар, планшеттер және т.б.), сондай-ақ үшінші тұлғалардың көмегін пайдалануға тыйым салынғанын түсіндіреді.

4. Мектеп үйлестірушісі оқушылардың Нұсқаулықпен танысқанына көз жеткізеді.

5. Мектеп үйлестірушісі оқушылардың компьютерлік тестілеу жүйесіне кіру үшін логин мен парольді дер кезінде алуын қамтамасыз етеді.

6. Мектеп үйлестірушісі мүмкіндігінше Мониторингке оқушылардың 100% қатысуын қамтамасыз етеді. Егер оқушы Мониторингке қатыса алмаса, Орталықты хабардар етеді.

Мониторинг пәндерінің тізімі**1. 4-сынып оқушылары үшін**

Пәндер	Тапсырмалар саны	Ұзақтығы
Математика	20 тапсырма	40 минут
Жаратылыстану, Дүниетану	20 тапсырма	40 минут
Қазақ тілі (Т1) Орыс тілі (Т1)	20 тапсырма	40 минут
Барлығы	60 тапсырма	2 сағат

2. 8-сынып оқушылары үшін

Пәндер	Тапсырмалар саны	Ұзақтығы
Математика (алгебра, геометрия)	20 тапсырма	40 минут
Қазақ тілі (Т1) / Орыс тілі (Т1)	20 тапсырма	40 минут
Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	20 тапсырма	40 минут
Ағылшын тілі	20 тапсырма	40 минут
Биология	20 тапсырма	40 минут
Физика	20 тапсырма	40 минут
Химия	20 тапсырма	40 минут
Барлығы	140 тапсырма	4 сағат 40 минут

Компьютерлік тестілеу жүйесін пайдалану бойынша оқушыларға арналған нұсқаулық

1. Мониторинг кезінде анықтамалық әдебиеттер, Интернет, электрондық ақпарат тасымалдағыштар, соның ішінде ұялы телефондар, планшеттер сияқты және т.б. кез келген үшінші тарап материалдарын, сондай-ақ үшінші тұлғалардың көмегін пайдалануға тыйым салынады. Жазбалар үшін қарындаш немесе қалам және қағаз дайындап алу ұсынылады.

2. Мониторингтің барлық тапсырмасына жауап беруіңіз керек. Барлық пән бойынша тесттер 20 тапсырмадан тұрады, орындауға берілетін ұзақтығы 40 минутты құрайды.

3. Компьютерлік тестілеу жүйесіне қосылу үшін <http://external.cpi-nis.kz/> сілтемесіне өтіңіз.

4. Сізге берілген логин мен парольді енгізіңіз.

Connect to the TAO platform

Login

Password

[Log in](#)

[Guest access](#)

5. Тестті бастау үшін **Start** батырмасын басыңыз.

Delivery of QTI Example Test

[▶ Start](#)

Жылжыту және прогресті бақылау

▶ Next	Келесі тапсырмаға немесе бөлімге өту үшін Next батырмасын басыңыз.
↗ Skip	Тапсырманы өткізіп жіберу үшін Skip батырмасын басыңыз, алайда сіз алдыңғы тапсырмаға оралу мүмкіндігіңіз болмайтынын ескеріңіз.
QTI Example Test - 1/9 - Section 1	Тест атауынан кейін берілген тапсырмалардың жалпы санына назар аударыңыз (мысалы, 1/9, 2/9 және т.б.).
QTI Example Test 02:09:55	Әр тестті жеке тапсыруға бөлінген уақыт таймері.
⏮ End test	Тестті аяқтау үшін End test батырмасын басыңыз, тестке қайта оралу мүмкіндігіңіз болмайтынын ескеріңіз. Бұл батырма тест соңында қолжетімді болады.
↗ Skip and end test	Тапсырманы өткізіп жіберу және тестке қайта оралу мүмкіндігіңізсіз тестті аяқтау үшін Skip and end test test батырмасын басыңыз.

*Ауылдық 17 мектептің 4- және 8-сынып оқушыларының
оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу және
оны ұйымдастыру туралы есепке
3-қосымша*

Жеке егжей-тегжейлі есеп үлгісі

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы					
«Ауылдық мекендердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында өткізілген 4-сынып оқушыларының оқу жетістіктерінің мониторингі нәтижелері бойынша детальды жеке есеп					
Оқушының аты-жөні					 Педагогикалық өлшеулер орталығы NIS Назарбаев Зияткерлік мектептері
Сынып	4				
Мектеп					
Пәні	Математика	Оқыту тілі	Қазақ		
Тест тапсырмаларының саны	20	Орындалмаған тапсырмалар саны	0		
Мониторингке қатысқан сынып оқушыларының саны	17	Сыныптағы позициясы	7		
Мониторингке қатысқан параллельдегі оқушылар саны	36	Параллельдегі позициясы	16		
№	Бөлім	Тақырып	Бағалау критерийі	Тексерілетін дағдылар	Жауаптың статусы
1	Көптаңбалы сандар және оларға амалдар қолдану	Натурал сандар және 0 саны	Жүз миллион көлеміндегі көптаңбалы сандарды оқиды, жазады және салыстырады.	А. Білу және түсіну	Дұрыс
2	Көптаңбалы сандар және оларға амалдар қолдану	Тізбектер	Жай бөлшектерден тұратын тізбектегі заңдылықты анықтайды.	А. Білу және түсіну	Дұрыс
3	Көбейту және бөлу	Жиындар және оларға амалдар қолдану	Жиындар арасындағы қатынастардың сипатын анықтайды.	А. Білу және түсіну	Дұрыс емес
4	Көптаңбалы сандар және оларға амалдар қолдану	Натурал сандар және 0 саны	Көптаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын анықтайды.	А. Білу және түсіну	Дұрыс
5	Көптаңбалы сандар және оларға амалдар қолдану	Сандарға амалдар қолдану	Үштаңбалы сандарды қосу және азайту кезінде тиімді әдісті таңдайды.	В. Қолдану	Дұрыс
6	Көбейту және бөлу	Сандарға амалдар қолдану	Біртаңбалы санға қалдықпен бөледі орындайды.	В. Қолдану	Дұрыс
7	Көбейту және бөлу	Сандарға амалдар қолдану	6, 7, 8, 9 сандарына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдануды біледі.	В. Қолдану	Дұрыс
8	Көптаңбалы сандар және оларға амалдар қолдану	Шамалар және олардың өлшем бірліктері	Ұзындықтың өлшем бірліктерін (мм, см, дм, м, км) олардың арасындағы қатынас негізінде түрлендіреді.	В. Қолдану	Дұрыс
9	Көптаңбалы сандар және оларға амалдар қолдану	Сандарға амалдар қолдану	Көптаңбалы сандарды біртаңбалы санға көбейтеді және бөледі.	В. Қолдану	Дұрыс емес
10	Көптаңбалы сандар және оларға амалдар қолдану	Шамалар және олардың өлшем бірліктері	Өртүрлі елдердің валюталарын теңгеге ауыстыра анықтайды немесе керісінше.	В. Қолдану	Дұрыс
11	Есеп шығару	Есептер және математикалық модель	Шамалар арасындағы тәуелділікті қолданады: бір заттың массасы, саны, жалпы масса / шығын, заттар саны, жалпы шығын / сн, ұзындық, аудан.	В. Қолдану	Дұрыс
12	Бөлшектер және пайыздар	Сандарға амалдар қолдану	Санның / шаманың бөлігін табады және бөлігі бойынша санды / шаманы табады.	В. Қолдану	Дұрыс
13	Есеп шығару	Тұжырымдар	Кеңістіктік ойлауды дамытуға берілген логикалық есептерді шығарады.	В. Қолдану	Дұрыс
14	Есеп шығару	Нәрселер комбинациясы	Комбинацияларға берілген есептерді іріктеу әдісімен шешеді.	В. Қолдану	Дұрыс емес
15	Бөлшектер және пайыздар	Шамалар және олардың өлшем бірліктері	Өртүрлі сағат түрімен уақытты анықтайды: сағ, мин, сек.	В. Қолдану	Дұрыс
16	Есеп шығару	Есептер және математикалық модель	Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығарады: жылдамдық, уақыт, қашықтық.	В. Қолдану	Дұрыс
17	Геометриялық фигуралар	Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	Тікбұрышты параллелепипедтің көлемін табу формуласын қолданады.	С. Жоғары деңгей дағдылары	Дұрыс емес
18	Бөлшектер және пайыздар	Шамалар және олардың өлшем бірліктері	Уақыт өлшем бірлігінің үлесін табады ($1/60$ сағ = 1 мин, $1/2$ сағ = 30 мин, $1/7$ апта = 1 күн).	С. Жоғары деңгей дағдылары	Дұрыс
19	Геометриялық фигуралар	Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	Сурет бойынша қоршаған ортадағы жазық құрама фигуралардың ауданын анықтайды.	С. Жоғары деңгей дағдылары	Дұрыс
20	Есеп шығару	Есептер және математикалық модель	Пропорционалды бөлуге берілген есептерді шығарады.	С. Жоғары деңгей дағдылары	Дұрыс
Дұрыс жауаптар саны					16
Астана, 2022					

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ҚР ОАМ	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
«НЗМ» ДББҰ	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы
БББО	Білім беру бағдарламалары орталығы
ПӨО	Педагогикалық өлшеулер орталығы
ПШО	Педагогикалық шеберлік орталығы
АТСО	Ақпараттық технологиялар мен сервис орталығы
ҰБА	Ұлттық білім академиясы
РҒПО	Республикалық ғылыми-практикалық орталық
ҚҚ	Қоғамдық қор
ББТДҚ	Білім беруді тұрақты дамыту қоры
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ББ	Білім басқармасы
Аудандық/ Қалалық БББ	Аудандық/Қалалық білім беру бөлімдері
ӘБП	әкімшілік-басқару персоналы
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ОӘК	Оқу-әдістемелік кешен
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тестілеу
АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
CEFR	Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігі, шет тілін меңгеру деңгейлерін сипаттауға арналған бүкіл әлемде танылған стандарт
PISA	Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама
WALS	Дүниежүзілік сабақты зерттеу қауымдастығы
ISSN	ISSN нөмірі сегіз таңбалы код болып табылады, ол газеттер, журналдар және мерзімді басылымдардың кез келген санатын баспа түрінде де, электронды түрде де анықтау қызметін атқарады
ЮНЕСКО	Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі мамандандырылған мекемесі
WRO	Халықаралық роботтар сайысы, 10-21 жас аралығындағы оқушыларға арналған жарыс
LEGO	әртүрлі заттарды жинауға және модельдеуге арналған бөлшектер жиынтығынан тұратын конструкторлар сериясы
ЖӘК	Жүйелі-әдістемелік кешен
Lesson Study	оқу мен оқытуды үнемі жетілдіруге бағытталған бірлескен рефлексивті мектеп практикасы
CLIL	пән мен тілді кіріктіріп оқыту

Теруге 19.04.2023 берілді. Басуға 31.05.2023 қол қойылды.
Пішімі 84х108/6. Кеңсе қағаз 80 гр/м2. Сандық басылыс.
Шартты б.т. - 25. Таралымы – 15 дана. Тапсырыс № 210.
«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.
e-mail: info@сrm.kz, тел.: +7 (7172) 23-57-49